**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 01-02.09.2022 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі 01.09.2022** | **Жұма 02.09.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>Ата-ана жиналысы | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, қуыршақтар шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастырмалы ойыншықтардықұрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Сөрелерге ойыншықтарды жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 1 Таңертеңгі жаттығулар кешені (**құралсыз).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері. «Алақанның жылуы»<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.**(сөйлеуді дамыту)**<br>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату. | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкес тесі бойыншаұйымдастырыл** | | | | | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ған**<br>**іс-әрекет** | | | | Менің қоршаған орта бағытында балаларғатоптың бөлмелерін аралату. Топтағы заттардың атауын атап, таныстыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Кітап орталығына келу, суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>- біздің балабақшаның аты қандай білесіңдер ме?<br>-тобымыздың аты ше?<br>Суреттерді көріп бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>**Музыка**<br>«Бақшаға барамын» Музыка тыңдау:<br>«Сәби қуанышы» (Е.Құсаинов) ән айту: «Бақшаға барамын» (музыкасын жазған Ө.Байділдаев сөзі Қ.Сулейменов)<br>Музыкалық ырғақты қимылдар «Достастық»<br>Балабақшадағы көріністер, суреттер.<br>«Көңілді, көңілсіз сылдырмақтар»<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, музыка)** | _Балаларға топтағы өздеріне ұнайтын ойыншықтармен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б<br>Балаларға топтағы өздеріне ұнайтын ойыншықтармен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы туралы сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Ойыншықтарды топтастыру, санау және олардың біреуін бөліп көрсету. Түсіне және пішініне қарай бөлу.<br>**(Математика негіздері)**<br>Құрастыру заттарынан ойыншықтарға кереует немесе таңдауы бойынша орындықтар құрастыру<br>**(Құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | | | | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру.Күннің кешке | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігіне назар аударуды үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | төмендеу | білу, аспанның бұлтты немесе бұлтсыз болуын бақылау; бұлттың қозғалысын бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе ыдырап кететінін атап өтуге болады.<br>Жұмбақ. **(көркем әдебиет)**<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын табуға машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар ұшады, найзағай ойнайды).<br>**"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеруі тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | | | | Балаларға балабақшаға келетін жолдарды көрсетіп жолдың суретін салуды үйрету**(Сурет салу)**<br>Ермексаздан топтағы үлкен доптың мүсінін жасауды үйрету.<br>**(Мүсіндеу)**<br>Фланелеграф -жабысатын тақта бетінде.ұсынылған үлгі ойыншық жанына ұқсас ойыншықтарды тауып жапсыруды үйрету<br>.Салыстыру қабылетін дамыту<br>**(Жапсыру** | Топқа есігін қағылып қонаққа қоян келеді. Қолында әсем шарлары бар. Балаларға таратып сыйға бергізіп,бізде қоянға сыйлық берейікдеп балалардың қалаулары бойынша шардың суретін салып, ермексаздан шар жасап, немесе дайын кіші тақтайашаларға шарларды жапсырып сыйға беруді ұйымдастыру. Жеке жұмыс орындау қабылетін дамыту<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | Бір-бірден, шеңберге қайта тұруды, саптағы өз орнын | Шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндай білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | табуды үйрету.<br>Абайқызы Ләйлім | талпындыру<br>Асхатұлы Нұрали |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>***Көркем сөз***<br>Микробтар қаскүнем,Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына  көмектесуді тәрбиелеу<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | | | | Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат жүргізу | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру |

**Тексерген әдіскер: Г Токтагулова**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай балабақшасы»»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 05-09.09.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі<br>5.09.2022 | Сейсенбі<br>6.09.2022 | Сәрсенбі<br>7.09.2022 | Бейсенбі<br>08.09.2022 | Жұма<br>09.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру)<br>**Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 1Таңертеңгі жаттығулар кешені (**құралмен).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз Балалардыңқандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Ойыншық қайданкеледі?» тақырыбында әңгімелесі негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | | | | | |

| **Білімберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі педагог жоспары бойынша** | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** | | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель қуыршақты таныстыру. Ол өзіменертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту **(сөйлеуді дамыту)** Жанельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **(Сурет салу) (Мүсіндеу)** | Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабілеттерін дамыту **(сөйлеуді дамыту) (Қоршаған ортамен таныстыру) (математика негіздері)** | Топқа әже қонаққа келеді. Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адамтуралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру**.** **(сөйлеуді дамыту)** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып қуану сезіміне бөленуіне жағдай жасау **(көркем әдебиет)** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабілеттерін дамыту **(математика негіздері)** | Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын сұрау арқылы олардың бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап,ойларындамыту . Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.** **(сөйлеуді дамыту)** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)** | Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.**(сөйлеуді дамыту)** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру **(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Ар жағында орманның,<br>Ар жағында таулардың,<br>Алтын кеспек домалар.<br>(Күн.)<br>- Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.)<br>- Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.)<br>- Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.)<br>- Балалар, сендер күннің ыстық екенін қайдан білдіңдер? Өйткені біз күзгі киімдерді киіп жүрміз.<br>Күндіз күн жоғарыда | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап беруге баулу; еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендер жұмыс істей білесіңдер ме?<br>- Ендеше, балалар, бүгін ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>- Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды сыпырып жинаған. Қыста қар күрейді.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту.<br>Желдің әлсіз және күшті жақтарын ажырата білуді үйрету; желдің күшін қандай белгілері бойынша анықтау қажет екенін түсіндіре білу: ағаш қозғалса желдің күші қатты болғаны, шөп тербелсе желдің күші әлсіз болғаны. Күзгі желді қысқы желмен салыстыра алуды үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қонады.<br>(Жел.)<br>Тақпақ.<br>Желдет, желдет!<br>Баласын жылат,<br>Жетіқара, дауылдат! | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Жеміс, көгөніс, жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br>Құралдар: өсімдіктер салынған карточка-суреттері.<br>**"Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **Иттерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бүршіктер мен жапырақтарды жинау).<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: “Қоймадағы тышқандар”. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың саламатты өмір салтына, ойынға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрғандықтан, күн ыстық болады. Ал таңертең және кешке күн салқын болады. **"Жұбыңды тап" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар тізіліп тұрады. Педагог әр балаға бір таңбалауыш (фишка) суреттен таратып береді. Педагогтің белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша бірдей түсті таңбалауыштары (фишкалары) бар балалар жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті таңбалауыш (фишка). Әрбір таңбалауыштың жұбы бар. Түрлі түсті | отырған баланың біріне орамалды артына тастап кету керек. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе істей жасай білуге баулу. **"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. | Тайтерісін қалтырат, Өрісін құлат, Науа-астауын жылтырат! **"Қол ұстасып жүру" ойыны. (қоршаған ортамен танысу)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша ортаға қозғалуға, екі шеңбер құра білуге үйрету (орталар қарама-қарсы жаққа айналады, қолдарын ұстамай бір жағына); ұжымдық сезімге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті: үй өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен).** Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауды үйрету. | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар тура бағытта, белгіленген межеге дейін жүгіріп баруы керек. Ең бірінші болып межеге жеткен топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог барлық жұптарды мақтайды. Жүгіру жолы балалар үшін қауіпсіз болуын педагог ескеру керек. **Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Балалардың еркін ойындары.** | деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, ойынды қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты таңдап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Осы кезде мысық оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңбалауыштар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.<br>**Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау.<br>**"Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | **Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау; ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу. | | | тышқанды "мысық" үйіне апарады.<br>**Еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою)<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) **(мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әдебиет)**<br>Қуыршағымыз демалысын, оған арнап кереует құрастырып берейік. Бейсенбі күні **(Құрастыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру.<br>**(математика негіздері)**<br>Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру<br>**(Құрастыру)**<br>Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау,тақтайшаға жапсыру.<br>**(Жапсыру)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету<br>**(Құрастыру)**<br>Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)** | Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Қонағымызды топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру.<br>**(математика негіздері)** | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату<br>**(математика негіздері)**<br>Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға,шағын ертегілерді мазмұндап,сахналауға,орыс тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыр Асылхан Нұралиу | Жеке бөліктерді жапсыра білуге,қайшыны дұрыс ұстауға,ыдыстардың,жануарлардың суретін сала білуге жаттықтыру Аюпов Абдукарим | Жалпы мағыналас сөздерді қолдануын үйретуді жалғастыр Ақболат Аминау**.** | Үлгі бойынша сурет сала білу,түрлі тәсілдермен мүсіндеу және дөңгелек пішіндерді қия білу қабілеттерін дамыту. | Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстай білуге жаттықтыру. Малік Аяулым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бақтыбай Алинұр | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу. | Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу | Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну. | Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

**Тексерген әдіскер:**Г. Токтагулова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** ««Ақтиін» бөбекжай балабақшасы
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 12-16.09.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 12.09.2022 | Сейсенбі 13.09.2022 | Сәрсенбі 14.09.2022 | Бейсенбі 15.09.2022 | Жұма 16.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, одан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралыәңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 2 Таңертеңгі жаттығулар кешені (**құралсыз).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Ас болсын тамағың<br>Өсіп ер жет қалмағың<br>Орындалсың арманың<br>Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)<br>Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)<br>Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию)<br>Бірге күліпжүреміз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Менің отбасым», «Менің анам және әкем», «Мен аға әпкем, іні қарындасым» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** | **Музыка<br>Саз жетекшісінің жоспарымен<br>Қазақ тілі педагог жоспары бойынша** | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** | | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** |
| | Отбасы суретін көрсету.<br>Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттегі отбасы мүшелерін атау.<br>- Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас<br>-суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланыстырып сөйлеуді үйрету.<br>«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет) (сөйлеуді дамыту)** | Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермексаздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** | Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>«Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. **(мүсіндеу)**<br><br>Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. **(құрастыру)** | Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. «Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету**(сөйлеуді дамыту)**<br>Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету<br>Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. **(сурет салу)**<br><br>Ермексаздан торт жасауды менгерту **(мүсіндеу).**<br>Қағаздан жасалған гүл себетіне үсақ гүлдерді жапсыруды | «Бес саусақ» өлеңін айтқызу<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы<br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үйрету. **(жапсыру)** | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі.<br>**"Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - | **Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Әртүрлі табиғи құбылыстармен танысуды жалғастыру. Күн райының қандай екенін ажыратуды үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр).<br>**"Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол | **Құстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күздегі құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Аспаннан жаңадан ұшып келген құстарды байқау, атау ерекшеліктерін салыстыру.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>Ағаштар қыста қалай қыстап шыққанын тексеру.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br>- Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады?<br>- Тағы қандай өзгерістер болады?<br>- Ағаштар ауаның ластанудан тазалайды. Адамдар ағаштарды көп отырғызады.<br>**«Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** | Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді бақылау.Оларды бір бірімен салыстыру, санау қабылетін дамытудамыту.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)**<br>Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету.<br>**(құрастыру)**<br>Еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "тышқандар".<br>"Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді.<br>Тышқан шықты інінен,<br>"Сағат неше болды?"- деп,<br>Бауды тартып қалып еді,<br>Дүңгірлейді барлық жер.<br>Тышқан қорқып қайтадан,<br>Кіріп кетті ініне.<br>Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады.<br>"Ұстап алу" - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.<br>Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойын жүргізушісін ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады.<br>**"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету.<br>Еңбек әрекеті: өскіндерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда | шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтінді айтып, оңға немесе солға жүреді.<br>Әдемі шеңберде,<br>Билейік кең жерде.<br>Қол ұстасып,<br>Бәріміз жұптасып.<br>Бәріміз достасып,<br>Бір орында тұрысып,<br>Осылай етіп істейік.<br>Мәтінді айтып бітер кезде балалар қолсозым қашықтықта тұрады.<br>Ойын бастаушы қандай да бір қимылды көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушысын ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді.<br>**"Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан қашуды үйрену.<br>Дене тәрбиесі бойынша | бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.<br>Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "-шығалар" немесе "-лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу.<br>Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді.<br>Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар | Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу.<br>**"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады.<br>**Еңбек әрекеті:** өскіндерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | (қаршығалар мен қарлығаштар).<br>**Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды доп ойындарына тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырғанда, оны секіртіп, себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: себеттер мен доптар.<br>**"Құстар" туралы ертегі айту.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бақылау кезінде | Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құстарды бақылай отырып, елесту арқылы қиялдарын дамыту. **(көркем әдебиет)** | | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) **(мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысынменгеру ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. **(Мүсіндеу)**<br>Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын «артық | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)**<br>ана әке бала қуыршақтарынсол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)**<br><br>Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер | Нешеуміз? өлеңін қайталап айтуын ұйымдастыру<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>Бас бармағым –әкем<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек –ағам<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкене бөбек –сен<br>Бір үйде біз нешеуміз? | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)**<br>Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру<br><br>Еркін іс әрекеттер | Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру,карандашты дұрыс ұстауын дамыту.<br><br>Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау.<br>Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу.<br>**(сурет салу, мүсіндеу,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішінді тап» **(математика негіздері)**<br>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер | | Бір үйде біз бесеуміз. *І.Шұғаев*<br>**(көркем әдебиет)**<br>Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет және жапсыру жұмыстары | | **жапсыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жаттығуларды дұрыс жасауға, сап тізбектен шығып кетпеуге, негізгі қимылдарды мыс, қоянның жүрісін салуға үйрету<br>Рахатұлы Алихан | Түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру.<br>Сейполда Ислам | Спорттық ойындар мен жаттығуларға деген қызығушылығын ояту.<br>Шоканова Малика | Үлгі бойынша сурет сала білу,түрлі тәсілдермен мүсіндеу және дөңгелек пішіндерді қия білу қабілеттерін дамыту.<br>Тұрсын Аңсар | Үлгіге қарап көп-аз ұғымдарын ажыратуды үйрету**.**<br>Тоқтарбай Арсен |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау. | Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру. | Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау. | Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну | Іс шарадан алған әсерлерін сұрау. |

Тексерген әдіскер : Г. Токтагулова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы.
**Топ** «Боақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 19-22.09.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 19.09.2022 | Сейсенбі 20.09.2022 | Сәрсенбі 21.09.2022 | Бейсенбі 22.09.2022 | Жұма 23.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күзгі ауа райына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орнын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары.<br>Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 2 Таңертеңгі жаттығулар кешені (**құралмен).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Ас болсын тамағың<br>Өсіп ер жет қалмағың<br>Орындалсың арманың<br>Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке** | Таңғы жиын.<br>Ерте тұрып күнде мен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | Терезені ашамын<br>-Сәлем!,-деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын<br>-Қайырлы таң апашым!<br>деймін келіп апама<br>Қайырлы таң аташым!<br>деймін келіп атама<br>Қайырлы таң, достарым!<br>деймін келіп досыма, осындай жақсы көңіл күйде әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі педагог жоспары бойынша** | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** | | **Дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша** |
| | Балаларға бүгін қуыршақ театрын тамашалайтынымыздыхабарлап «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтқызу, ертегі туралы пікірлерін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. **(көркем әдебиет)** | Бауырсаққа арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)** | Үш торай мульфилімін тамашалау. Балалардың ойын тыңдау арқылы сөйлеуін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Шағын үйшік салуды үйрету**(сурет салу)**<br><br>Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу**(құрастыру)** | Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. **(көркем әдебиет)**<br>Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салысытыру, санау **(математика негіздері)**<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | Ойыншықтар жәрмеңкесін Ойыншықтар жәрмеңкесін ұйымдастырып, әр түрлі ойыншықтарды алып ойынан ертегі құрастыру дағдысын дамыту. Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салу қабылеттерін жетілдіру. **(көркем әдебиет)**<br><br>біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(математика негіздері)**<br>Ойыншықтарға арнап әр түрлі заттар құрастыру **(құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Кием шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бір бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту).**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қайыңға қарай жүгір". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, | **Күн райының жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен | **Жыл құстарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Көркем сөз.<br>Қадыр Мырза Әли "Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаш тұқымдарын жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру. | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды!<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>**"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Өзенді кесіп өт".**<br>Мақсат-міндеттері. Бөрененің үстінен тіке және қасынан жүру жаттығулары. | вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет!".**<br>Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету. | ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады.<br>Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалардың тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдар: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай".**<br>Мақсат-міндеттері. Құстарға тән қимыл-қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; құстарға еліктеп дыбыстарын салуды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту. | бағдарлауға баулу.<br>Алғашында "мысық" рөлін педагог ойнайды, кейін балалар арасынан таңдалады.<br>"Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады, бұл жер "торғайлардың ұясы".<br>Педагогтің "Торғайлар, ұшыңдар! Жемді шоқыңдар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып жемді шоқығанын" көрсетіп ойнайды.<br>Педагогтің "Абайлаңдар, мысық ұстап алмасын!" деген белгісіне балалар бастапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді.<br>Балалардың белгілі орынға жүгіріп бара жатқанда оларды қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады. Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Құралдар: "мысыққа" - маска, "торғайларға" таңбалауыштар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) **(мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)**<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітап тарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Тәулік бөліктерін тануын дамытуоларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. **(математика негіздері)** Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру. **(мүсіндеу, жапсыру)** | Бүгін кім келгенін естеріне түсіру. Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру **(Математика негіздері)** Бауырсаққа үй құрастыру құратырмалы ойынышықтардан **(Құрастыру)** Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерінсол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(Жапсыру)** | Торай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру, салыстыру (үлкені кіші) **(Математика негіздері)** Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдау. Ертегі желісі бойынша сюжеттік сурет салу**(Сурет салу)** сюжеттік мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін жапсыру **(Жапсыру)** | Үш торай және бауырсақ ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балаларменжекежұмыс** | Әңгімелерді тыңдау арқылы оның мазмұнын жеткізе білуге және өлеңді жатқа айтуға үйрету. Шалқыбай Аяна | Спорттық ойындар мен жаттығуларға деген қызығушылығын ояту Қазақпай Гаухар | Бір-бірден, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табуды үйрету. Қуанышева Сара | Сұрақтарға жауап беруге, ойын арқылы дене мүшелерін атап айтуға, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға, кейіпкерлердің бейнесін бейнелей білуге үйрету. Қошқарбай Арнат | Көкөніс пен жемістердің суретін өз бетінше салып,таза бояуға жаттықтыру. Сағатбек Айсұлтан |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>***Көркем сөз***<br>Микробтар қаскүнем,Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бауырсақ ертегісі туралы айтып беруін баласынын сұрауға кеңес беру. | Бауырсақ жасауын сұрану | Үш торай мультфилимін бірге тамашалауға кеңес беру. | Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. |

Тексерген әдіскер : Г. Токтагулова

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы.
**Топ** «Боақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 26-30.09. 2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 26.09.2022 | Сейсенбі 27.09.2022 | Сәрсенбі 28.09.2022 | Бейсенбі 29.09.2022 | Жұма 30.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Күн және жаңбыр», «Балабақшада не өседі?»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға қызықтыру) **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 2 Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**құралмен).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Ас болсын тамағың<br>Өсіп ер жет қалмағың<br>Орындалсың арманың<br>Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымының кестесі** | Таңғы жиын.<br>Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) | | | | |

<table>
<tr><td>бойыншаұйымдасты рылған<br>іс-әрекет</td><td colspan="5">Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)<br>Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию)<br>Бірге күліпжүреміз<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз туралы видео көру. Күзде қандай өзгерістер болады? Видеоға қарап айтқызу<br>Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. Неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі  тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</td><td>Дене шынықтыру нұсқаушының жоспарымен</td><td>Музыка<br>Саз жетекшісінің жоспарымен<br>Қазақ тілі педагог жоспары бойынша</td><td>Дене шынықтыру нұсқаушының жоспарымен</td><td></td><td>Дене шынықтыру<br>Нұсқаушының жоспарымен</td></tr>
<tr><td>Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)<br>Балалармен бірге жанырақтарды бояу(сурет салу)<br>Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. (жапсыру)</td><td>Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа  салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату<br>(сөйлеуді дамыту)<br>Балаларға таңдау еркіндігін беру.Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету(сурет салу,. (мүсіндеу)</td><td>«Күз туралы ертегі»айтып. Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту)<br>«Күз» тақпағын жаттату<br>(Қабдікәрім Ыдырысов)<br>Күзім-ау, күзім-ау<br>Мінезің бұзық ау,<br>Жаңбырың сікіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>(көркем әдебиет)<br>Күзгі жаңбыр суретін салуға ынтасын дайындау.<br>Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету(сурет салу, мүсіндеу)</td><td>Күздегі құстар мен жануарлардың тіршілігімен таныстыру. Бақша ауласына құстарды бақылау, олар жайлы. өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. (қоршаған ортамен таныстыру)<br>Құстардың суретін пішіндерден құрап жапсыру(жапсыру)<br>Құрастыру материалдарынан өкстарға үйшік жасау. (құрастыру)</td><td>Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)<br>Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру)<br>Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің  құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету (мүсіндеу)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қураған жапырақтарды бір ортаға жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Топта жұмыс істеуді үйрету, ересектерге көмек көрсету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен мысық" (2-3 рет ойнатылады). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Сауысқанның пайда болуы, оған тән ерекшеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз.<br>Қадыр Мырза Әли "Сауысқан".<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды үйрету. | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға қызығушылықтарын арттыру.<br>Көркем сөз.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең нөсерлет!<br>- Бұлт дегеніміз не?<br>- Бұлттардың түсі қандай болады?<br>- Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен)<br>- Бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын** | **Жүргізушілердің еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жүргізуші жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүргізушілерміз", "Жапырақтар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен ит", "Допты ұста". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуді үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тепе-теңдікті сақтауды, бір аяққа тұрып қолды белге қоюды үйрету. | шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)<br>- Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>- Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>- Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>- Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>- Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жемшашарды ілуге көмектесу).**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Құстарға қамқорлық жасауға ықыласты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқы", "Мысық** | **әрекеттері: "Себетке дәл лақтыр".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дәлдікті дамыту. | Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру; ойын әрекеттерінде ересектер еңбегі туралы білімді көрсетуге ұмтылысты ынталандыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **пен тышқан". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Шашыраңқы жүгіруге, тепе-теңдікті сақтауды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | | |

| | |
|---|---|
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшараларды орындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою)<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) (**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)**<br>Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Күндізгіұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту**(сөйлеуді дамыту)**<br>Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру **(Математика негіздері)** | Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып, қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру.<br>**(Математика негіздері)**<br>Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау.<br>**(Құрастыру)** | Күз бейнесін күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасап көрсетуді қалыптастыру.<br>**(жаспыру)**<br>Геометриялық пішіндерді тану және атау жапырақтарға қою арқылы анықтауын дамыту.<br>**(Математика негіздері)** | Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы мультфильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын қандай пішіндерден құрады айтып беруді менгерту **(математика негіздері)** | Ағаштарды қандай геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету.<br>**(математика негіздері)**<br>Еркін ойын. Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. **(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жекежұмыс** | Геометриялық пішіндердің түрін тануға ажырата білуге, конструктормен трлі пішіндерді (үй) құрастыра білуге үйрету.<br>Құрмаш Раяна | Суреттің мазмұны бойынша шағын әңгіме құрастыра білуді үйретуді жалғастыру.<br>Ерасыл Илиясұлы | Спорттық ойындарға,түрлі тапсырмаларды шапшаң орындауға,жаттығуларға мұқият болуға жаттықтыру.<br>Қайрат Аяна | Сурет бойынша таныс шығармаларды атау арқылы сұрақтарға жауап бере алады.<br>Болысбай Аяла | 5 көлемінде сандарды тура және кері санауға,кеңістікті бағдарлай білуге ынтасын арттыру |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну | «дәмін татып біл» ойынын ойнауға кеңес беру. | Күз туралы сурет салу, кітап карауды ұсыну. | Құстарға үйшік жасауды ұсыну | Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау. |

Тексерген әдіскер: Г. Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 03-07.10. 2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсені 03.10.2022 | Сейсенбі 04.10.2022 | Сәрсенбі 05.10.2022 | Бейсенбі 06.10.2022 | Жұма 07.10.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлықққабілеттерін қалыптастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірінбілдіругетарту.Топтабалаларменшағынойынорталықтарындаеркінойындардыұйымдастыру**(сөйлеудідамыту)** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу,кеңесберу** | Ата-аналарменбалалардыауа-райынабайланыстыкиімкиюқажеттілігітуралыәңгімелесу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топтабалалараpасындадостыққарым-қатынастытәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл)қуыршақтар, шағынкөліктүрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, бояу, суретті кітапшаларды бояу, қарау.Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,Сөрелергеойыншықтарды жинау | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 3 Таңертеңгі жаттығулар кешені (**құралсыз).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзіқызметету, кезекшілердіңеңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықтыдұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауыпотырып, асықпайәбденшайнаудыүйрету.Тамақтанып болғаннанкейіналғыс айту | | | | |

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Шаттықшеңбер.<br> Сендерді осындай әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен көргеніме өте қуаныштымын! Бұл күнді біз бірге өткіземіз.Бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелсін. Бір-бірімізді қуантайық! деп«Өз көңіл-күйіңдітуралыайт»жаттығу жасату<br>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтарыбойыншаәрекет түрін таңдау,ережелертуралы келісужәнет.б.жағдайлардыжасау**(сөйлеудідамыту)**<br>Ұйымдастырылғанісәрекеттақырыбынасайойындаройнату. |

| **Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға келген хаты көрсету.Ашып хатта суреттерді алып көрсету.Бұл қандай жеміс немесе көкөніс танисыңдарма?деп сұрауӘрбалаға бір сурет алып атауға беру.Ол атауларда дауысты (а, ә, е, о, ұ) жәнекейбір дауыссыз (п-б, к-қ,т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтқызу арқылы дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту Иісімжұпараңқыған, Бақшадағышы рынмын.Жепк өргендертамса нған– Балдайтәттіқауынмын. **(Сөйлеудідамыту)** **(Көркемәдебиет)** | Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Екі бала арасында доппен ойын. Доптыбір біріне берер кезде бір бала жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды.Барлық баланың ойын ойнау ынқамтамасыз ету. Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарға бөлініп дербес шығармашлық әрекеттер жасау. Ыдыстарға жемістер мен көкөністерді салу. Балалардыңқалауы бойынша. Ширату,созу тәсілдерін пайдаланаотырып, көкөністерменжемістер ді мүсіндеу. бейнеленген | Геометриялы қпішіндерді тану ( дөңгелек, үш бұрыш,шаршы)және атау. Жемістермен көкөністерқандай пішінге сәйкескеледі. Корточкалармен жұмыс. Пластиналарды тікбағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану арқылы қарапайым құрылыстар құрастыру. **(Математиканегіздері)** **(Құрастыру)** | Кітап орталығында кітаптардан жемістермен көкөністердің суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Тіл ұстарту Жаттығуын жасау. Із—із—із— бақшадағы сәбіз Ет – ет- ет- алматолы себет. Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру дағдыларын жетілдіру. **Сөйлеудідамыту жәнекөркемәдебиет)** **(Құрастыру)** | Балаларға топтағы жеміспен көкөніс макет ойыншығымен ойнауға жағдай жасау.Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау.Бұл ойыншық несімен ұнайды.Оның түсі,пішіні қандай және т.б сөйлеу дезатесімдерді жекеше,көпшетүрдек олдану. Апта бойы жаттаған тақпақ пен тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтқызу. Балалардың қалауы бойынша сурет салу немесе ермексазбен еркін шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру.**(Сөйлеудідамыту жәнекөркемәдебиет)** **(Сурет салу)(Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көкөністермен жемістерге сәйкесжұп түстегілерді таңдап жапсыру<br>**Қазақ тілі**<br>Отбасы: Ана, әке, ата, апа,әже,аға, іні, әпке, мен,<br>сен, ол.Қазақ тіліндесөйлеу, сөздік қорынасөздерқосу<br>**(Сөйлеудідамыту)**<br>**(Суретсалу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)**<br>**Қазақ тілі** | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтардыдұрыс пайдалану туралыәңгімелесу.<br>Балалардыретімен киіндіру (ауа-райы жағдайынабайланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзіқызмететудағдылары,іріжәнеұсақмоториканы дамыту**).<br>Қатарменжұптасыпжүруді,қатардыбұзбауды  үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Тақпақ.**<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау.<br>- Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл болады, одан қағаз бен | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп | **Күнді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру.<br>Күнің сәулесі туралы айту.<br>Тақпақ.<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**"Көк ту" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады.<br>Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру.<br>Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын анықтау.<br>Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу.<br>Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару.<br>Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу.<br>Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату.<br>Балаларға "кеуіп кетеді" дегенді айтқызу.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлзарда өскен гүлдерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың | **Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру;ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар алаңның бір шетінде тұрады.<br>Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар алаңда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>**Еңбек әрекеті:** терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету.<br>**"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар).<br>**"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру.<br>**Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше | немесе батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар ойын алаңында айналып жүріп:<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)** | қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.<br>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кеглилер.<br>**Еңбек әрекеті:** алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: су құйғыштар.<br>**"Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып | жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>**"Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшадағы көгөністерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | Мақсат-міндеттері .Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | | жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br>**Еңбек әрекеті:** гүлді күту.<br>Мақсат-міндеттері. Учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауды үйрету; гүлге ұқыпты карауды және сүюді тәрбиелеу.<br>**"Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету.<br>- Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр ма, жаңбыр жауып тұр ма? Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | | өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет. **Балалардың еркін ойыны.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қимылдыойын:** «Сақинажасыру» | | | Оларды жеп көру.Өткір емес пышақпентурап,сал атжасау. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай бір-бірінитермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқкиімдерінөзбетіншеауыстырып,киюінүйрету. **(дербес ойынәрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынменқолдарынсабындап,киімдерінсуламайжуыну.Өзініңжеке сүлгісінтанибілудіүйрету.Сүлгінідұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу.Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішудіүйрету.(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайысөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақмоториканыдамыту)**<br>Балалардыңтыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру.Электрондықұрылғылардан ертегітыңдату.<br>**(көркемәдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту,сауықтыр ушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстаужаттығуларын жасату.Ригалық әдісбойынша сауықтыру.(денежаттығулар менбелсенділігі)<br>Киімдерінреттілікпенөздігіненкиіну.Түймелерінқадау,сырмаларынсыру,аяқкиімдеріндұрыскиюдіүйрету.Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауынүйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканыдамыту)**<br>Қолдарынжуу,құрғатыпсүрту,сүлгініөзорнынаіліпқоюдыүйрету.**(мәдени-гигиеналықдағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Тазажәнеұқыптытамақтану.Тамақтанумәденетінқалыптастыру.Астытауысыпжеугеүйрету.<br>**(мәдени-гигеналықдағдылар,өзіне-өзіқызметету,еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Көкөністер мен жемістерді себеттергесалу.<br>"Көп", "біреу", "бір-бірден","бірдебіреуі жоқ" ұғымдары туралытүсініктерін қалыптастыру.<br>Карточкаларменжұмыс.<br>**(Математиканегіздері)** | Жемістер менкөкөністер туралы видео материал көрсету<br>Тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтау ға үйрету<br>**(Көркемәдебиет)** | Жалпы белгілері бойынша жемістермен көкөністерді топтастыу.<br>тақпақты мағыналы,асықпай және дыбыстарды анық айтуғаүйрету.<br>Иісім жұпар аңқыған,Бақшадағы | дөңгелек пішінді жемістердің суретінсалу<br>**(Сурет салу)**<br>көңілді музыкаға, еркінби қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру<br>**(музыка)** | Алдын ала даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;үлкен және кішкентай көкөністерді жапсыру.**(Жапсыру)**<br>Құрастыру заттарынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сазбалшық,қамыр, ермексаз кесектеріненбөліпалу,дөңгелектеу.<br>Ұжымдық жұмыс жүзім.Балалар бір бірден жасап,сабағынажинап,жүзім сабағынжасау.<br>**(Мүсіндеу)**<br>Дайын пішіндердензаттар дыңбейнесін жасауға үйрету.<br>Жемістерыдысы.Әр түрлі көкөністермен жемістердің ішінен,тәрелкеге сыятынжемістерді жапсыру.**(Жапсыру )** | бөлме өсімдіктерініңтүрлері (шегіргүл,қазтамақ, бегонияжәне тағы басқа),олардың ерекшеліктері туралыбілімдерін қалыптастыру.<br>**(Қоршаған ортаментаныстыру)** | шырынмын.<br>Жеп көргендертамсанған –Балдай тәттіқауынмын<br>**.(Сөйлеуді дамыту,көрке мәдебиет)**<br>желімдеудің техникасы;желімді қылқаламғаұқыпты түрдежағып алуды үйрету арқылыжемістерді жапсыру.<br>**(Жапсыру)** | | ағаштармен жемістерқұрастыру<br>**(Құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сурет салу,бояу,мүсіндеу жолдарын игерту.<br>Жұмағали Ерасыл | Геометриялық пішіндердің түрін тануға ажырата білуге, конструктормен трлі пішіндерді (үй) құрастыра білуге үйрету.<br>Құрмаш Раяна. | Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстай білуге жаттықтыру**.**<br>Сағатбек Айсұлтан | Жаттығуларды дұрыс жасауға, қим.ойын-ға қатысуға, сап тізбектен шықпай жүруге, жағымды көңіл-күй мен шынықтыру шараларын жасауға үйрету<br>. Қошқарбай Арнат | Түрлі пішінде көлемді заттардың суретін сала білуге және мүсіндеуге,қайшымен дұрыс жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру.<br>Қуанышева Сара |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнынаілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерінреттіліксақтапдұрыскиінугеүйрету.Достарынакөмектесуді тәрбиелеу<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбаудыүйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.(**сөйлеудідамыту,өзіне-өзіқызмет етудағдылары, іріжәне ұсақмоториканыдамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ата-аналарменбаланыңбалабақшадағыдостарытуралыәңгімелесу. | Жаттағантақпақтарынүйдесұрау. | Ата-аналарғабаланыңденсаулығынсақтаужөнінде кеңесберу | Ата-аналарғабаланыңкиімі туралы әңгімелесіу | Баланың тазалығы жайлы әңгімелесу. |

Тексерген әдіскер: Г. Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** ««Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 10-14.10.22 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі1 0.10.2022** | **Сейсенбі11.1 0.2022** | **Сәрсенбі1 2.10.2022** | **Бейсенбі1 3.10.2022** | **Жұма14. 10.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларғатәрбиешініңтолық аты - жөнінатап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жекепікірінбілдіруге тарту**(сөйлеудідамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу,кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балаларға жануарлардың суреті бар кітаптар алыпберуін ұсыну. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүстіойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқараужәнетағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын,Дидактикалықойын«Таныпалда,атыната»,«Суреттерді орналастыру»,«Дауысынантаны»,«Бұлкімніңдауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,Қарапайымқұрылыстар құрастыру, кітаптардықарау, Табиғатбұрышындағыеңбектібақылау (бөлмеөсімдіктерінекүтімжасауғакөмектесуінжетілдіру) | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 3 Таңертеңгі жаттығулар кешені (**құралмен).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзіқызметету)**Өзорнын тауыпотыру. Тазажәнеұқыпты тамақтануды,қасықтыдұрыс ұстауды, тамақтанғанкезінде ауызынжауыпотырып, асықпайәбден шайнаудыүйрету.Тамақтанып болғаннан кейіналғысайту,ас қайыру. **(сөйлеудідамыту)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғыжиын.<br>Шеңбер құрып сәлемдесу.Сәлем,<br>деймінкүнге менСәлем, деймін<br>мен саған Сәлем, деймін<br>апайғаҚонақтарға,құстарға,<br>Балалардыңқандайойындаройнағысыкелетінінайтыпбөлісуінежағдайжасау.<br>«Орман дегеніміз не?», «орманда кімдер өмір сүреді деп ойлайсың?»тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардыңқызығушылықтарыбойынша әрекеттүрін таңдаужасату, ережелертуралыкелісужәне т.б.**(сөйлеудідамыту)** |

| **Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка**<br>**Саз жетекшісінің жоспарымен**<br>**Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Видео материал көруОрмандегенімізне?<br>«ормандакімдер мекендейді?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру.Ересектердің сөзінтыңдаужәнетүсіну салынған жануарлардытүстерін дұрыс таңдапбояу Құрылыс заттарынанжануарларға үйшікқұрастыру<br>**(сөйлеудідамыту)**<br>**(Құрастыру)**<br>**(Суретсалу)**<br><br>**Сергітусәті**<br>«Ұзан құлақ сұрқоян.» | Суреттерді, заттардықарастыруда, тірі жәнеөлітабиғат нысандарын бақылаукезінде байланыстырыпсөйлеу; Орманда қандай құстармекендейді?Кітаптар арқылы тану, атау. Олардыңерекеше белгілерін есте сақтау.Тақпақжаттау. ТоқылдақтартоқылдапЕшбір тынымкөрмейді Ағашты қанша тесседе,<br>Жұмысы бір өнбейді. Сыпайысөздер: Сәлеметсіз бе! Сауболыңыз! Рақмет!кешірші, мен олайқайталамаймын,татуласыңдар,бірге ойнайық, алуға бола ма?Сөздерін күнделіктіпайдаланудағдысын жетілдіру. | Балаларға жапырақтар салынғансебетті көрсету. Бұлжапырақтар орман ағаштарынан түскенжапырақтар. Мен сендер үшін жинапалыпкелдім. Мына суреттерге қараңдар.Бұл суретте шырша,қайың,үйеңкі ағаштары бейнеленген. Жапырақтарына назараударып, сәйкесіншеқойыңдар. Атауларынатап, қандай белгілерібарәңгімелейік.<br><br>Тербеледі ағаштар,Алдыменжеледі.Кіп-кішкентайбалалар, Үп-үлкенбопөседі. Тақпақжаттау. | Саңырауқұлақпен жидектер атауларынатауда дыбыстардыдұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.**Тақпақ жаттау Қорбаңдағанаюдың Құлпынайыкөпекен .Теріп-теріпаламыз,Қалтамызғасаламыз. Жидектердіңсуретін таңдауыбойынша салу<br>**(сөйлеудідамыту жәнекөркем әдебиет)**<br>**(Суретсалу)** | Тапсырмалары барқораптарды көрсету.Ойнапкөрмізбе? деп«артығын тап»айдарындатапсырмаларды орындату. Жануарлар,ағаштар, құстар жәнесаңырауқұлақпенжидектерсуреттері арқылыжекежұмыстар. Дәстүрден тыс сурет салу(саусақтарыменжәне алақандарымен, түрлі-түстібояулармен) дағдыларын қалыптастыру. Еркінтақырыпта шығармашылықжұмыс<br>**(математиканегіздері)**<br>**(Суретсалу)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **сөйлеудідамыту жәнекөркемәдебиет) Қазақтілі** | Фланелеграта қтасында ағаштарды жапсыруарқылыорма н жасау.**(сөйлеудідамы ту жәнекөркем әдебиет) (Жапсыру)** | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойынқұрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралыәңгімелесу. Балалардыретіменкиіндіру(ауа-райыжағдайынабайланысты),дұрыскиінуді бақылау.Киімшкафтарынтазаұстау жәнежинаудықалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканыдамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. Пошташы<br>Күні бойы жол жүріп,<br>Көрген емес болдырып.<br>Қайтады үйге алғысты,<br>Қапшығына толтырып.<br>- Балалар, пошташы деген кім?<br>- Иә, дұрыс айтасыңдар, | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылықты және құрметке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау).** Мақсат-міндеттері. | **«Солып қалған гүлдерді бақылау» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары.** | **Күзгі жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құлаған жапырақтарды жинау)** Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, еңбек етуге | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Мысыққа тән ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. Қадыр Мырза Әли "Мысық".<br>Мысық отыр,<br>Ұйқысы әбден қысып отыр,<br>Май берейін,<br>Шайнап отыр,<br>Тышқан берейін,<br>Ойнап отыр!<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (сүрлеу жолды сыпыру).** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар, пошташы хат таситын адам.<br>- Ол дорбасындағы хаттарды әрбір үйдің есігіне немесе хат жәшігіне қалдырып кетеді.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуді үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жапырақтың түсуі", "Мен атаған затқа жүгір". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруді үйрету; ағаштардың атауын бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Серуен кезінде эмоционалды көңіл күй қалыптастыру. | Қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Құстар мен жаңбыр". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту;<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттерI. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту. | Мақсат-міндеттері. Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** Тақпақ жаттау.<br>Арасында гүлдің,<br>Ойнап бүгін жүрдім<br>Қызыл, жасыл, сары,<br>Әп-әдемі бәрі.<br>**Қимылды ойындар. «Абай бол!», «Қайда шылдырлайды?» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту. | құштарлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жоғары қарай секіру", "Шеңбер бойымен". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрену; жолдастыққа тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Батыл балалар" ойыны**.<br>Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту. | Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау іскерліктерін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, алға қарай екі аяқпен секіру дағдыларын бекіту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Қоршаған ортаментанысты ру)** **(көркемәдебиет)** | | | құрстыру. **(Қоршаған ортаментанысты ру)** **(құрастыру)** | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай бір-бірінитермей жүруді үйрету. Топта киетінаяққиімдерінөзбетіншеауыстырып,киюінқалыптастыру. Жұмбақтаршешу,өлеңдер,әндержаңылтпаштар, санамақтаржәнет.б.жаттау**(көркемәрекет,дербесойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіас алдында гигеналық шаралардыорындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу,қолды дұрыс сүрту,орамалдыілукөркем сөзқолдану, мысалы«Сылдырлайдымөлдір су,мөлдірсуғақолыңдыжу» Кезекшілердіңжұмысы(асханақұралдарын,майлықтарды үстелгеқою) Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу,ұқыпты тамақтану ,сөйлеспеу,алғысайту)(**мәдени-гигеналық дағдылар,өзіне-өзіқызметету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтансоң ауыздарынсуменшаюды қалыптастыру. Киімтүймелерін,сырмаларынөздігіншеағыту.Киімдерінұқыптыорындыққаіліп(немесеарнайысөреге)қоюдыү йрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканыдамыту)** Балалардыңтыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «бауырсақ», «шалқан» және т.бертегілердіоқыпберу**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстаужаттығуларын жасату.Ригалық әдісбойынша сауықтыру.(денежаттығулар менбелсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қызбалалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**Қолдарынжуу,құрғатыпсүрту, сүлгініөзорнынаіліп қоюдыүйрету.**(мәдени-гигиеналықдағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысы(асханақұралдарын,майлықтарды үстелге қою,соңынанжинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.(**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүстіойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқара ужәнетағыбасқа** | Жануарлардың дене Бөлшектерін атату.Жануарлардыбиі ктігі бойынша салыстыру.**(математи канегіздері)** | Балалардыңқалауы бойынша орталықтарғабөліну. Қалауыбойынша геометриялық пішіндерарқылықұст ардың | Әр түрліқұрылыс заттарын пайдаланып,балалар дыңқалауы бойынша әр түрліқұрылымдар жасаудыүйрету | Құлпынай мен қарақатты және т.бжидектерді салысыру.Үлкенкіш ісөздерінпайдалану. Бөліпсебеттергесалу . | Оман туралы біз небілеміз.Суретт ер бойыншаәңгімелеу, байланыстырып сөйлеудағдыларын дамыту. Жаттағантақпақтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | Алақандарының арасында, жазықтықтатүзету және домалақтауқозғалыстарыарқылы ермексаз кесектерін жаюдағдыларын пысықтау.Аюдымүсіндеу.<br>**(Мүсіндеу)** | суреттерін салу, тұздықамырды пайдаланыпқұс мүсінінжасау. Фланелеграф тақтасынаәр түрлі пішіндерденқұстарды жапсыру.**(Суретсалу)(Мүсіндеу)(Жапсыру)** | **(Құрастыру)**<br>Жапырақтарды салу,ермексазданжасау әдістерінжетілдіру.<br>**(Сурет салу)(Мүсіндеу)** | Артығын тап Дидактикалық ойыны. Карточкалардан<br>Бірдей жидектен<br>Артық жидекті табу.<br>**(математиканегіздері)**<br>элементтерді қарапайым біріктірубілігінжетілдіру. Саңырауқұлақтымүсіндеу, жапсыру**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | ескетүсіріпайту.<br>**(сөйлеуді дамыту жәнекөркемәдебиет)**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді Бақылау дағдыларын қалыптастыру. Орманмен салыстыру.**(Қоршаған ортаментаныстыру)** |
| **Балалարменжекежұмыс** | Суретті таза бояуға,мүсіндеу жұмыстарын және қайшымен дұрыс жұмыс жасауға жаттықтыру. .<br>Қазақпай Гаухар | Спорттық ойындар мен жаттығуларға деген қызығушылығын ояту.<br>Қазақпай Гаухар | Әңгімелерді тыңдау арқылы оның мазмұнын жеткізе білуге және өлеңді жатқа айтуға үйрету.<br>Шалқыбай Аяна | Үлгі бойынша сурет сала білу,түрлі тәсілдермен мүсіндеу және дөңгелек пішіндерді қия білу қабілеттерін дамыту.<br>Тұрсын Аңсар | Балабақша қызметкерлері және көлік құралдары туралы түсініктерін толықтыру арқылы сөздік қорын молайту.<br>Шоканова Малика |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, | | | | |

| | |
|---|---|
| | шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерінреттіліксақтапдұрыскиінугеүйрету.Достарынакөмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбаудыүйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларменжоспарлау.(**сөйлеуді дамыту,өзіне-өзіқызмететудағдылары,ірі жәнеұсақмоториканыдамыту)**. |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Балалармен ормантуралыәңгі мелесу. | Құстартуралы жаттаған тақпағынсұрау | Табиғи материалдардан орман жасаудыұсын у. | Үйдебаламен артығын тап ойынынойнаудыұс ыну. | Апта бойғы жұмыстарбойыншаа қпаратберу. |

Тексерген әдіскер: Г. Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** ««Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 17.10.22-21.10. 2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | **Дүйсенбі 17.10.2022** | **Сейсенбі 18.10.2022** | **Сәрсенбі 19.10.2022** | **Бейсенбі 20.10.2022** | **Жұма 21.10.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуінежағдай жасау. Арнай көңіл белгілері арқылы көңіл күйін білдіру. Сәлемдесуәдісін таңдау.Тәрбиешініңтолық аты - жөнінатап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін,даладааура райы қандайболып тұрғанын сұрау.**(сөйлеудідамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу,кеңесберу** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралыәңгімелесу. Күнделіктіжиіқолданылатын тұрмыстықсөздердіқолдануыжөніндесауалнамаалу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау жәнетағыбасқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалықойын: «Не жетпейді?»(суреттер бойынша), Ғажайып қоржын(ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігінтап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,Құрастыруматериалдарыменойындар, кітаптардықарау,<br>Табиғатбұрышындағы еңбеккеараласуға тарту.**Балаларменжекежұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 4 таңертеңгі жаттығулар кешені (**Құралсыз).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғыасалдындақолдарынсуменсабыныдұрысқолданудағдысынқалыптастыру.Өзсүлгісінтауып,сүртіну.<br>**(мәдени-гигиеналықдағдылар,өзіне-өзіқызметету,кезекшілердіңеңбекәрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсынсөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықтыдұрысұстауды,тамақтанғанкезіндеауызынжауыпотырып,асықпайәбденшайнаудыүйрету.Тамақтаныпболғаннанкейін<br>алғысайту,асқайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғыжиын.<br>«Бессаусақ»өлеңі<br>Бас бармағым – атам, үйдің<br>данасыБалан үйрек - әжем, ошақ<br>анасыОртантерек-әкем,отаупанасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ<br>ажарыТиттейбөбек– мен,бәрініңбазары | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (көркемәдебиет)<br>«Үй жануарлары»тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтарыбойыншаәрекет түрін таңдау, ережелертуралы келісуәне т.б.**(сөйлеудідамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымының кестесібойыншаұйым дастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспары бойнша** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Үй жануарлы жайлысуреттеркөрсету , әңгімелету негізіндесөздікқорын кеңейту,байланыстырып сөйлеуді үйрету. «жеті лақ» ертегісіноқып беру. (үстел үстітеатры) кейіпкерге, оқиғаларғаөзініңкөзқара сын білдіругебаулу карточкаларға қарапқұрастыру материалдарынан үйжануарларынқұрастыр у. **(сөйлеудідамыту) (көркемәдебиет) (құрастыру)** | Үй жануарларының төлдерін атауды үйрету.Оларды сипаттауды үйрету.**(сөйлеуді дамыту)**Балалардың қалауыбойынша үй жануарларытақ ырыбындагеом етриялық пішіндерденсурет салғызу,ермексазданм үсінін жасау арқылыдөңгелек мүсіндерденқұрастыр ып жасату,пішіндерденүй жануарынжапсырыпор наластыру жұмыстарын жасаудыүйрету. Күнделікті жиіқолданылатынтұ рмыстықсөздер: Балабақша, сабын, су,кір,таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар,жел, жаңбыр, суық, ыстық,жылы **(сөйлеуді** | Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта**(сурет салужәнежапсыру)** жұмыстары<br><br>Үй жануарларыныңқ орасын жасау**(мүсіндеу)** | Менің үй жануардандосым тақырыбындаәңгім елесу. Үйдегімысығы немесекүшігінсипа ттап сөйлеудіүйрету **(сөйлеуді дамыту)**Өзінің үйіндегі сүйіктіжануардыңсу ретін салунемесе ермексаздан жасаудыменгерту **(сурет салу,мүсіндеу).** | Үй жануарларыныңдау ысыарқылытану. Топтағы ойыншықтарынтабу, сипаттау.Не білетіндерінәңгімелеу. Өздеріне ән немесеертегі құрастыруынаықп алету. **(сөйлеуді дамыту,көркемә дебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **дамыту)(сурет салу,мүсіндеу,жапсыру)** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойынқұрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралыәңгімелесу.Табиғи материалдар туралы не білетіндерінсұрау.<br>Балалардыретімен киіндіру (ауа-райы жағдайынабайланысты), дұрыс киінуді бақылау.Киім шкафтарын таза ұстаужәнежинаудықалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканыдамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Күн - жылу мен жарық көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Зерттеу.<br>Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.<br>- Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің?<br>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?<br>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.<br>Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.<br>**"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)**<br>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.<br>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.<br>- Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. | **Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз | **"Ауа райын бақылау (бұлтты күн)". (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр!<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен | **Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.<br>**Еңбек:** құм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады.<br>(Жапырақ.)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен.<br>(Жеміс.)<br>**"Қойлар мен қойшы" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудара білуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көз жеткізеді.<br>Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау.<br>**Еңбек тапсырмалары:** кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті | - Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп, | көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын | секіру)<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.<br>**"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар балалар болады.<br>"Аю" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады.<br>Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін | Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады.<br>Қойшының құралдарын береді.<br>Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады.<br>Тәрбиеші:<br>"Қойшы шықты ертемен,<br>Қойларын бағып далаға.<br>Қойлар маңырайды,<br>Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды.<br>Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Дене шынықтыруға арналған ойындар.<br>**Бақылау:** «Солып қалған гүлдерді бақылау»<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іздеңдер, кім жылдам табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақсүйек. **"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. **Өз бетінше еркін ойын әрекеті, аланда шығарылған материалмен ойындар.** "Шеңберге дәлде". Мақсат-міндеттері. Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру. | Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен** | арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. **"Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. | айтып, себетке жидектерді жинағанға ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. **"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттерІ. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу. | орындауға бейімдеу. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | |
| **Серуенненоралу** | Топқаоралукезіндежылдамқатарғатұрудыдағдыландыру.Асықпайбір-бірінитермейжүруді үйрету.Топтакиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтаржәнеәндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербесойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскіас алдында гигеналық шаралардыорындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу,қолды дұрыс сүрту,орамалдыілукөркем сөзқолдану, мысалы«Сылдырлайдымөлдір су,мөлдірсуғақолыңдыжу» Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу,ұқыпты тамақтану ,сөйлеспеу,алғысайту)(**мәдени-гигеналық дағдылар,өзіне-өзіқызметету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгіұйқы** | Тамақтансоң ауыздарынсумен шаюды үйрету.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюдыүйрету.Өзтөсекорнынтауыпжатудыүйрету.(**өзіне-өзі қызмететудағдылары,іріжәнеұсақмоториканыдамыту)**<br>Балалардыңтыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркемәрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту,сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстаужаттығуларын жасату.Ригалық әдісбойынша сауықтыру.(денежаттығулар менбелсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қызбалалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**)Қолдарынжуу,құрғатыпсүрту, сүлгініөзорнынаіліп қоюдыүйрету.**(мәдени-гигиеналықдағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысынменгеру( асханақұралдарын,майлықтарды үстелге қою,соңынанжинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.(**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау жәнетағыбасқаәрекеттер)** | Үйжануарларын ермексазбен табиғиматериалдармен( жаңғақтармен) мүсіндеу.<br><br>Геометриялықпішіндердітаныстыруды жалғастыру.<br>Карточкалармен жекежұмыстар.<br>Дидактикалықойын «артықпішінді тап»<br>**Мүсіндеу (математиканегіздері)**<br>Балалардың қалауыбойыншадамытушы орталықтарда еркін ісәрекеттер | «жеті лақ» ертегісінайтып беру, қайталапайту дағдыларын дамыту.Көңілді музыкаға би үйрену.<br>Үй жануарларын солжақтан оңжаққа қарай орналастырудыүйрету.<br>**көркем әдебиет,музыка)**<br>**(Математиканегіздері)** | **Үй жануарлары** бейнеленген кітаптардықарату.<br>Жануарлардыңазығы жайлытүсінігін қалыптастыру.<br>**(сөйлеудідамытужәне көркем әдебиет)** | Әндер мен тақпақтаржәне билерді қайталау.<br>Құрастыру материалдарынан үйшікқұрастыруды жетілдіру.<br>**көркем әдебиет,музыка)**<br><br>**(құрастыру)**<br><br>Еркінісәрекеттер | Балалардың апта бойыжасағанжұмыстары бойынша еркінәрекеттердіұйымдастыру.<br>**(сурет салу, мүсіндеу,жапсыру)**<br><br>Еркінісәрекеттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларменжекежұмыс** | Түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығулар ды дұрыс жасауға дағдыландыру. Сейполда Ислам | Дыбыстарды дұрыс айтуға (а-ә, о-ө), суретке қарап отырып даусын салуға, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға үйрету. Рахатұлы Алихан | Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстай білуге жаттықтыру. Малік Аяулым | Өз бетінше табиғи материалдардан түрлі заттар дайындау,конструкто рдан құрылыс құрастыру. Бақтыбай Алинұр | Жалпы мағыналас сөздерді қолдануын үйретуді жалғастыру. Ақболат Амина |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар** Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерінреттіліксақтапдұрыскиінугеүйрету.Достарынакөмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбаудыүйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.(**сөйлеудідамыту,өзіне-өзіқызмет етудағдылары, іріжәне ұсақмоториканыдамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Үй жануарлары туралынебілетінінсұр ау. | Жеті лақ ертегісінайту | Үйжануарлары бейнеленген кітаптарқараудыұс ыну | Атаәжесінің суреттерін беріпжіберуінө тіну | Іс шарадан алғанәсерлерінс ұрау. |

Тексерген әдіскер Г. Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 24-28.10.2022 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 24.10.2022** | **Сейсенбі 25.10.2022** | **Сәрсенбі 26.10.2022** | **Бейсенбі 27.10.2022** | **Жұма 28.10.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларғатәрбиешініңтолық аты - жөнінатап сәлемдесудіүйрету.Баладанқандайкөңілкүйменкелгенінсұрап,сәлемдесуді пысықтау,баланыжекепікірінбілдіругетарту **(сөйлеудідамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу,кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балалардаболатынаурулар туралыескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау жәнетағыбасқаәрекеттер)** | Топтабалаларменшағынойынорталықтарындаеркінойындардыұйымдастыру,үстелүстіойындары.Дидактикалықойын:«Ойыншықты тап»,«Үй құстарын тап»,«Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарыменойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту.**Баларменжекежұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | №4 Таңертеңгі жаттығулар кешені (**құралмен).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп,шығу ережелерін пысықтау.**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықтыдұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауыпотырып,асықпайәбденшайнаудыүйрету.Тамақтанып болғаннанкейіналғыс айту,ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекеткедайындық** | Таңғыжиын.Жақсыкөңілкүйдежүруүшінбірбірімізгежақсытілектерайтайық.Бүгінгікүнгеәртүрліісәрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түріntаңдау,ережелер туралыкелісужәне т.б.**(сөйлеудідамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кітаптар орталығындаүй құстары бейнелегенкітаптарды көрсету. Үйқұстарытуралы не білетінін анықтау. Олартуралыне білгісі келетінін сұрау.Дидактикалықойын «Кім екенін тап» ертегіжелісі бойыншаойыншықты тауып, атауынүйрету. **(сөйлеуді дамыту жәнекөркемәдебиет)** | Қонаққа үйрек келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету. Үйрекке арнап білетін тақпақтарымен әндерін айтып,музыкаға би билеуін ұйымдастыру. Қимылды ойынойнату. Үйрекпен Күнделікті жиіқолданылатын тұрмыстық сөздер:жылы киінеміз, жеңілкиінеміз, үстел,орындық, топ, байқа,асықпа, күт, көмектес,жер, орамал **сөйлеудідамыту, көркемәдебиет,музыка)** **Қазақтілі** | Балапан туралы не білетінін сұрау. «Құс қанат» оюынтаныстыру, қалаулары бойыншатүстерді таңдап бояу. Құрастыру материалдарынанкарточкаларға қарапбалапан құрастыруғакөмектесу.**(сөйлеудідамыту)** **(суретсалу)** **(құрастыру)** | Дидкатикалық ойын «қайертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Суреттегі ертегікейіпкерлерін салысытыру, санау **(математиканегіздері)** Балалардың таңдауыбойыншаертегі желісі негізіндешығармашылықжұмыстар. **(көркемәдебиет (суретсалу, (математиканегіздері) мүсіндеужапсыру)** | Құстардың қимылы мен дауыстарын салу Қабылеттерін жетілдіру. «Қуыр қуыр қуырмаш»әнін айтқызу. Үй құстары немен тамақтанады сұрау,дәндердік өрсетіп ақпараттарберу. Біртекті құстардантоптарқұрастыру және олардыңбіреуін бөліп көрсетудіүйрету құстарға арнап әр түрлізаттар құрастыру **(көркемәдебиет) математиканегіздері)** **(құрастыру)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойынқұрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралыәңгімелесу.<br>Балалардыретімен киіндіру (ауа-райы жағдайынабайланысты), дұрыс киінуді бақылау.Киім шкафтарын таза ұстаужәнежинаудықалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканыдамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Балабақша ауласынадаауарайын бақылау. Жапырақтардыңтербелуі мен жергетүсуін тамашалау.Құстарға қарау. Олардыңүй құстарынан айырмашылығы недеекенін сұрау, ақпаратберу. Ұжымдықсурет салу..Қарапайым табиғатқұбылыстарын, құстардыбейнелеугебаулу<br>.<br>**(қоршағанортамен таныстыру)**<br>**(суретсалу)**<br>Еркін ойындар | Балабақша ауласынсипаттап, ауа райытуралы айтып беруінұйымдастыру.<br>**(**<br>Ермексаздан үйрекжасап көрсетру,құмда таяқпен үйрексуретін салудыұйымдастыру<br><br>«Ұсқынсыз үйрек»ертегісінкітаптан оқып беру, суреттерінкөрсету.<br>.<br>**(қоршағанортаментаныстыру)**<br>**(мүсіндеу, суретсалу)**<br>**(көркемәдебиет)**<br>Дидактикалықойын «Кімекенінтап» | **Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көгершіннің сыртынан танып, оны өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, оны торғаймен салыстыруына болады.<br>**"Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін пысықтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.<br>**Еңбек әрекеті:**<br>ауладағы ағаштардан түскен бұта- | **Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайта қайтып келеді. Бұл құс жазда ұя салып, балапандарын ұшуға үйретеді.<br>- Қарлығаш басқа құстарға қарағанда ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ сияқты жоғарыға | **Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы мағлұматтарын пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Торғай".**<br>Торғай, торғайсың,<br>Жылдамсың, сондайсың,<br>Шырылдап қоймайсың,<br>Ұшасың, талмайсың.<br>Шомылып ал шалшыққа,<br>Қона ғой біздің баққа.<br>Д. Ахметова.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірлесе жұмыс істей білуге баулу.<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен, "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар | жылдам көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.<br>Қарлығаш ұясын жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үйдің шатырына сазбалшықтан салады.<br>Қарлығаш адамға жақын болады.<br>**Еңбек әрекеті:** жапырақтар жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартының белгілеріне сай қимылдауды жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында | "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Кім қозғалып қойса соны "жапалақ ұясына алып кетеді".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қаарй жалғасады.<br>Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар: қаршығалар мен қарлығаштар. **"Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. **Балалардың еркін ойыны.** | "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соқтықпай жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: | **"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. **Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету**.** **Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска. **"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанаға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: құм салынған қаптар. **Балалардың еркін ойыны.** | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай бір-бірінитермей жүруді үйрету. Топта киетінаяқкиімдерінөзбетіншеауыстырып,киюінқалыптастыру. Жұмбақтаршешу,өлеңдер,әндержаңылтпаштар, санамақтаржәнет.б.жаттау **(көркемәрекет,дербесойынәрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскіас алдында гигеналық шаралардыорындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу,қолды дұрыссүрту,орамалды ілу көркем сөзқолдану,мысалы«Сылдырлайды мөлдірсу,мөлдірсуғақолыңдыжу» Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу,ұқыпты тамақтану ,сөйлеспеу,алғысайту) (**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбекәрекеті)**<br>Ереже:<br>Тамақішер кезде енді, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөйлемейміз<br>күлмейміз.Астанбасқа өзгені,<br>Елемейміз,білмейміз.**(сөйлеудідамыту)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Тамақтансоң ауыздарынсуменшаюды қалыптастыру.<br>Киімтүймелерін,сырмаларынөздігіншеағыту.Киімдерінұқыптыорындыққаіліп(немесеарнайысөреге)қоюдыүйрету.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканыдамыту)**<br>Балалардыңтыныш ұйықтауыүшінжайыбаяу музыкатыңдау.Орысхалықертегілерінoқыпберу**(көркемәрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту,сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстауғжаттығуларын жасату.Ригалық әдісбойынша сауықтыру.(денежаттығулар менбелсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қызбалалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**Қолдарынжуу,құрғатыпсүрту, сүлгініөзорнынаіліп қоюдыүйрету.**(мәдени-гигиеналықдағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысы(асханақұралдарын,майлықтарды үстелге қою,соңынанжинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.(**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау жәнетағыбасқаәрекеттер)** | Тәулік бөліктерін тануындамыту олардыатау -таңертең, күндіз, кеш,түн. Таңертеңқандай іс әрекет жасағандарын күнтәртібі кестесі бойыншакөрсету.<br>**(математиканегіздері)**<br>Балалардың таңдауыбойыншаб алапанды ермексаздан жасау, ұйқұстарын фланелеграфтажапсыру.<br>**(мүсіндеу,жапсыру)** | Үстел үстітеатройыншықтарын солжақтан оңжаққа қарай орналастырудағдыларын дамыту<br>**(Математика негіздері)**<br>Құрастырмалыойыншықтарданұйрекке ұйқұрастыру<br>**(Құрастыру)**Фланелеграфтаұйректі балапандарымен солжақтан оңжаққа қарайжапсыруды | Балапанойыншықтарын солжақтан оңжаққа қарай орналастыру,салыстыру (үлкенікіші)<br>**(Математиканегіздері)**<br>«Әнші балапан»әнін тыңдату, сюжеттікмүсіндеу.<br>**(Мүсіндеу)** | «Ұсқынсызүйрек»және«Жетілақ»ертегілерінайтыпберудағдыларынпысықтау.Кітаптарғақарапайту.дауысты(а,ә,е,о,ұ)жәнекейбір дауыссыз (п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстардыайтабілуінпысықтау.<br>**(сөйлеудідамыту)** | Кітаптардан ертегілердіқарау. Суреттер арқылыертегіайтыпберу дағдысынқалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**Балалардың таңдауыбойыншаертегі кейіпкерлері немесе ойданшығарылғанертегі кейіпкерлерін суретінсалып,мүсінінжасау.<br>Дайын пішіндерден ертегікейіпкерін жапсыружұмыстарынорындау<br>**(сурет салу, мүсіндеу,жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пысықтау **(Жапсыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі),тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсіндіру**.** Аюпов Абдукарим | Спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игеру. Асылхан Нұрали | Таныс ойыншықтарды, жемістерді, көкөністерді 2-3 сөзден тұратын жай сөйлеммен сипаттауға үйрету. Асхатұлы Нұрали | Ермексазды алақанға салып тік және дөңгелетіп есуге үйрету. Абайқызы Ләйлім | Негізгі қимылдарды ойын түрінде үйрету. Асхатұлы Нұрали |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар** Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерінреттіліксақтапдұрыскиінугеүйрету.Достарынакөмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбаудыүйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балаларменжоспарлау.(**сөйлеуді дамыту,өзіне-өзіқызмететудағдылары,ірі жәнеұсақмоторика076ныдамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үй құстары туралы сұрауға кеңес беру. | Ұсқынсыз үйрекертегісін айтыпберуінсұрау | Әнші балапан әнін тыңдап, бірге орындауға кеңес беру. | Қуыр қуыр қуырмашты үйде жасауға кеңес беру. | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы Тақырыбында әңгімелесу. |

<u>Тексерген әдіскер Г. Токтагулова</u>

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 31.10-04.11.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 31.10.2022 | Сейсенбі 01.11.2022 | Сәрсенбі 02.11.2022 | Бейсенбі 03.11.2022 | Жұма 04.11.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зиятткерлік қабылетін дамыту үшін балалардыңназарынадамныңжекеқасиеттеріне(мейірімді,жанашыр)аударуды үйрету.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, қарату.<br>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Сөрелерге ойыншықтарды жинау. | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 5 Таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату<br>**(құралсыз).** | | | | |
| **Таңғыас** | Күнделіктіөмірдегигиеналықдағдылардысақтауқажеттігінбілуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері.<br>Балалардың зейінін әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен өзіме аударып, бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелген деп «Көңілді-күн» әнін айтқызу.<br>«Менің кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Үйден алып келген кітаптарын қарау.<br>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мумкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру** Нұсқаушының жоспарымен |
| | Таныскітаптардағысуреттердібалаларменбіргеқарастыру,оларғасуреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерінтыңдауды жетілдіру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппараттыдамыту жаттуғыларын жасату **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Кітаптан «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбірдауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айтуын үйрету Шалқанның суретін салдырту. Балалардың таңдау бойынша қарындаш немесе қылқаламмен жұмысын жасату. Сурет салу кезіндеқарындашты,қылқаламдықаттықыспай,дұрысұстауды үйрету. Ермек саз кесектеріналақандары ныңарасындадомалату, есу,жаютәсілдеріарқылы шалқанды мүсіндету Дайын шалқанды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту. **Сөйлеуді дамыту) (Сурет салу)** | Балаларды геометриялық фигура үш бұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеугемүмкіндікберу. Топтағы заттардан фигураларға ұқсас келетіндерін табу. Кітаптардан сондай пішін барма қарап, тапқызыу Үшбұрыш фигурасын пайдаланып әр түрлі құрылымдарды ойдан шығарып құрастырту. **Математика негіздері) (Құрастыру)** | Шалқанның суретін салдырту. Кітаптарғақызығушылықтыояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Балалардың сөздік қорын ойындармен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Балаларға бір бірден қораптан зат алдырту. Алмай жатып ол не екенін сипап сезу арқылы тапқызу. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелерді,кірпіштерді ажырата білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту және көркем** | Затесімдердіүстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету. Үйректі ермексаздан жасату. Мүсіндеубарысындақауіпсіздіктісақтауға,ұқыптыболуғабаулу. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) (Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу | | **әдебиет)**<br>**(Құрастыру)** | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардысыртқыкелбетінбақылауғаүйрету;<br>Балаларды  ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына  байланысты), дұрыс киінуін бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **«Күзгі саябаққа серуен» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл аудару, бақылау, әңгімелеу.<br>**Еңбек:** саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратуды үйрету.<br>**Балалармен жеке жұмыс:** тақпақ жаттату. **(көркем әдебиет)**<br>Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар».<br>Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.<br>Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсаматынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті:** қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндетттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндетттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар | **Аққайынды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерді бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Қайың өте әдемі ағаш. Оның ақ түсті қабығы ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі қатты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді, оның гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Күз мезгілінде жапырақтары алтындай жарқырап жерге түседі. Суретшілер қайыңның суретін салуды ұнатады. Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. **(сурет салу)**<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңды ағаштардан қурап түскен бүршіктер | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау, жаңбыр<br>Жау, жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту - бұлттар неге ұқсайды.<br>**"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді.<br>Күрделенуі: сызықтардан жылдам секіру (уақытқа).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттықтыру. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Д. Ахметова.<br>**"Қарақұс пен** | мен ұсақ бұталардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдаландыру.<br>**"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарын үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынын арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар қояндар болады.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар екен?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұруы тиіс.<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат- | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарын баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құрғақ жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктілігін бекіту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндетттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндетттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндетттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да, аланды алыстан бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, өз орындарына доптан жылдам қашып баруға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойынның қауіпсіздігін қадағалайды. **"Қайыңға қарай жүгір" қимыл-** | міндеттері. Балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбердің біресе бір жағына, біресе екінші жағына жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық | **жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге дағдыландыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауды үйрету. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру. | балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру.** | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтарды байқауға,олардыересектіңкөмегіменнемесеөзбетіншереттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Мәдени-гигиеналықдағдылардыжетілдіру,тамақтану,жуынукезіндеқарапайыммінез-құлық дағдыларынқалыптастыру.Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру. Үстел басында | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпеншәйқасықты,шанышқыны,майлықтыдұрысқолдану;нандыүгітпеу,тамақтыауызды жауып,шайнау,ауызды толтырып сөйлемеу.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату.<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Тарақтыжәнеқолорамалдыпайдаланудыүйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Кітаптардан дене мүшелері бейнеленген суреттер қарату. Өзініңденемүшелерінбағдарлаужәнеосығанбайланыстыөзінеқатыстыкеңістікбағыттарынанықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына қойып ойнату.<br>**Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату.**<br>Кітаптың мүсінін ермексаздан жасату Балалардыңжапсыруға қызығушылығынартты | «Шалқан» ертегісін қайталап оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету.<br>Балалардың көздерін байлап, қолдарына бір зат беру. Заттардың сапаларыменқасиеттерін: сипап сезу,дәмінкөру,естуарқылытанудықалыптастыру<br>**(Көркем әдебиет)**<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттардыжалпы(ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаз)жәнеерекшебелгілерібойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар карауды дамыту.<br>Ұжымдық жұмыс.<br>Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен | Көлденеңжәнетіксызықтардысалу,олардыңқиылысуын жүргізебілуді үйрету. Кітапқа қарап әр түрлі кейіпкердің (бауырсақ) бейнесін салу, мүсінін жасауды және жапсыруды үйрету.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Кілемшені сәндеу. Қағазбетіндекөлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды,содан соң пайдаболғанбейненіқағазғажапсыруды үйрету.<br>Ұсқынсыз үйрекке ұя жасау.<br>Ойнапболғаннанкейі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ру. Кітап бетіне дайын пішіндерді жапсырып сәндеуді үйрету. **Математика негіздері)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | | жапсырту. Ойыншықтар,киім,аяққиім,ыдыс,жиһазды таңдауы бойынша ерекшебелгілерін бере отырып ермексаздан мүсіндету. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **(Жапсыру)** **(Мүсіндеу)** | | нбөлшектердіжинауға,қауіпсіздіктехникасыережелерінсақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Жапсыру)** **(Құрастыру)** |
| **Балалрменжекежұмыс** | Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруға үйрету. . Асылхан Нұрали | Дыбыстарды дұрыс, анық айту арқылы тақпақ өлеңді жатқа, мәнерлеп айта алады. Аюпов Абдукарим | Қағаздан көлемді пішіндер жасауды,қарапайым тәжірибеге қызығушылық таныту қабілеттерін дамыту. Ақболат Амина | Бағдаршамның белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Бақтыбай Алинұр | Жаттығуларды жасауда, соның ішінде жүгіру, секіру, көңіл-күйін көтеріп жүруді, өзін дұрыс ұстап жүруді біледі. Малік Аяулым |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оңбағалаужәнеөзін-өзібағалауын дамыту. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | | | | |

Тексерген әдіскер Г. Токтагулова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»**
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 07-11.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 07.11.2022 | Сейсенбі 08.11.2022 | Сәрсенбі 09.11.2022 | Бейсенбі 10.11.2022 | Жұма 11.11.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, тазалығы дәне денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау,<br>Табиғатбұрышынмекендеушілердібақылаудағдыларынқалыптастыру.**Бaлармен жеке жұмыс.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруінеықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарынқалыптастыру. | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 5 Таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен).**<br>Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту; сақ болуға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктердіберу. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бала бала балақан» видео<br>Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Тазалық денсаулық кепілі», «Тазалық деген не?», «Денсаулық деген не?» тақырыбында әңгімелесу негізінде | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Видео материал көру Денсаулық дегеніміз не? «тазалық деген не?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру Салынған тазалық құралдары, сүлгі, тарақ, тіс щеткасының түстерін дұрыс таңдап бояу. Құрылыс заттарынан жуынатын бөлме құрастыру **(сөйлеуді дамыту)** **(Сурет салу)** **(Құрастыру)** | Ересектердіңсөзінтыңдаужәнетүсіну**.** «Кірқоймас» мультфилімін тамашалау. Артикуляциялықжәнедыбыстықаппаратты,сөйлеукезіндетынысалуды,естуді дамыту жатығуларын жасату **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Менің бөлмем» тақырыбында әңгімелесу. Үйде қандай тазалық жұмыстарын жасайды. Сөйлеуәдебініңтиістіформаларындұрыс қолдануды үйрету Фланелеграф тақтасына үйдің тазалығына қолданатын заттарды тауып жапсырту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **(Жапсыру)** | Денсаулыққа пайдалы дәрумендерді қайдан алуға болады? Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау жәнетолықжауапберуді дамыту. Дәруменге бай көкөністердің суретін таңдауы бойынша салдырту **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **(Сурет салу)** | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Тазалық құралдары жеке басқа, үйге арналған суреттері арқылы жеке жұмыстарды орындату. дәстүрден тыс сурет салу негізінде (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті бояулармен) таңбалап салу дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс жасату **(математика негіздері)** **(Сурет салу)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта(терезеніңалдынашықпау,розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянылтан ұстау) қауіпсізәрекететудағдыларынқалыптастыру Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Бақылау барысы. Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды ұсынады.<br>- Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.)<br>- Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару үшін.)<br>- Балалар, көліктер әртүрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жолдың бойымен ағылып кетіп жатады.<br>**Еңбек әрекеті:** құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру.<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке, | **Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы ақпарат беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау.<br>- Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>- Құстар немен қоректенеді?<br>- Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?<br>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай?<br>- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Құстар қандай дыбыс шығарады?<br>Тақпақ.<br>Бөдене, бөдене,<br>Бұғып қалып көдеге,<br>Ұстатпайды қусам да,<br>Тойғызар ем бедеге.<br>**"Ұшты-ұшты" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшатын заттар мен ұшпайтын | **Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан түріне назар аудару. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту.<br>**"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету.<br>**"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Өрт сөндіру машинасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін кеңейту; қызығушылықты дамыту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы қоқыстарды жинау)<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Лақтыр да, ұстап ал". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету.<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **"Түрлі түсті көліктер" ойыны. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі түсті машинар), рөлдер. **"Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. **Дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығулар.** Мақсат-міндеттері. Екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. **Балалардың еркін ойыны.** | қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. **"Не жөнінде айтылады?" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). **"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. **Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).** Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. | заттарды ажыратуды үйрету. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлігі атауларын немесе кез келген заттың атауларын атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қаққандай қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: "Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!" (қолдарын қимылдатады). "Ұшты-ұшты, кітап ұшты!" (қолдарын қимылдатпайды). **"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; | Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. **Еңбек әрекеті:** құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың еркін ойындары.** | ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету. | шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала болуы мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар.<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы сыпыруға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаңылтпаштар, санамақтар  және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдынғагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу,  қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану<br>Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою)<br>Тамақтану (өзорнынбілу,  дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу,  ұқыптытамақтану ,  сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін  және т.б  ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау  жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесінас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық  дағдылар**).<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топтағы тарақтарды ұзындығы мен ені бойынша салысытыру.<br>«Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату.<br>Сабынның мүсінін жасату.<br>**(математика негіздері)**<br>**(Мүсіндеу)** | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу.<br>Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың  суреттерін салдырту, тұзды қамырды пайдаланып құс мүсінін жасату.<br>Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден құстарды | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету<br>Тазалық құралдарының суретін салып, ермексаздан мүсінін жасату.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Құрастыру)** | Құлпынай мен қарақатты және т.б жидектерді салысыру. Үлкен кіші сөздерін пайдалануды пысықтау.<br>Бөліп себеттерге салғызу.<br>«Артығын тап» дидактикалық ойыны.<br>Карточкалардан | Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту.<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ермаксаздан апта бойы жасаған жұмыстың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жуынатын бөлме суретіне сүлгі сабын тіс шеткесін, тарақты жапсыртуды пысықтау. **(Жапсыру)** | жапсырту. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | | бірдей жидектен артық жидекті тапқызу. қарапайым біріктіру білігін жетілдірумен. жидектерді мүсіндету, жапсырту **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** **(математика негіздері)** | ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсырту дағыдысын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Қоршаған ортамен таныстыру)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** |
| **Балалрменжекежұмыс** | Дыбыстарды дұрыс айтуға (а-ә, о-ө), суретке қарап отырып даусын салуға, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға үйрету**.** Рахатұлы Алихан | Табиғи материалдардан және конструктордан түрлі құрылыс бұйымдарын құрастыруға талпындыру Сейполда Ислам | Таныс ертегілерді мазмұндап айтып беру,сахналау,ойдан әңгіме құрастыру арқылы сөздік қорын молайту . Шоканова Малика | Үлгі бойынша сурет сала білу,түрлі тәсілдермен мүсіндеу және дөңгелек пішіндерді қия білу қабілеттерін дамыту. Тұрсын Аңсар | Ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауды үйрету. Тоқтарбай Арсен |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Балалармен тазалық туралы әңгімелесу.<br>Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну.<br>Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру. | | | | |

<u>Тексерген әдіскер Г. Токтагулова</u>

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 03-07.11.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 14.11.2022 | Сейсенбі 15.11.2022 | Сәрсенбі 16.11.2022 | Бейсенбі 17.11.2022 | Жұма 18.11.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралыәңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап»<br>Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 6 Таңертеңгі жаттығуларын жасату (**құралсыз )** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бес саусақ» өлеңі<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы<br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(көркем әдебиет)**<br>«ойыншықтар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымының кестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту,байланыстырып сөйлеуді үйрету.<br>**Сылдырмақ**<br>Өзінше бір жыр жырлап,<br>Отырінімбылдырлап.<br>Әрі ойыншық, әрі аспап<br>Қолындабарсылдырмақ.<br>*К.Ыбрайұлы*<br>Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау.<br>Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу дағдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. | Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету.<br>«Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату<br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту.<br>Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатынтуыстыққатынасқабайланыстысөздерді(«бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас») айтужәнетүсінудағдыларын қалыптастыру<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**.(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>**Қазақ тілі** | Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату<br>Таңдаған ойыншығының жұмыстарын орындату<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу.<br>**суретін салу және жапсыру, мүсіндеу (сөйлеуді дамыту)** | «Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету.<br>Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(сурет салу, мүсіндеу).** | «Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау.Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру.<br>Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту **(сөйлеуді дамыту)**<br>**(сурет салу)**<br>. **(көркем әдебиет)**<br>**(құрастыру)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: күздің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтыру, табиғаттың әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау).<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.** | **Жапырақтардың жерге түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға күзгі табиғат ерекшеліктерін түсіндіріп, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. Жапырақтар жерге неге түседі? Бұл туралы балаларға мағлұмат беру.<br>Тапсырма: «Күзгі кілем» атты тақырыпқа апликация жасау.<br>Сұрақтар:<br>- Ағаштар мен бұталардың жапырақтары қандай?<br>- Жапырақтары ең көп түскен ағаштардың атын атаңдар? | **Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға | **Шырша ағашын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы түсініктерді тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру.<br>Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту.<br>Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту.<br>Шыршаның негізгі түсін, неліктен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. **(дене шынықтыру)**<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:"Мені ұстап ал". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: | - Ал қандай ағаштар мен бұталардың жапырақтары әлі жасыл?<br>- Ағаштардың жапырақтары неге күзде түседі?<br>- Бұл құбылысты не деп атаймыз?<br>Көркем сөз:<br>Жапырақтар саулайды<br>Ағаштың басынан.<br>Ұшып жатыр жан – жаққа<br>Шегетіндей тау қайғы<br>Бұлақтарда тасыған.<br>**Қимылды ойын: «Ормандағы аю» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: Ойынның шартын бұзбай, бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайтып ойнау.<br>**Еңбек:** Жерге түскен жапырақтардан әсемді күзгі гүл шоғын жасау.<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың әсемдікке деген талғамын қалыптастыру.<br>**Қимылды жаттығулар:** Баскетбол ойынындағы жаттығуларды жасап үйрену. | жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.<br>**"Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.<br>Құралдар: лақтыруға | ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты | жапырақтардың жоқ болғанын сұрау.<br>- Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, суықтан қорықпайды.<br>- Шыршаның бұтақтарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді.<br>- Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып,денеміздің сау болуына көмектеседі.<br>Жасыл желек жамылған<br>Міне, сұлу шыршамыз<br>Инелері тағылған<br>Қандай сұлу шыршамыз!<br>**Еңбек әрекеті:** ауланы қурап түскен жапырақтардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дене, қимыл қозғалыстарын дамыту. | | арналған құм салынған қаптар.<br>**Еңбек әрекеті:** бақшадағы көгөністерді суару.<br>Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** | лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету. | істі аяғына дейін жеткізу<br>**"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. **Балалардың еркін ойыны.** |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысынменгеру ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгекою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Табиғи материалдармен ойыншық жасату(жаңғақтармен) мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**<br><br>Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстарды орындату. Дидактикалық ойын «Артық пішінді тап Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер **(Мүсіндеу)** | «Маша мен аю» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету Көліктерді сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(көркем әдебиет, музыка) Математика негіздері)** | Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру. «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) (Математика негіздері)** | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. **(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. **( Көркем әдебиет) құрастыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер | Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(математика негіздері)** | | | | |
| **Балалarменжекежұмыс** | Әңгімелерді тыңдау арқылы оның мазмұнын жеткізе білуге және өлеңді жатқа айтуға үйрету. Шалқыбай Аяна | Заттарды түсі, өлшемі бойынша ажыратуға, орындауға, айтуға конструктормен бөлшектерді құрастыруға , ауа-райын ажыратуға үйрету. . Қазақпай Гаухар | Қағаздан көлемді пішіндер жасауды,геометриялық пішіндер мен геометриялық денелер туралы түсінік қалыптастыру. Куанышева Сара | Отбасы,отбасындағы тұрмыс,өзінің тұратын мекені туралы әңгімеге тарту арқылы тіл байлығын жетілдіру,сөздік қорын молайту. Қошқарбай Арнат | Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстай білуге жаттықтыру. . Сағатбек Айсұлтан |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Баласының көліктер туралы не білетінін сұрау.<br>Көліктер бейнеленген кітаптар карауды ұсыну | | | | |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 21-25.11.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 21.11.2022 | | Сейсенбі 22.11.2022 | Сәрсенбі 23.11.2022 | Бейсенбі 24.11.2022 | Жұма 25.11.2022 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балалармен жеке жұмыс.** | | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 6 Таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен).** | | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Алда қандай мезгіл келе жатыр? Қысқа дайындықты адамдар, жануарлар, құстар, көліктер қалай жасайды сұрау. Пікірлерін тыңдау. | | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | | | | | | |

| іс-әрекеттер | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка**<br>**Саз жетекшісінің жоспарымен**<br>**Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кітаптар орталығында қыс мезгілі бейнелеген кітаптарды көрсету. Қыс мезгілі туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау.<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Ауылға саяхатқа баруды ұсыну. Балабақшаның ішінде үлкен көлемді жануарларды тамашалау. Олардың қысқы өмірі туралы сұрау. Олар дала да тұрады, жаурайды ма, жаурамай ма? Олар тоңып қалмас үшін не істейміз деп әнгәмеге тарту<br>« Қошақаным» әнін айтқызу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)**<br>**Қазақ тілі**<br>Бұйрықрайлыетістіктердіжекелейқолдануғабаулу(бар,кел,айт). | «Бала бала балапан» әнін айтқызу. би қымылдарын жасату. Балапан туралы не білетінін сұрау.<br>«Құс қанат» оюын таныстыру, қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту.<br>Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(сурет салу)**<br>**(құрастыру)** | «Қай ертегіден» дидкатикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру.<br>Ертегілерде қыс бейнесі қалай бейнелегенін суреттерден көрсету.<br>Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салысытыру, санату<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату.<br>**(көркем әдебиет)**<br>**(математика негіздері)**<br>**(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | Терезеден көліктерді көрсету, дауыстарын салу. Кімнің үйінде көлік бар. Олар қалай қысқа дайындалады. Дөңгелектерін қалай ауыстырады. Диалог құруды үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Әр түрлі көлемде ермексаздан дөңгелектер жасату. Оларды салыстыру, санату,<br>**(математика негіздері және мүсіндеу)**<br>Көліктерге арнап гараж құрастырғызу<br>**(құрастыру)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған** | **Ауа райы жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен танысу,** | **Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау барысына басынан аяғына дейін зейін салып қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру.<br>Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, оның аумағында қандай өсімдіктер өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады.<br>Көркем сөз.<br>С. Сейтхазин "Ағаш".<br>Қала да орман, қыр да орман.<br>Сонау алыс жылдардан<br>Өзен бойы, жол бойы<br>Орман, орман ырғалған.<br>Қаптай өскен өңірді<br>Орман қандай өмірлі!<br>Нақтылау: қайсы ағаштар, қасы бұталар, қайсы гүлдер?<br>Гүлзардың жанына тоқтап, ондағы гүлдерді қарастыру.<br>Балалар өсімдіктердің жаз мезгілінде жасыл түсті болатынын аңғарады.<br>Жасыл түс - фотосинтездің (хлорофилл) нәтижесінде пайда болатын құбылыс.<br>**Еңбек әрекеті:** жолдарды сыпыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректер мен аңшылар"** | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.<br>Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсамайтынын байқайды.<br>**Еңбек әрекеті:** қураған жапырақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты | **сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Тұман табиғи құбылысы туралы түсініктерін қалыптастыру; мезгілдік құбылыстарды бақылауға, сол құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауды үйрету.<br>"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет!<br>Еңбек әрекеті: құмсалғыштағы құмды қопсыту.<br>Мақсат-міндеттері. Жұмысты тиянақты орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Жабдықтары: тырнауыштар, күрекшелер, қолғаптар.<br>**"Біздің бақта құстар** | **дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз.<br>Б. Соқпақбаев "Мысық".<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық.<br>Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>**Еңбек әрекеті:** ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне тастау.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене** | **сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау.<br>**"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын шартына сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.<br>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдам жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысу, ептілік пен қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады).<br>Әр бала өзіне керекті бояу түсін ешкімге айтпай таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде | арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру)<br>Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>(Д. Ахметова) | **ұшады" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға құстардың қимылдарына еліктеуді үйрету; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біздің бақта құстар ұшады. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлғау)<br>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру)<br>Біресе төмен түсіп бұтаққа қонады, (төмен отыру)<br>Біресе ұшаққа ұқсап көкке самғайды. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады.<br>Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.<br>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе бассалады!<br>Тышқанды кім құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар | мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар.<br>**"Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады, суретті көрсетеді, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жолдың бойымен қыдыруды ұсынады.<br>Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді, сол тәртіппен қайта қайтады.<br>Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы.<br>Балалардың бір-бірімен соқтығып қалмау үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады.<br>Ойынның күрделенуі: құм салынған кішкентай қапшықты алып, қолды белге қойып жүру әдісі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес (1, 2, 3) қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып кетіп, қайтадан қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдеуге болады.<br>Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлауды, тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | **"Қаракұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға алып шыққан материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру. | (Д. Ахметова)<br>**"Тауық пен түлкі" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың белгі бойынша. ойын ережесіне сай жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту. | қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұрады.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>**"Қапшықты кім алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.<br>**Еркін ойындар:** шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, | **Еңбек әрекеті:** қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>**Балалардың еркін ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | секірмежіптен секіру. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту)<br>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Әлем халықтарының ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітапта рқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. Жыл мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату. Балалардың таңдауы бойынша қарды ермексаздан жасату.Фланелеграфқа | Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту Құрастырмалы ойынышықтардан төрт түлікке қора құрастырту Фланелеграфта төрт | Торғай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту (үлкен, кіші «Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеуді орындату. **(Математика негіздері) (Мүсіндеу)** | «Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша көлік түрлерінің суретін салып, дайын дөңгелектерді көліктерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мақтадан жасалған қар ұлпаларын жапсырту. **(математика негіздері) (мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастырту. **(құрастыру)** | түлікті төлдерімен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(математика негіздері) (Құрастыру) (Жапсыру)** | | | жапсыру жұмыстарын орындату **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балаларменжекежұмыс** | Қимылдық дағдыларды,өз-өзіне қызмет көрсетудің дағдыларын меңгерту**.**<br>Құрмаш Раяна | Суреттің мазмұны бойынша шағын әңгіме құрастыра білуді үйретуді жалғастыру<br>Жұмағали Ерасыл | Спорттық ойындарға,түрлі тапсырмаларды шапшаң орындауға,жаттығуларға мұқият болуға жаттықтыру<br>Қайрат Аяна | Өзіне ұнайтын шығармалардың аттарын атап беруге,сахналық қойылымға қатыса білуге жаттықтыру.<br>Болысбай Аяла | Сипап сезу арқылы ажырату дағдыларын дамыту.<br>Қазақпай Гаухар |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.<br>Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру. | | | | |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 28.11-02.12.2022 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 28.11.2022** | **Сейсенбі 29.11.2022** | **Сәрсенбі 30.11.2022** | **Бейсенбі 01.12.2022** | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы же | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышын<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 6 Таңертеңгі жаттығуларын жасату (**құралмен )** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысы<br>**еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай ә | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Балабақша есігін<br>Үшке тола ашқанбыз.<br>Балапандай өсіріп,<br>Мәпелейдібақшамыз.<br>«Менің қалам» тақырыбында әңгімелесу. Саябақ, ойын сауық орталықтарымен, жергілікті жердің әдемі суреттерін көрсету.<br>Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша | | | | |
| | | | | | **ну** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | |
| **іс-әрекет** | Кітаптар орталығында үйлер бейнелеген кітаптарды көрсету. Қала туралы не білетінін анықтау. Қала туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. Ұжымдық сурет салу.бастыру әдісімен плакатқа үйлер салып, қаланы бейнелеуге баулу **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **(сурет салу)** | Үйден қаланың саябақтарында түскен фоталарын алып келтірту. Суреттерді тамашалап, естеліктерін бір біріне айтып беруін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **(музыка)** Саябақтың суретін салдырту. Ермексаздан ағаштар жасап, барлығын бір жерге жинап саябақ жасату. Дүкендегі ойын құралдарын құрастыруды жасату. Алдын ала үйретілген сөйлеуүлгілерінестесақтап,әңгімелесебілугебаулу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **(музыка)** **мүсіндеу, сурет салу,құрастыру, Қазақ тілі)** | Субұрқақтар туралы не білетіндерін сұрау. Сурет бойынша әңгімелеуді жетілдіру. Су бұрқақақты қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. Құрастыру материалдарынан су бұрқақты құрастырып жасату **сөйлеуді дамыту)** **(сурет салу)** **(құрастыру)** | Дидкатикалық ойын «Бұл қай жер» суреттерді көрсетіп қай жер екенін(саябақ, дүкен, сауда орталығы, емхана) тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Суреттегі ғимараттарды салысытыру, санату Балалардың таңдаған суреттері негізінде шығармашылық жұмыстарын орындату. **(сурет салу, математика негіздері)** **мүсіндеу жапсыру)** | «Менің қалам» тақырыбында отбас Салған суреттеріндегі бейнелерді үл **(көркем әдебиет)** **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Кім шкафтарын таза ұстау және жинауды қал **ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>Тақпақ.<br>Ермек Өтетілеуұлы "Іні".<br>"Бір ісіме қапа ма?" -<br>Деп қарайды апама<br>Сипаттырып басынан<br>Еркелейді атама.<br>**"Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жұппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалыс қызметінің қажеттілігін | **Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу.<br>- Бүгін біз ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз.<br>Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады.<br>Біз көмекші баламыз,<br>Төзімді, ұқыпты боламыз.<br>Шеберлікке жету үшін<br>Көп еңбек саламыз.<br>**"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында | **Арнайы көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту.<br>Педагог көшеде өтіп жатқан техниканы не үшін көлік деп атайтынын сұрайды. Балалар көліктерге тән ерекшеліктерді айтады, көліктердің түстерін, жеңіл көлік немесе жүк тасымалдайтын көлік екенін анықтап жатады.<br>**Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақша қайшысымен ағаштар мен бұталардың сынған, құрғақ бұтақтарын кию, оларды тазалау.<br>Мақсат-міндеттері. Бақша қайшысын қолдануды үйрету, | **Көкшымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**<br>Мақсат-міндеттері. Құстарға қызығушылық тудыруды жалғастыру; көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қардан тазарту).<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық".**<br>Мақсат-міндеттері. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кеглилер.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қимыл-қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. 2-3 м қашықтыққа алдыға қарай екі аяқпен секіруге | **Суды бақылау. (қоршаған ортаме**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың суды<br>Судың қасиеттері туралы білімдерін<br>кетеді, басқалары судың бетіне шыға<br>Бақылау барысы: балалардың назары<br>(ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі<br>су жазда қызады, адамдар шомылуға<br>Үлкен балалармен суға қандай затта<br>батып бара жатқанын анықтау.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөпте<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарап<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллер<br>**"Толқиды теңіз" қимылды ойын**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шыда<br>Балалар ойын алаңында айналып жү<br>Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт.<br>Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойы**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңб<br>дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа т<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Педагог барлық балалардың бірыңға<br>балаларды бір жаққа бұрып, беттері<br>міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбі<br>жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Балаларға ойын тақырыбын өздері та |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** ойыншықтарды жөндеу.<br>Мақсат-міндеттері. Ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауды, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.<br>Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. | отырған баланың бірінің артына орамалды тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br>**"Салыстырулар" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ұсынылған заттарды салыстыру, заттар туралы әңгімелерді құрастыру.<br>**Еңбек әрекеті:** ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу.<br>**Балалардың еркін ойыны.** | сынған бұтақтарды ғана жою керектігі туралы түсініктерін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны."Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгілі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп санаңдар!<br>"Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!"<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. | жаттықтыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**"Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру және қағып алуға жаттықтыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар:** секіру жаттығулары.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Секіртпені артқа, алға айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бе<br>жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқол<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауь | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | .Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орны **моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шашта **моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітапарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету.<br>Балалардың таңдауы бойынша ермексаздың түсін таңдап үй жасату, үйлерді, ағаштарды жолдарды фланелеграфта жапсырту.<br>Ірі құрылыс материалдардан үй құрастырту.<br>**математика негіздері) (мүсіндеу, жапсыру) (құрастыру)** | Өдері жасаған ағаштарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту<br>**(Математика негіздері)** | Топтағы ойыншықтарды үлкені кіші екенін анықтап салыстыруды пысықтау<br>Су бұрқақтың мүсін жасау, суды қағаздардан қиып ап жапсырту.<br>**(Математика негіздері) (Мүсіндеу) (Жапсыру)** | Ойыншықтарды пайдаланып, ойдан ертегі шығарып, бір біріне айтып беруін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптардан ертегілерді қарату. Сур Балалардың таңдауы бойынша ертег мүсінін жасату. Дайын пішіндерден **(сөйлеуді дамыту) (сурет салу, мүсі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Үлгі бойынша пішінін,пропорциясын ескере отырып,өз бетінше сурет салуын,қайшыны дұрыс ұстай білуін қалыптастыру. | Сандарды ретімен атап,жабайы аңдардың аттарын ажыратып атауды үйретуді жалғастыру Асхатұлы Нұрали | Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруға үйрету. Асылхан Нұрали | Жеке бөліктерді жапсыра білуге,қайшыны дұрыс ұстауға,ыдыстардың,жанурлардың суретін сала білуге жаттықтыру Аюпов Абдукарим | Өз бетінше сурет салуға,түрлі пішінд ынталандыру. Ақболат Амина |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар** Мәдени-гигие құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазал тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамы** | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Қаланың көрікті жерлеріне серуенге шығуды ұсыну. Апта бойы жасаған іс әрекеттер бойынша ақпарат беру. | | | | |

<u>Тексерген әдіскер Г Токтагулова</u>

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы; «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»**
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 05-09.12.2022 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 05.12.2022** | **Сейсенбі 06.12.2022** | **Сәрсенбі 07.12.2022** | **Бейсенбі 08.12.2022** | **Жұма 09.12.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зиятткерлік қабылетін дамыту үшін балалардыңназарынадамныңжекеқасиеттеріне(мейірімді,жанашыр)аударуды үйрету.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, қарату.<br>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары<br>Сөрелерге ойыншықтарды жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 7 Таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату<br>**((құралсыз).** | | | | |
| **Таңғыас** | Күнделіктіөмірдегигиеналықдағдылардысақтауқажеттігінбілуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер.<br>Ау, балалар, балалар!<br>Айналағақараңдар!<br>Биыл тәтті қыс болды,<br>Бұл бір сәтті іс болды. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ бұлт бүркеп аспанды,<br>Шекер жауа бастады.<br>Бұлқысқандай тамаша!<br>*Ә.Табылды* тақпағы арқылы қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін түсіндіру. Терезеге қарап ауа райын бақылау.<br>«Қыс мезгілі туралы не біледі?» «Қыста не болады?» тақырыбында балалармен әңгімелесу.<br>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Қыс мезгілінің суреттерін балалармен біргеқарау,оларғасуреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, бір бірінің пікірлерінтыңдайды. Домалақ қар кескінін балауыз және акварель бояумен салу.Өз қалауымен түстерді таңдайды және түстерді ажырата алады.<br>**Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет (Сурет салу)** | Кітаптан «Қар ханшайымы» ертегісін оқып беру. (жартысын түстен кейін оқу) Суреттерін көрсету. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдердіенгізу.Үлгі бойынша бейнелік сипатты әңгіме құруға үйренеді.Сөздің түрлендіруне жаттығады. Суық , аяз -жылы, қыс- жаз сөздер мағанасы бір екенін біледі.<br>Ермек саз кесектеріналақандарының арасындадомалату, есу,жаютәсілдеріарқылы қар ханшаймының таяғын мүсіндету<br>Ханшайымды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырады. | Балалар топтың ішінен бірнемесебірнеше бірдей заттытабу,«қанша?неше?»сұрағынажауапбереді.<br>Топ ішіндегі заттарды дұрыс орналастырады. Топтың ішіндегі үй жануарларына құрағыштардан ойын құралдарынан қамал құрастыру.<br>Ойнапболғаннанкейінбөлшектердіжинауға,қауіпсіздіктехникасыережелерінсақтауға,ұқыптылыққа баулу.<br>**Математика негіздері) Құрастыру)** | Ғажайып қоржын. ішінен әр түрлі заттарды алдырту. Оларды арнайы қораптарға салдырту негізінде заттардыжалпы(ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаз)жәнеерекшебелгілерібойынша жалпылаушы сөздермен атайды.<br>Топтағы құрастырғыш ойыншықтардан Құрылыстарын орналастыру бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата біледі,.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) (Құрастыру)** | «Қар ханшайымы» ертегісі туралы не білетіндерін естеріне түсіру, мультфилімін көрсету. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттайды.<br><br>Балалардың қалауы бойынша аққала немесе қар түйіршіктерін ермексаздан жасайды. Мүсіндеубарысындақауіпсіздіктісақтауға,ұқыптыболуғабаулу.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жуанжәнежіңішкетүбірсөздердіажырату,олардыкөпшетүрдеқолдануғаүйрету.Бұйрықрайлыетістіктердіжекелейқолдануғабаулу(бар,кел,айт).<br>**(Сөйлеуді дамыту**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)**<br>**Қазақ тілі** | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардысырткыкелбетінбақылауғаүйрету;<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ұжыммен қар тазалау.<br>Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. (еңбек дағдылары)<br>**Қимыл-қозғалыс** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауы туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру.<br>Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | **ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | Жұмысқа жауапкершілікпен карауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары)<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.<br>**(дене шынықтыру)** | бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтарды байқауға,олардыересектіңкөмегіменнемесеөзбетіншереттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Мәдени-гигиеналықдағдылардыжетілдіру,тамақтану,жуынукезіндеқарапайыммінез-құлық дағдыларынқалыптастыру.Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпеншәйқасықты,шанышқыны,майлықтыдұрысқолдану;нандыүгітпеу,тамақтыауызды жауып,шайнау,ауыздытолтырып сөйлемеу. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,тіститазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтардыбайқауға,олардыересектіңкөмегіменнемесеөзбетіншереттеуге баулу. Тарақтыжәнеқолорамалдыпайдалануды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Өзінеқатыстыкеңістікбағыттарынанықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына жасыру бойынша ойнату. **(Математика негіздері)** | «Қар ханшайымы» ертегісінің жалғасын оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. **(Көркем әдебиет)** | «Қаладағы қыс» Қыстың аппақ қаламыАғартыптықаланы. Аялап жүр аяз кеп,Ауладағыбаланы. Соғыпүлкен аққала, | Ұжымдық жұмыс. Қыс мезгілі. Ақ қағазға бірнеше баладан бөлініп, дайын пішіндерді жапсырып, қардың суретін салу. **(сурет салу, жапсыру)** | Қар ханшайымы ертегісіндегі Кай мен Герданы фланелеграфқа орындарын тауып жапсыру. **(Жапсыру)** Кай мен Гердаға әдемі үй |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату.<br>Қар түйіршігінің мүсінін ермексаздан жасату<br>**(Мүсіндеу)**<br>Фланелеграфқа қыс мезгілінің көрінісін бейнелейтін белгілерін жапсырту.<br>**(Жапсыру)** | Дөңгелек пішінді қарды бейнелеу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынғанартық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызыпжіберіп бояуды үйрету.<br>**(Сурет салу)** | Соған мәз боп, шаттана,Асырсапжүр аланда Қаратысыптопбала Өлеңдітыңдайбілуге тәрбиелеу. Не туралы айтылғанын сұрау. Терезеден аққаланы көрсету. Аққала туралы не білетінін айтқызу.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Бірінші топ балаларына аққаланың мүсінін ермексаздан жасату екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп аққала жапсырады<br>**(мүсіндеу, жапсыру)** | Топтан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбыменөлшемібойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа,артық-кем)салыстыруды үйрету<br>**(Математика негіздері)** | құрастыру.<br>**(Құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бағдаршамның белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Бақтыбай Алинұр | Ойдан әңгіме құрастыруға,ертегілерді сахналауға ынталандыру<br>Малік Аяулым | Геометриялық пішіндерді атауға, ажыратуға, конструктормен құрастыра білуге үйрету, жаттықтыру<br>Рахатұлы Алихан | Өз бетінше сурет салуға,түрлі пішіндегі заттарды мүсіндеуге,қайшыны дұрыс ұстап,пайдалана білуге ынталандыру.<br>Сейполда Ислам | Түрлі тапсырмаларды шапшаң,жақсы көңіл-күймен орындауға қызығушылық таныту.<br>Шоканова Малика |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оңбағалаужәнеөзін-өзібағалауын дамыту.<br><br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру.<br>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру |

Тексерген әдіскер Г .Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы**; «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 12-15.12.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 12.12.2022 | Сейсенбі 13.12.2022 | Сәрсенбі 14.12.2022 | Бейсенбі 15.12.2022 | Жұма 16.12.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, тазалығы дәне денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғатбұрышынмекендеушілердібақылаудағдыларынқалыптастыру.**Балалармен жеке жұмыс.** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруінеықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарынқалыптастыру. | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 7Таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен).** Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту; сақ болуға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктердіберу. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бала бала балақан» видео<br>Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Қазақстан туралы не білесіңдер?»тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| Білімберуұйымының кестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Видео материал көру Қазақстан дегеніміз не? Сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру суретерін көрсете отырып балалаға мағұлмат беру,Қазақстан респубуликасы мемелекеттік туы ортасында шұығылалы күн,Оның астында қалқып ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата.Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақыштанған.Күн ,оның шұғыласы ,қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақнегізгітүстерменолардың реңктерін (қызғылт,көгілдір,сұр) түсті қолдану Ішінен көк түсті тану. Туда бейнеленген күнді салу. Суретсалудақауіпсіздіктісақтауға,ұқыптылыққабаулу. Құрылыс заттарынан күн бейнесін балалар ұжымен бірлесе отырып | Қазақстанды мекендейтін ерекше жануарлар туралы мультфильмдер,ертегілеркөргенненкейінбалалардыалғанәсерлеріменбөлісу. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді(«бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас») айтужәнетүсінудағдыларын түсінеді. **сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) (Қоршаған ортамен таныстыру) Қазақ тілі** | «Менің қалам, балабақшам» тақырыбында әңгімелесу. Кітаптардан суреттер қарау.Суреттегі бейнелерді атау. Фланелеграф тақтасына үйдің және балабақшаның заттарын тауып түсін және пішіндерін тауып жапсыру. **сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) (Жапсыру)** | Кітаптан балалардың сұраныстары бойынша ертегілер оқып беру. Көрген ертегілерінен кейінбалалардыалғанәсерлеріменбөліседі. Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Өлшемдеріқарама-қарсыжәнебірдейзаттардысалыстыру,заттардысалыстырудашаманыңберілгенбелгісібойынша(ұзындығы,ені,биіктігі,жалпышамасыбойынша)біртзаттыекіншізатпенбеттестіружәнежанынақоютәсілдері арқылы салыстырады **сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) (математика негіздері)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күнің бейнесін құрастыру **сөйлеуді дамыту)** **(Сурет салу)** **(Құрастыру)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта(терезеніңалдынашықпау,розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсізәрекететудағдыларынқалыптастыру Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қар жауғаннан кейін жолды тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**: сызықтар | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту; сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан құрылыстар жасау). Мақсат-міндеттер: педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене шынықтыру)** | **Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан төбешік жасау). Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға -** | **Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасында жүру (10-15 см). **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру. | Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** жылан секілді қозғалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету. | **торғай".** Мақсат-міндеттер: мұқият тыңдап, бұйрық бойынша әрекеттерді орындау; достық қарым-қатынасты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бір кесек қармен нысанаға тигіз. Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту. | үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану<br>Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою)<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Асішуқұралдарынорнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,тістітазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтардыбайқауға,олардыересектіңкөмегіменнемесеөзбетіншереттеуге баулу.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесінас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Туды көрсету оның көлемі түсі пішіні туралы айту. «Артығын тап» **дидкатикалық ойынын ойнату. (математика негіздері)** Күннің мүсінін жасату. **(Мүсіндеу)** Көк параққа күнді жапсыру. **(Жапсыру)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы жануарлардың суреттерін бояту, тұзды қамырды пайдаланып жануар мүсінін жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден жануарларды жапсырту. **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету **(Құрастыру)** Ермексаздан ағаштың мүсінін жасату. Ағаштардың суретін бояту. **(Сурет салу) (Мүсіндеу)** | Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу Ермексаздан жануарлар жасап орманға орналастыру. Менің Қазақстаным тақырыбында композицияны фланелеграфта жапсырту **(Мүсіндеу) (Жапсыру)** | |
| **Балалarменжекежұмыс** | Спорттық ойындар мен жаттығуларды және тапсырмаларды мұқият орындауға дағдыландыру. . | Үлгі бойынша пішінін,пропорциясын ескере отырып сурет салуға,суретті | Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға,ауа-райының өзгерісін орыс тілінде айтып | Заттарды түсі, өлшемі бойынша ажыратуға, орындауға, айтуға конструктормен | Түрлі пішінде көлемді заттардың суретін сала білуге және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тұрсын Аңсар | мұқият бояуға жаттықтыру. Тоқтарбай Арсен | беруге дағдыландыру**. .** Шалқыбай Аяна | бөлшектерді құрастыруға , ауа-райын ажыратуға үйрету. . Қазақпай Гаухар | мүсіндеуге,қайшымен дұрыс жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. Қуанышева Сара |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Балалармен тазалық туралы әңгімелесу.<br>Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну.<br>Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру. | | | | |

Тексерген әдіскер Г Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Актиін» бөбекжай-балабақшасы»**
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 19-23.12. 2022 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 19.12.2022 | Сейсенбі 20.12.2022 | Сәрсенбі 21.12.2022 | Бейсенбі 22.12.2022 | Жұма 23.12.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу** | Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралыәңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап»<br>Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 8 Таңертеңгі жаттығуларын жасату (**құралсыз)**<br>Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту;ауырмауға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктерберу. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. **(көркем әдебиет)**<br>«Қысқы ойындар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | | | | | |

| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Терезеге қарап қай мезгіл екенін қандай белгілері арқылы тануға болатынын атату. Қар мұз туралы не білетіндерін сұрау. Суреттермен даладағы табиғатты салыстыру. Кітаптардан қыста ойнап жүрген балалардың суретін көрсету. Қар түйіршіктерін нысанға лақтыруға болатынын айтып, доптарды себетке лақтырып ойнау. қағаздарды умаждап қар түйіршіктерін жасау. Оны да себетке дәлдеп лақтыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, құрастыру)** | Қыста қандай ойындар ойнауға болады? Балалардың ойын тыңдау, суреттер арқылы ойын түрлерімен таныстыру. Қыстық ойындарды атау,шана,конки сырғанау.Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ойын құралдарының суретін салу, мүсінін жасату және қағазға жапсыру. Бұйрықрайлыетістіктердіжекелейқолдануғабаулу(бар,кел,айт).Сөздерді анық айту.Балалар мұз айдынға барып сырғанақ теуіп келді. **сөйлеуді дамыту (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Қазақ тілі** | Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының суретін салу және жапсыру, мүсіндеу жұмыстарын орындау. Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Қандай ойындар ойнауға болатынын сұрау. Дауыстарынан тану. Еркін ойындар ұйымдастыру. **(Суретін салу және жапсыру, мүсіндеу сөйлеуді дамыту)** | Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту ла-ла-лаЕрасыл жақсы бала, қа-қа-қаБақылдайды бақа. Тіл ұстарту жаттығуын жасау Қуыршақтармен ойын. Әлдилеу, тамақтандыру, ұйықтату. Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасау. **Сөйлеуді дамыту) (сурет салу, мүсіндеу).** | «Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау.Қоржындағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржыннан алған ойыншықтың сыңарын табу. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. Балалармен бірлесе отырп орындайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Қардың тереңдігін** | **Ағаштардағы** | **Терезедегі қырауды** | **Бұрқасынды** | **Қар жауғаннан** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері)**<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>**Қимылды ойын. «Ақшақардыізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға | **қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Бақылау:** қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру.<br>Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну.<br>Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады.<br>Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>**Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады.<br>Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» | **бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал.<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>Ырым.<br>Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады.<br>Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br>**Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру)**<br>Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.).<br>Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу. | **кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты.<br>Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру.<br>Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру.<br>Балаларды табиғатты сүюге үйрету.<br>Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және ептен іс-әрекет жасау.<br>**Еңбек:** мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. | **Еңбек:** балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар:** Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу. | үйрету.<br>**Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>**Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Шынықтырушараларынжүргізудебалалардыңденсаулықжағдайынескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу,жаттығулар мен массаж жасау.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысынменгеру ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Бүгінгі ойнаған ойындары ұнады ма сұрау. Ермексазбен қар түйіршіктерін жасау.<br>Карандаштармен суретін салу.<br>**(сурет салу, мүсіндеу)** | «Не дәмді?» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. **(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Қарама-карсытәулікбөліктерін бағдарлауына :күндіз-түнде,таңертең-кешке жағдай жасау<br>**(Математика** | Балабақша ауласында мекендейтін жануарлар туралы айту, көрсету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау<br>**(Математика** | Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету.<br>**(жапсыру)**<br><br>Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық**(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Құрастыру | Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру.<br>Мүсіндеубарысындақауіпсіздіктісақтауға,ұқыптыорындау.<br>Фланелеграфта сүйікті ойын құралдарын жапсыру.<br>Ойыншықтарының суретін бояу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **негіздері)**<br><br>Жекежұмыстарынұжымдыққомпозицияларға біріктірудағдыларынқалыптастыру.<br>Ермексаздан жасалған қар түіршіктерін біріктіріп қамал жасату.<br>**(Мүсіндеу)** | **негіздері)** | материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыру.<br>**(құрастыру)**<br>Еркін іс әрекеттер | **(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Геометриялық піш-ді атап айтуға, көлемін ажыратуға, конст-ден түрлі бөл-ді құрастыруға, топтастыруға, жем-ң сыртқы түрі, дәмі бойынша атауға үйрету<br>Қошқарбай Арнат | Көкөніс пен жемістердің суретін өз бетінше салып,таза бояуға жаттықтыру.<br>Сағатбек Айсұлтан | Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын және қағаздан көлемді пішіндер жасай білуін үйретуді жалғастыру.<br>Құрмаш Раяна | Геометриялық пішіндерді атай білуге, ажырата алуға (шаршы, үшбұрыш) үйрету.<br>Жұмағали Ерасыл | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру,өз бетімен құрастыра білуін жетілдіру<br>Қайрат Аяна |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Баласының қысқы ойындар туралы не білетінін сұрау.<br>Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар карауды ұсыну | | | | |

Тексерген әдіскер: Г Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 26-30.12.2022 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | **Дүйсенбі 26.12.2022** | **Сейсенбі 27.12.2022** | **Сәрсенбі 28.12.2022** | **Бейсенбі 29.12.2022** | **Жұма 30.12.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Жаңа жылдық ертеңгіліктегі қауіпсіздік шаралары мен ережелерді таныстыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй жануарларын тап», «Шыршаны сәнде»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау,<br>Құрастыру материалдарымен ойындары.<br>Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 8 Таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Жаңа жыл ертеңгілігіне жаттаған тақпақтар мен әндерді қайталау.<br>Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Қандай мереке келе жатыр? Жаңа жылға дайындықты адамдар қалай жасайды сұрау. Пікірлерін тыңдау. | | | | |

| Білімберуұйымыныңк естесібойыншаұйымд астырылған іс-әрекет | Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен | Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен | Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен | | Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шыршаны көрсету. Ол қай мерекенің белгісі екені айту. шыршадағы ойыншықтарды түрін түсін пішіндерін сипаттау, үйлерінде, тағы да басқа қай жерде шырша көргендерін сұрау. Шыршаның қасында тұрып, тақпақ, әндерін айту **(сөйлеуді дамыту ж әне көркем әдебиет) Математика негіздері** | «Шырша» әнін айтқызу. Шыршаға қағаздан ойыншық жасау, оны ілу. Табиғи жаңғақтардан шыршаға ойыншық жасап, ілу, сипаттау. Жапсырудатабиғиматериалдардыжәнеқағаздытүрлендіруәдістерін(жырту, умаждау,бүктеу,қатпарлау) қолдану. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарау. **(сөйлеуді дамыту, музыка, құрастыру, жапсыру) Қазақ тілі** | Жаңа жылдық сыйлық қорапшасын көрсету. Қай кезде қандай сыйлық алды, қандай сыйлық алғысы келеді? Сыйлық қорапшасының ішінде не зат бар екенін табу, сипаттау. Затесімдерді,етістіктердікелержәнеөткеншақтақолдануды жетілдіру Қазақша оюларды бояап терезе есік жақтауларын сәндеу. Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап шырша құрастыруға көмектесу **(сөйлеуді дамыту сурет салу) (құрастыру)** | «Қай ертегіден» дидкатикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеу. Жаңа жылға жаттаған тақпақтарменшағын өлеңдерді жатқа айту. Геометриялық пішін үшбұрышпентаныстыруды пысықтау, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеугемүмкіндік беру. Карточкалардан үш бұрышты табу ойынын ойнату. **(көркем әдебиет) (математика негіздері)** | Жаңа жыл мерекесіне арналған ас мәзірі. Балалардың сүйікті тағамдары туралы сұрау. Ол тағамды кім жасайды, не үшін ұнататынын сұрау. Суреттердің бір бөлігін көріп, қай тағам екенін анықтау. Тағамды қандай көкеністен жасалғанын айту. Ермексаздан дөңгелектер жасау. Қызғылт мандарин, сары банан, қызыл сары алма жасау. Оларды салыстыру, санату, Мерекелік дастарханға арнап үстел құрастыру. Жасаған заттарын бетіне ою өрнек салу. **(көркем әдебиет) (математика негіздері және мүсіндеу) (құрастыру)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**Қимылды ойын: «Бәйге» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға | **Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.<br>**Бақылау:** желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бермеймін». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақал-мәтел.<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>**Бақылау:** қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудартту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты | **Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>«Қарағай».<br>Тау баурайын - жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма | **Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Көркем сөз.<br>Шыр-шыр еткен торғайды.<br>Қорғамасаң болмайды,<br>Кіп-кішкентай торғайлар,<br>Бақшамызды қорғайды.<br>Жұмбақ.<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы,<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(Бозторғай)<br>**Бақылау:** құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек:**<br>Мақсат-міндеттері. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | ету.<br>**Өз бетімен ойындар:**балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәикестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту. | сүюге үйрету.<br>Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>**Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>**Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. | ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Шаңғы жарысы». (дене шынықтыру)**<br>Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру).<br>Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>**Еңбек:** ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету.<br>Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** алдын- | немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру.<br>**Қимылды ойын «Қарғалар». (дене шынықтыру)**<br>Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру<br>**Еңбек:** қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу.<br>Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау. | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу» Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қыс мезгілі туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту;ауырмауға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктерберу. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Ұжымдық  сурет салдырту.<br>Әр түрлі пішіндегі қар түиіршіктерін салу Балалардың таңдауы бойынша қарды ермексаздан жасау.Фланелеграфқа мақтадан жасалған қар ұлпаларын жапсыру.<br>Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, әр түрлі құрылымдар құрастырту.<br>**(сурет салу)**<br>**(мүсіндеу, жапсыру)**<br>**(құрастыру)** | Өзініңденемүшелерін бағдарлаужәнеосыған байланыстыөзінеқатыстыкеңістікбағыттарынанықтауды: (үстінде-астында) меңгерту<br>**(Математика негіздері)**<br>Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. | Шыршаға ойыншықтар жапсыруды ұйымдастырып. Желімдеудің техникасын үйрену: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу,жаймадағыдайынүлгігежағу,желімніңқалдықтарынсүрту үшінмайлықтықолдануды. **(Жапсыру)**<br>Шырша ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту дағдысын дамыту(үлкен, кіші)<br>**(Математика негіздері)**<br>«Шырша» әнін тыңдату, балалардың таңдауы бойынша шырша ойыншығын мүсіндеу.<br>**(Мүсіндеу)** | «Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату.<br>**(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың таңдауы бойынша тағамдардың суретін салып, дайын тағам пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалерменжекежұмыс** | Сурет бойынша таныс шығармаларды атау арқылы сұрақтарға жауап бере алады<br>Болысбай Аяла | Киіз үйдің құрлысы,ұлттық киімдер мен әшекейлердің және өлі табиғат обьектілерінің аттарын атап ажырата білуге дағдыландыру.<br>Ақболат Амина | Өзі туған елді мекенін,туған жерін атап беру арқылы сөйлеу мәнерін,тілін дамыту.<br>Малік Аяулым | Өз бетінше табиғи материалдардан түрлі заттар дайындау,конструкторда н құрылыс құрастыру.<br>Бақтыбай Алинұр | Ойдан әңгіме құрастыруға,ертегілерді сахналауға ынталандыру**.**<br>Малік Аяулым |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына  көмектесу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.<br>Апта бой атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат беру. |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**«Актиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 04-06.01.2023 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 02.01.2023** | **Сейсенбі 03.01.2023** | **Сәрсенбі 04.01.2023** | **Бейсенбі 05.01.2023** | **Жұма 06.01.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойындармен ойнауы туралы кеңес беру.<br>Ата –ана кеңес, «Баланы қалай тәрбиелеу керек?» | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардыңназарынадамныңжекеқасиеттеріне(мейірімді,жанашыр)аударуды үйрету.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті бояу, қарату.<br>Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Заттар, ойыншықтар,кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Табиғатбұрышынмекендеушілердібақылаудағдыларынқалыптастыру | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 9 Таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату<br>**(құралсыз).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғыас** | Күнделіктіөмірдегигиеналықдағдылардысақтауқажеттігінбілуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер.<br>Терезеге қарап ауа райын бақылау.<br>«Қыс мезгілі туралы не біледі?» «Қыста қандай мерекелер болады?» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру** Нұсқаушының жоспарымен |
| | | | Балаларға қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатын тұрмыстықзаттардың, жемістердің,жануарлардың,төрттүліктіңатауларынайту және адам баласына тигізер пайдаларын түсінеді. Ғажайып қоржынға қолдарын салып, ішінен бір зат алу, оны атау, санау, топтастыру. Бірнешебірдей заттытабу,«қанша?не ше?»сұрағынажауапберу арқылы ойлау ,зейін қабілеттері дамиды.<br>«Заттар қасиеті»ойыны | Балалардыотбасыбейнеленгенфотосуреттердіқарау. Отбасын адамдарын атау балаларға үйде қалай атайтынын айту.Отбасында неше адам бар атын атау.<br>Жаңа жылдық дастарханда қалай жайғасатыны жайлы айту. Жаңа жылға арналған қағаздан үстел құрастыру және құрылыс бөлшектерін пайдалана отырып | Балалар өз қалаған ойыншықтарын алу. Сол ойыншықты әр жерге қояды, досы қай жерде қалай тұрғанын тауып айтады Сөздердіжіктелуіне,септелуінеқарайбайланыстыру,затесімдердіүстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге атау. Бірнешебөліктердіқосу,қысу,біріктіруарқылы өсімдіктердіжәнежануарлардымүсіндеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**(Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Суреттерге қарап заттың көлеміне ,пішіне қарай ажырата біледі.<br><br>**(Қазақ тілі, математика негіздері)**<br><br>**Дикдактикалық ойын;**<br>«Алыста ма, жақында ма?» | цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды пішіндерді ажырата біледі,<br>**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**(Құрастыру)** | **Дикдактикалық ойын;**<br>**«Сиқырлы қап»** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардысыртқыкелбетінбақылауғаүйрету;<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | | | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не?<br>(Қар).<br>**Бақылау:**<br>балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Болжау.<br>Аязды күні қар жауса – күн жылынады.<br>Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел.<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған | **Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар)<br>**Болжау.**<br>Қар түссе - күн жылынады<br>Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін | қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Еңбек.** Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. | Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. **Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. **Өз бетімен ойындар.** Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | **(еңбек дағдылары)**<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрену. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтарды байқауға,олардыересектіңкөмегіменнемесеөзбетіншереттеуді үйрену.<br>Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Мәдени-гигиеналықдағдылардыжетілдіру,тамақтану,жуынукезіндеқарапайыммінез-құлық дағдыларынқалыптастыру.Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрену. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қойуын үйрену. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпеншәйқасықты,шанышқыны,майлықтыдұрысқолдану;нандыүгітпеу,тамақтыауызды жауып,шайнау,ауыздытолтырып сөйлемеу.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату.<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,тіститазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтардыбайқауға,олардыересектіңк өмегіменнемесеөзбетіншереттеуге баулу. Тарақтыжәнеқолорамалдыпайдалануды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | | | Жаңа жыл мерекесі қалай өткенін сұрау. Қандай сыйлықтар алды, отшашуды көрді ме сұрау? Өзара әңгемелесу.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Балалардың қалауы бойынша жаңа жылда алған сыйлықтарының мүсінін жасау. Мүсіндеубарысындақауіпсіздіктісақтауға,ұқыптыболуғабаулу. Екінші топта сыйлықтардың суретін бояу.<br>**(мүсіндеу, сурет** | Ұжымдық жұмыс. Қыс мезгілі. Ақ қағазға бірнеше баладан бөлініп, дайын пішіндерді жапсырып, қардың суретін салу.<br>**(сурет салу, жапсыру)**<br>Топтан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбыменөлшемібойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа,артық-кем)салыстыруды үйрету<br>**(Математика негіздері)** | Қар ұлпаларын жаспыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды,жаймадағыдайынүлгігежағуды,желімніңқалдықтарынсүртуге майлықтықолдануды жетілдіру.<br>**(Жапсыру)**<br>Құрастыру құралдарынан қар пішінін құрастыру.<br>**(Құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **салу)** | | |
| **Балаларменжекежұмыс** | Дене жаттығуларын орындауға,спорттық жаттығуларға деген қызығушылық таныту. Рахатұлы Алихан | Түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. . Сейполда Ислам | Дыбыстарды дұрыс және анық айтуға, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға ойын арқылы үйрету Шоканова Малика | Құрылыс материалдарын көлемі, пішіні бойынша топтастыру Тұрсын Аңсар | Үлгіге қарап көп-аз ұғымдарын ажыратуды үйрету. Тоқтарбай Арсен |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оңбағалаужәнеөзін-өзібағалауын дамыту.<br><br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Таңғы серуенді қайталау | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. | | | | |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы**:«Актиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 09-13.01.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 09.01.2023 | Сейсенбі 10.01.2023 | Сәрсенбі 11.01.2023 | Бейсенбі 12.01.2023 | Жұма 13.01.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сипаттау дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, тазалығы дәне денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау,<br>Табиғатбұрышынмекендеушілердібақылаудағдыларынқалыптастыру.**Балалармен жеке жұмыс.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруінеықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарынқалыптастыру. | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | **№9 (құралмен)** Таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**<br>Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту; сақ болуға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктердіберу. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бес саусақ» өлеңі<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br>Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау.<br>«Қандай тағам жегенді ұнататынын сұрау?», «Мен аспазбын»тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Кітаптардан ұлттық тағамдардың суреттерін көрсету. Танып атайды. Соның ішінен қайсысын жеп көргенін сұрау.<br>Әже қонаққа келеді. Өзімен құрт, май, бауырсақ, жент алып келеді. Балалар дәмін көріп атын атайды. Балаларға үстел үсті ойын ойнау .<br>Балалар екі орталыққа бөлінеді. Бірі әжемен құрт жасаса, екінші орталықта тәрбиешімен жайылған қамырдан домалақ пішінді бауырсақтар ойып алады. Қазақ халқының дастарханға арналған үстел құрастыру.Бетіне қазақтың түрлі ою- | Балалардыңсөздіккөрынойындарменойынжаттығуларыарқылыкеңейту. Түстерді көрсету, балалар сол түске сәйкес келетін ойыншықты тауып атарын атау және оның түсін пішіндерін атайды.<br>Балаларды геометриялық фигура шаршыментаныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдаужәне түсінуді дамыту<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға | Балаларға ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаздарға арналған қораптар қойып қою. Топтан осы қораптарға сәйкес келетін заттарды жинау.<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттардыжалпы(ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаз)жәнеерекшебелгілерібойынша жалпылаушы сөздермен байыту,<br>Ақ қағаздарды жыртып, табаққа салып қамыр (жайма) жасау, сары түсті қағаздардан бауырсақ жасау.<br>**сөйлеуді дамыту және көркем** | «Дәу мен қаңбақ шал» ертегігісін оқып беру, кітаптардағы суреттерді таныстыру арқылы, басқа балалармен бірге отырып тыңдау; көрген суреттері бойынша өз ойын айтады;ертегі кейіпкерлердің аттарын, түстерін пішіндерін дұрыс орналастырады, айтады.<br>Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді -антонимдердіенгізіп қолдануды үйрету<br>Топтағы ойыншықтарды салыстыру.<br>Өлшемдерікарама-қарсыжәнебірдейзаттардысалыстыру,заттардысалыстырудашам | «Бауырсақ» ертегісін естеріне түсіру.<br>Бауырсақ туралы не білетіндерін сұрау.<br>Бауырсақ» Ертегісін қолға киіп суреттерді бойынша,балаларға түсіндіру,ертегілер кейіпкерлерінің атын атау<br>Ата,апа,Бауырсақ Қоян,Аю,Қасқыр,Түлкі неше кейіпкер бар санай отырып, Олар қайда мекендейді және немен қоректенетін айту.<br>Олардың түсі пішіндерін ажырату,Олар қандай жануарлар жабайы ма уй жануары ма атау Қандай ертегі екенін сұрау, өз рөлдерін саусақ ертегісі киіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өрнектерін жапсыруға үйренеді,олардың негізгі бөліктері мен ұсақ бөлшектерін ажыратады. **(көркем әдебиет)** **(мүсіндеу)** **(Құрастыру)** **(Жапсыру Дикдактикалық ойын;** «Мысық пен тышқан» | жауап береді. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **(математика негіздері)** **Қазақ тілі** | **әдебиет)** **(Жапсыру)** **Математика негіздері Дикдактикалық ойын;** «Кім шапшаң» | анынберілгенбелгісіб ойынша(ұзындығы,ен і,биіктігі,жалпышама сыбойынша)бірзатты екіншізатпенбеттесті ружәнежанынақоютә сілдері арқылы салыстырады. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **(математика негіздері)** | сомдайды басқа балалармен бірге отырып бір біріне қарым-қатынас жасайды. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтады;ертегі кейіпкерлердің аттарын, Түстерін пішіндерін дұрыс орналастыра алады.Өз еріктермен түстерді ажыратып,кесіп қағаз бетіне түсіре алады.Түрлі құрастырғыштармен ертегі кейіпкерлеріне үй құрастыру және қайда туратынын орындарын атау. Орталықтарға бөлініп бауырсақтың суретін салу, ермеказдан жасау. **(көркем әдебиет, мүсіндеу, сурет салу)** **Математика негіздері** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта(терезеніңалдынашықпау,розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсізәрекететудағдыларынқалыптастыру Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы.<br>- Қолғаптарға не түсті?<br>- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.<br>- Ақша қарлар оюлы<br>Күн көзіне жылтырайды.<br>Ақша бұлттың гүлдері<br>Баяу ұшып, асықпайды.<br>- Ақша қарлар неге ұқсайды?<br>- Жарайсыңдар, ақша қарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br><br>- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау).<br>Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),<br>Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).<br><br>Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету),<br>Міне, жинады тауды (шапалақтау),<br>Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды шыршаны аулаға уақытша шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап, | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br><br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау)<br>Біз татумыз, біз біргеміз, | жүреді),<br>Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық | сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды шыршаның айналасын түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу. | Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, | Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шапалақтап, секіреміз.<br>Оп-оп! Шапалақ!<br>Секір, секір! Шапалақ!<br>Жаттығу бірнеше рет қайталанады.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстағанға ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет | ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға, солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға, солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өткізіледі.<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану<br>Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою)<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Асішуқұралдарынорнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>**(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,тістітазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтардыбайқауға,олардыересектің көмегіменнемесеөзбетіншереттеуге баулу.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесінас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | «Үш аю» ертегісін үстел үсті театры арқылы айтып беру. Шығармалардытыңдағаннан кейінбалалардыалғанәсерлеріменбөлісуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br>«Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату. Жеке карточкалармен **(математика негіздері)**<br>Ұжымдық мүсіндеу, аюдың дене бөліктерін жасап, біріктіру. **(Мүсіндеу)**<br><br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімдібекіту. Аюды жапсыру. **(Жапсыру)** | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу.<br>Қалауы бойынша тағамдардың суреттерін бояту, қамырды пайдаланып күлешелерді пішінді қалыптарға салып жасату.<br>Фланелеграф тақтасына әр түрлі тағамдарды ыдыстарына сәйкестендігіп жапсырту.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету<br>**(Құрастыру)**<br>Ермексаздан балалардың қалауы бойынша тағамдардың мүсінін жасату. Тағамдардың суретін бояу.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)** | Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу<br>Дастархан жасаймыз,балалар ермексаздан қағаздан әр түрлі тағамдар қояды.<br>Қуыршақтарды қонаққа шақырып, күтеді.<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетінеқажеттіматериалдарды,құрал-жабдықтардыдайындауға,қолданыпболған соң ойыншықтарды,кітаптарды,заттардыорнынажинауғабаулу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Фланелеграфта еркін ойындар, құрастыру құралдарымен әртүрлі құрылымдар құрастыру.<br>**(құрастыру, жапсыру)** |
| **Балалар менжекежұмыс** | Әңгімелерді тыңдау арқылы оның мазмұнын жеткізе білуге және өлеңді жатқа айтуға үйрету.<br>Шалқыбай Аяна | Суретті таза бояуға,мүсіндеу жұмыстарын және қайшымен дұрыс жұмыс жасауға жаттықтыру. .<br>Қазақпай Гаухар | Түрлі пішінде көлемді заттардың суретін сала білуге және мүсіндеуге,қайшымен дұрыс жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру.<br>Қуанышева Сара | Отбасы,отбасындағы тұрмыс,өзінің тұратын мекені туралы әңгімеге тарту арқылы тіл байлығын жетілдіру,сөздік қорын молайту.<br>Қошқарбай Арнат | Табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін біледі.<br>Сағатбек Айсұлтан |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар<br>Қ/о:Қоян мен қасқыр | Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. **(құрастыру)**<br>Қ/о: Тырналар-тырналар | Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру.<br>Қ/о: Тышқандар мен мысық | Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. **(музыка)**<br>Доппен ойындар.<br>Қ/о: «Күміс алу» | Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. **(музыка)**<br>Доппен ойындар.<br>Қ/о: «Кім жылдам» |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Балалармен жақсы көретін тағамдары туралы әңгімелесу.<br>Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру. | | | | |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы:«Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»**
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 16-20.01.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 16.01.2023 | Сейсенбі 17.01.2023 | Сәрсенбі 18.01.2023 | Бейсенбі 19.01.2023 | Жұма 20.01.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралыәңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап».<br>Әлеуметтік жәнеэмоционалдызияттытәрбиелеу:балалардыңназарынадамныңжекеқасиеттеріне(қамқор,сезімталжәнеіскер)аудару.<br>Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балалармен жеке жұмыс.**<br>Бөлмеөсімдіктерінің2-3 түрінтанужәнеатауын қалыптастыру | | | | |
| **Таңертеңгіжаттығу** | **№ 10 (құралсыз)** Таңертеңгі жаттығуларын жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту;ауырмауға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктерберу. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. **(көркем әдебиет)** «Қандай мамандық иелерін таниды?», «Ата аналары қандай мамандық иесі» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымының кестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Балалармен бірге тақпақ айту.<br>Ағамменің –әнші<br>Әпкем менің –<br>бишіКөкемменің–күйші<br>Тіл ұстарту жаттығуын жасату, әнші биші күйшіні суреттер арқылы таныстыру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялықаппаратты жаттығу жасау.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**Дикдактикалық ойын;**<br>«Қай жерде шырылдады» | Топқа медбике апай қонаққа келеді. Өзінің мамандығында пайдаланатын құралдарды көрсетеді. Олардан қорқудың қажеті жоқ екен айтады. Балаларға ойыншық құралдарды беріп дәрігер болып ойнауға ұсынады. Қуыршақтарды тыңдап, ыстығын өлшеп дәрі берген болып ойнау. тазалық сақтау ауырмаудың негізгі жолы екенін айтып, тазалық құралдарымен танысу. Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дәрігердің құралдарының суретін салу, және ермексаздан дәрігерлердің киім үлгісін мүсіндей отырып қағаз бетіне жапсырту. | Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес ,бірақ та,<br>Дәм мәзірін қаласаң,<br>Алға ұсынып<br>тұрады ол.<br>(Аспаз)<br>Топқа аспаз апай қонаққа келеді.<br>Балаларға тәтті күлше жасап бергісі келетінін айтады. Ол үшін пішіндерді бастырып қамырдан күлшелер жасау керектігін түсіндіреді. Балалар аспазшыға әнші балапан әнін орындап, менің | Терезеге қарап көліктерді бақылату. Осы көліктерді кім жүргізеді. Автобустарды ше? Жүргізуші деген кім? сендердің ата аналарың , жақындарың көлік жүргізе ала ма? Жүргізушінің құралы көлік екенін түсіндіру, дөңгелектері салынбаған көліктерді дөңгелек салып аяқтап, бояу. Ермексаздан машинаның рөлін жасау. Түрлі-түсті қағаздардан көліктер құрлыстарын құрастыру.<br>**сөйлеуді дамыту)**<br>**(сурет салу,** | Балаларға ілініп тұрған суреттерге қарап қандай мамандық иесі екенін танып атау. Үстел үстінде тұрған құрал саймандарды сәйкестіріп қасына қою. Ол мамандық иелері туралы не білгенін, бірлескен қандай іс әрекет жасағандарын естеріне түсіру. Үстел үсті ойыны «Мамандарды тап»<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Дикдактикалық ойын;**<br>«Құстар фабрикасы» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасау:өзінің алған әсері менқалауынбілдіруге,сәлемдесуде сыпайысөйлеуәдепті сақтауға үйренеді. **сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** **сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** **(Қазақ тілі** | анам дәрігер тақпағын айтып береді. Бірге кім жылдам ойынын ойнайды. Осы уақытта күлшелер пісіп жылы күйінде топқа келеді. Балалар аспазға алғысын айтып шығарып салады **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, музыка)** **Дикдактикалык ойын;** «Сиқырлы қап» | **мүсіндеу). Құрастыру** | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Қар ұлпаларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қар ұлпасының қасиеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын** | **Сыпырушының жұмысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Сыпырушының жұмысымен танысуды жалғастыру; басқаларға көмекке келуге ұмтылу қасиетін қалыптастыру; | **Суықторғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. **Ересек адамдармен** | **Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. | **Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қарапайым еңбек тапсырмалары:** жолдағы қарды тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Заттарды соғып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірі жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Келесі кім?" **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету. | ересектердің еңбегіне деген құрмет сезімін тәрбиелеу; мағыналы сөйлеуді дамытуға ықпал ету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жолдағы қарды тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балалардың күрекпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; қарды бір үйіндіге қалай дұрыс жинау керектігін көрсету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Шыршада"**. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай еркін жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ету; балалардың эмоционалды көңіл-күйлерін арттыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Моториканың дамуына | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жолды сыпырғышпен сыпыру. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** моториканың дамуына ықпал ету. (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру). **(дене шынықтыру)** | **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқылар", "Бақалар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)** | сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ықпал ету (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру). | | | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Шынықтырушараларынжүргізудебалалардыңденсаулықжағдайынескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу,жаттығулар мен массаж жасау.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысынменгеру ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Әнші, биші, күйшінің суреттерін қарау, олардың құралдарымен ойындар ойнап, олар туралы ертегі ойлап айту.<br>Суреттер бояу, ермексаздан микрофон жасау, қағаз бетіне әр өнер иесіне тиесілі аспаптарын жапсыру.<br>**(көркем әдебиет, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | **Менің мамам дәрігер**<br>Ә. Мұсаханов<br>Тіс ауырса, іш ауырса<br>Мамам дәрі береді.<br>Барлық ана, барлық бала,<br>Оны жақсы көреді.<br>Тақпағын таныту. Ауырып жатқан адамға жанашырлық танытуға тәрбиелеу<br>**(көркем әдебиет)**<br>Қарама-қарсытәуліктбөліктерінбағдарлау:күндіз-түнде,таңертең-кешке.<br>**(Математика негіздері)** | «Жеті лақ» ертегісін естеріне түсіріп кітаптан суреттерін көрсетіп оқып беру.<br>Жаңаертегілерді тыңдайбілуге,олардың мазмұнындағыәрекеттердіңдамуынбақылауға үйрену.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақнегізгітүстерменолардыңреңктерін жасап (қызғылт,көгілдір,сұр) қолдана біледі..<br>Шыққан түске сәйкес келетін шарларды салу.<br>**(сурет салу)**<br>бұрыналынғандағдыларды:төсеу,бекіту,қоюқолданаотырып,жаңа ғимараттар салу.<br>**(құрастыру)** | Қағаз бетіне дайын көлікті желім жағып жапсырту<br>**(жапсыру)**<br>Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату<br>**(көркем әдебиет, музыка)**<br>Құрастыру материалдарынан көлік құрастыруды жетілдіру.<br>**(құрастыру)**<br>Еркін іс әрекеттер | Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру.<br>Мүсіндеубарысында қауіпсіздіктісақтауға,ұқыптыболуғабаулу.<br>Фланелеграфта сүйікті мамандық иесінің құралдарын таңдап жапсыру.<br>Ойыншықтарының суретін бояу.<br>Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түскесалмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламдыжұмсақ матаменнемесе қағазмайлықпенсүр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тіпкептірудіүйрету **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын және қағаздан көлемді пішіндер жасай білуін үйретуді жалғастыру. Құрмаш Раяна | Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру арқылы сахналық қойылымдарға қатыса білуді қалыптастыру Жұмағали Ерасыл | Спорттық ойындарға,түрлі тапсырмаларды шапшаң орындауға,жаттығуларға мұқият болуға жаттықтыру. Қайрат Аяна | Сурет салу,мүсіндеу,қайшы мен,желіммен,сүрткішті пайдаланып жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. Болысбай Аяла. | Кейбір табиғат құбылыстарын,табиғаттағы және ауа-райындағы маусымдық өзгерістерді ажырату арқылы есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту. |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету. | Балабақшада, үйде, көшеде тәртіпсақтауға баулу. Балаларды әдептіқарым-қатынасқаүйретудіжалғастыру(амандасуға,қоштасуға,көмеккөрсеткеніүшіналғысайтуғаүйрету).Балабақша | Бүгінгі ауа райына байланысты көңіл күйлері жайлы әңгімелесу Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр» | Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Білетін тақпақтарын, әндерін қайталап айтуын пысықтау **(көркем әдебиет, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ныңүй-жайларыменауласындатәртіп пен тазалықсақтауға үйрету.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар | | | Қ/О Құстардың ұшып келуі»<br>Еркін ойындар. |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Баласыныңқысқы ойындар туралы не білетінін сұрау.<br>Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар карауды ұсыну | | | | |

**<u>Тексерген әдіскер :Г.Токтагулова</u>**

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы:«Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»**
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 23-27.01.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 23.01.2023 | Сейсенбі 24.01.2023 | Сәрсенбі 25.01.2023 | Бейсенбі 26.01.2023 | Жұма 27.01.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Жаңа жылдық ертеңгіліктегі қауіпсіздік шаралары мен ережелерді таныстыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй жануарларын тап», «Шыршаны сәнде»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау,<br>Құрастыру материалдарымен ойындары.<br>Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | **№10 (құралмен)** Таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке** | Таңғы жиын.<br>Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | «Көліктер» туралы не білетіндерін сұрау. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымының кестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Балалар бүгін сендер балабақшаға немен келдіңдер. Мына суретте не бейнелеген. Балалар бір бөлігі ғана көрініп тұрған суреттен не зат екенін табу керек. Машина, автобус туралы не білетіндерін сұрау.Өткен аптада жүргізушімен танысқанын, қандай ойындар ойнағандарын естеріне түсіру. Орындықтарды қатарластырып қойып автобустағыдай әрекеттер жасап ойнау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Дикдактикалық ойын;** «Айсұлу қуыршағын шешініуге үйретейік» | **Ұшқыш** Кең аспанды шарлаған, Ұшқыш деген мен болам. Қыран құстай самғаған, Еренжүйрікменболам. Ұшқыш деген кім? ол қандай көлікті бағындырады. Ұшақтың қандай түрлері болады? Олардың түстері қандай? Қалай ұшады, көрсетіп, ойнау. Сендер ұшақта ұшып көрдіңдер ме? Қима суреттерді құрастыру. Жуанжәнежіңішкетүбірсөздердіажырату,олардыкөпшетүрдеқолдануғаүйрету.Бұйрықрайлыетістіктердіжекелейқолдануға(бар,кел,айт)Ұшақ келді,барды деген сөздерді анық айту. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** **Қазақ тілі** | Қонаққа есікті тақылдатып Тасша бала келеді. Балалармен сәлемдесіп, зерігіп кеткен соң достар тауып ойнауға келгенін айтады. Балалар ойнауға келіседі. Өздерінің жақсы көретін ойынын ойнату. Бір кезде Тасша бала қалтасынан қағаз тауып алады. Балалар мен сендерге бір зат жасап көрсетейін деп кеме жасап береді. Балалар не зат екені табады. Бірге барлығы бірнеше кеме жасайды. Содан соң оны суға жүздіртіп көрейік деп арнайы | Балалар сендер қандай дыбыс естіп тұрсыңдар Камаздың гүрілдеген дауысы естіледі. Балалар бұл ненің дауысы екенін тапқанда экраннан суреті шығады. Жүк көліктерінің суреттерін қарау, оларды салыстыру, сипаттау, топтағы жүк көліктермен әр түрлі заттарды тасыу. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер,кірпіштер, цилиндрлер ажырата білуге, атауға және | Балаларға автобус макетін көрсетіп оған мініп саяхатқа шығамыз деп автобустағы орындықтарға отырғызу. Балалардан артында, алдында, сол жақта, оң жақта кім отыр деп сұрау. Содан соң көлік жүрді деп балаларға алға қараңдар дейді. Алдында ауыл көрінеді біз сол жерге барамыз дейді.Содан соң ауылға келген соң автобустан түсіп жан жағымызға қараймыз біздің оң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ыдысқа құйылған суға жүздіртеді. Содан соң Тасша бала үйіне қайтуы керектігін айтып достарымен қоштасып үйіне қайтады. Балалар серуенге жиналады **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | қолдануға үйрету Құрастыру материалдарынан жүк көлігін құрастыру **(көркем әдебиет, математика негіздері)** **(құрастыру)** **Дикдактикалық ойын:** «Құстар фабрикасы» | жағымызда үйлер орналасқа, сол жағымызда үй жануарлары күшік пен мысық тұр екен дейді. Балаларға көздерін жұмдырып күшікпен мысық жасырынады деп, оларды жасырып қояды. Балалар дөңгелене отырады. «Пішіндерді ата» дидақтикалық ойынын ұйымдастыру**.** Қоржыннан пішіндерді шығарып бұл қандай зат оның пішіні неге ұқсайды деп сұрау : орамал – үшбұрыш, шаршы, күн дөңгелек, терезе шаршы, кілемше – тік төртбұрыш. Содан соң қайта автобусқа мініп топқа оралады. **(көркем әдебиет, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>*"Құстар, құстар, келіңдер".*<br>Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, | **Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту.<br>*"Сары шымшық."*<br>Сары шымшық шиқылдайды:<br>- Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Жылы жаққа ұшпайды,<br>Суықтан тығылмайды.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қарандаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br>Далаға суық қыс жетті,<br>Аппақ қарды жерге төкті. | **Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.<br>- Балалар, қарандаршы, бұл шемшашар.<br>- Жемшашарда не бар?<br>- Иә, жемшашарға құстар қонды.<br>- Құстар не істейді?<br>- Дұрыс, құстар жемді шоқиды.<br>Педагог көркем сөзді оқып береді.<br>- Батыл екен біздің құстар,<br>Аулада қалады олар қыстап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эмоцияларды дамыту.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>– Торғай, торғай ,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық.<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>Д. Ахметова<br>- Ой-ой, торғайлар, мысық | еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? | жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу | Қарандар, ағаш пен шатыр,<br>Барлық жерде қар жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, | Жемшашарға жем шашайық,<br>Құстарды аялайық.<br>Дыбыстайды құстар "шиық-шиық",<br>Жем берейік - "жиіп-жиіп".<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!<br>Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын қадағалау керек.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:<br>- Құстар, құстар, келіңдер,<br>Жемді шоқып, теріңдер.<br>Жемді шоқып, тойсаңдар,<br>Әнді салып беріңдер.<br>Д. Ахметова<br>Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп-ай, жараймыз! | білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Д. Ахметова<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту;ауырмауға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктерберу.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Машина автобус бейнелеген суреттерді бояу **(сурет салу)**<br>Балалардың таңдауы бойынша машина дөңгелегін ермексаздан жасау.Фланелеграфқа автобусқа жолаушыларды жапсырып, дұрыс орналастыру.<br>**(мүсіндеу, жапсыру)**<br>Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, машина, автобус құрастырту.<br>**(құрастыру)** | Өзінеқатыстыкеңістікбағыттарынанықтауды: үстінде-астында меңгерту. Ұшақты әр түрлі заттың қасына қойып қай жерде екенін атау,<br>**(Математика негіздері)**<br>Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. Орталықтарға бөлініп ұшақтың бейнесін қанаттарын салып толықтырып бояу, ермексаздан ұшақ жасау(тәрбиешінің көмегіміен) қаағаздан ұшақ құрастырып оны ұшыру. | Кемелерге түрлі желкендер жапсыру немесе желкеннің суретін салып бояу.<br>**(Жапсыру)**<br>Топтағы кеме ойыншықтарын салыстыру (үлкен, кіші)<br>**(Математика негіздері)** | Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегі оқып беру. Баяғы заманда жүк көліктері болмаған кезде адамдар ат арбамен жүк тасығанын айту. суретін көрсету. Қазіргі замандағы арбалардың түрлерімен таныстыру.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстарды жасату. Жүк көлік немесе арбаның дөңгелегін салу, бояу.<br>Фланелеграфта жүк көлігін құрастырып жапсыру.<br>Ермексаздан жүк көлігімен арбаға арналған | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың таңдауы бойынша көліктердің суретін бояу, дайын көлік пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>Көліктерді құрастыру.Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға жәнеқолдануғаүйрету**. (құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дөңгелектер жасау. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Үлгі бойынша пішінін,пропорциясын ескере отырып,өз бетінше сурет салуын,қайшыны дұрыс ұстай білуін қалыптастыру Абайқызы Ләйлім. | Сурет салу техникасын және қайшыны дұрыс ұстауды үйретуді. Асхатұлы Нұрали | Теңдік пен теңсіздік ұғымдарын және қағаздан көлемді пішіндер жасау қабілеттерін дамыту. Асылхан Нұрали | Жеке бөліктерді жапсыра білуге,қайшыны дұрыс ұстауға,ыдыстардың ,жануарлардың суретін сала білуге жаттықтыру Аюпов Абдукарим | Қағаздан көлемді пішіндер жасауды,қарапайым тәжірибеге қызығушылық таныту қабілеттерін дамыту. . Ақболат Амина |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Көлік іздерін салыстыру, үлкен, кіші, ұзын қысқа сөздерін пайдалану. **(математика негіздері)**<br>Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулер | Қ/о «Сақина жасыру».<br>Далаға қағаздан жасалған ұшақтарын алып шығып ұшырып көру.<br>Балалардың дербес әрекеттері | Кітаптан ертегі оқып беру **(көркем әдебиет)**<br>Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».<br>Балалардың дербес әрекеттері<br>Еркін ойындар | Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері | Қ/О «Сақина жасыру»<br>Балалардың дербес әрекеттері<br><br>Еркін ойындар |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында кеңестер беру<br>Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру. Көлік түрлерін бақылауды ұсыну. | | | | |

Тексерген әдіскер:Г Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**«Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 30.01-03.02.10.2023 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 30.01.2023** | **Сейсенбі 31.01.2023** | **Сәрсенбі 01.02.2023** | **Бейсенбі 02.02.2023** | **Жұма 03.02.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Жайдары көңіл-күймен балаларды қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Ата-аналарға балаларды кітаптан ертегі кейіпкерлерімен таныстыру маңыздылығы жайлы ұсыныстар беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру барысында балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зиятткерлік қабылетін дамыту үшін балалардыңназарынадамныңжекеқасиеттеріне(мейірімді,жанашыр)аударуды үйрету. Таңдауы бойынша үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойнауға мүмкіндік беру .<br>Өнер орталығында сурет салу,суретті кітапшаларды қаратып бояту.<br>Құрастырмалы ойыншықтармен ойнауды және ойындарынан соң ойыншықтарды сөрелерге жинату.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** Суретерді дұрыс бояуды дағдыландыру**.** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 11 Таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату **(құралсыз).** | | | | |
| **Таңғыас** | Күнделіктіөмірдегигиеналықдағдылардысақтауқажеттігін жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер.<br>Ау, балалар, балалар!<br>Айналағақараңдар!<br>Биыл тәтті қыс болды,<br>Бұл бір сәтті іс болды.<br>Ақ бұлт бүркеп аспанды, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шекер жауа бастады.<br>Бұлқысқандай тамаша!<br>*Ә.Табылды* тақпағы арқылы қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін еске алу. Терезеге қарап ауа райын бақылату.<br>«Қыс мезгілінде қандай айлар бар, қыс туралы не біледі?» «Қыста қандай мереке болды?» тақырыбында балалармен әңгімелесу.<br>Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасату **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка<br>Саз жетекшісінің жоспарымен<br>Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Дүкенде қандай заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттардыжалпыжәнеерекшебелгілерібойынша жалпылаушы сөздермен байыту үшін дүкен ойынын ұйымдастыру.<br>Дүкенде не заттар сатылады оның сапасын дәнін және құрылысын,пішінін ажырату. Дүкендегі заттардың суретін салу.<br>**(Сөйлеуді дамыту және**<br>**(Сурет салу)** | Балалар таңдаған шығарманыңкейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу. Суреттерін көрсету сипаттау..<br>Сазбалшық,ермексазкесектеріненбөліпалу,домалату,ширату,созу,жаютәсілдерінпайдаланаотырып,карменмұзды, мүсіндету<br>ҚарменМұзды көлемдеріне қарай екі түрлі табаққа жапсыруды үйрету.<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасау: | Геометриялық фигура шаршыментаныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеугемүмкіндікберу және бөлме ішінен шаршыға ұқсас заттарды табу<br>Құрылыс құралдарынан суреттегіүлгісінеқарапзерттеугежәнекірпіштерді,тақтайшалардытігіненқатарғаорналастырып шарбақтар жасауды үйрету<br>**Математика негіздері)**<br>**(Құрастыру)** | Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатын тұрмыстықзаттардың, немесе жемістердің,атауларынайтужәнетүсінудағдыларын қалыптастыру.<br>«Ғажайып сандықты» қолдану арқылы<br>Негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды қолдану арқылы өзбетіншеқұрастыруғамүмкіндікберу<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем** | Қалауы бойынша мультфилім көру ондағы кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету .<br>Мүсіндеугеқызығушылығын дамыту.Сазбалшық,ермексазкесектерінен азық түліктерді жасату<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**(Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өтінішін,ырзашылығынбілдірудесыпайысөйлеуәдебінсақтауға бейімдеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)**<br>**Қазақ тілі** | | **әдебиет**<br>**(Құрастыру)** | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігін арттыру үшін , спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардыңсырт киімдерінің реттілігіне зейін аударып, бақылауғаүйрету;<br>Балалардың ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері.<br>Жүкті тасымалдайды, | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету.<br>- Із қалады, қарды басса -<br>Іздер жатыр жолақ ұқсап.<br>- Балалар, қардың түсі қандай?<br>- Қарды үстінен жүрсе, не қалады?<br>- Иә, іздер қалады.<br>- Іздер жолаққа | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұр ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш пен бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды, | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аудартy; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдықк тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға | айналды.<br>Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбекке дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды | - Ш-ш-ш - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **(еңбек дағдылары)**<br>**"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа | қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br>Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, | оның сыртқы сипатын байқатады.<br>Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады.<br>- Қоян құлақтарын қалай қимылдатады?<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қарандаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандыру.<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, | көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік | тәрбиелеу.<br>Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды.<br>- Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.<br>- Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша.<br>- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады.<br>- Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы.<br>Педагог көркем сөзді қолданады.<br>- Тышқандар інге сыймайды,<br>Тесіктерден сығалайды.<br>Ешкім жоқ болса олар<br>Аулаға шығып ойнайды.<br>Ай-ай-ай!<br>Тышқандар-ай,<br>Жақындайды | бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>- Жүрейік, жүрейік,<br>Қолды көкке сермейік,<br>Күнге сәлем берейік,<br>Шапалақтап, күлейік.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр!<br>Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>- Ұш, ұш!<br>Ойын екі рет ойнатылады.<br>**"Аяқ ұшына түрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | қабілеттерін дамыту. | мысықай!<br>Шеңберден асыңдар,<br>Қашыңдар!<br>Д. Ахметова<br>Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.<br>Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.<br>Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды жүру дағдыларын дамыту. Асықпай бір-бірін итермей жүруді пысықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтарды | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">байқауға,оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін жетілдіру. ( дербес ойын әрекеті).</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Түскі тамақтану,жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәйқасықты,шанышқыны,майлықты дұрыс қолдану;нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып,шайнау,ауызды толтырып сөйлемеуді пысықтау.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату.<br>(көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге,тісті тазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегі олқылықтарды байқауға,оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>Кеңістік бағыттарын (үстінде,астында, жанында)бағдарлауды үйрету үшін «Зат (ойыншық) қайда тұр» ойынын үйрету. Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату.<br>моншақтарды ермексаздан жасату</td><td>«Қар ханшайымы» ертегісін үстел үсті театыры құралдарымен сахналап көрсету<br>Жіпке тізілген әсем моншақтарды бояту<br>(Көркем әдебиет)<br>(Сурет салу)</td><td>Терезеден қар жамылған ағаштарды көрсету олардың алдында тұрған аққаланы көрсетіп ол туралы не білетіндерін айтқызу.<br>Балаларды екі топқа бөліп бірінші топтағыларға қар түйірлерін ермексазда</td><td>Ұжымдық жұмыс.<br>Ыдыс аяқ түрлерін таңдап бояу немесе дайын ыдыс аяқтар бейнесін фланелеграфтағы сөреге орналастырып жапсыру<br>Қарама-карсы тәулік бөліктерін бағдарлауды(күндіз-түнде таңертең-</td><td>Үй жануарларын көлемдеріне қарай фланелеграфта дайындалған үйшіктерге орналастырып жапсыру<br>(Жапсыру)<br><br>Үйшіктерге апаратын жолдарды еден үстінде құрастыру.<br>(Құрастыру)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Фланелеграфқа үстел үстіне ыдыс аяқтарды жапсырып орналастыру . **(Математика негіздері), (Мүсіндеу) (Жапсыру)** | | н жасау екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп үлкен кіші аққалаларды жапсырады **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (мүсіндеу, жапсыру)** | кешке) үйрету үшін «Бұл қай кез?» дидактикалық ойынды ұйымдастыру. **(сурет салу, жапсыру) (Математика негіздері)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ермексазды алақанға салып тік және дөңгелетіп есуге үйрету. Абайқызы Ләйлім | Сандарды ретімен атап,жабайы аңдардың аттарын ажыратып атауды үйретуді жалғастыру Асхатұлы Нұрали | Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруға үйрету. Асылхан Нұрали | Жеке бөліктерді жапсыра білуге,қайшыны дұрыс ұстауға,ыдыстардың, жануарлардың суретін сала білуге жаттықтыру. Аюпов Абдукарим | Қағаздан көлемді пішіндер жасауды,қарапайым тәжірибеге қызығушылық таныту қабілеттерін дамыту Ақболат Амина. |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оңбағалаужәнеөзін-өзібағалауын дамыту. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңертеңгі серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. | Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйререту туралы айту. | Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 06-10.02.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 6.02.2023** | **Сейсенбі 7.02.2023** | **Сәрсенбі 8.02.2023** | **Бейсенбі 9.02.2023** | **Жұма 10.02.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Жайдары көңіл-күймен балаларды қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыру **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын,<br>Дидактикалық ойын « Жұбын тап», «Бұл кімнің дауысы?»<br>Өнер орталығында сурет салу, кітаптарды қарау,суретті кітапшаларды бояту,<br>Қарапайым құрылыстар құрастыру,<br>Табиғатбұрышында бөлмеөсімдіктерінің2-3 түрінтанужәнеатау, күтім жасаудағдыларынқалыптастыру.**Балалармен жеке жұмыс.** Қыл қаламды дұрыс қолдануға үйренеміз. | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | №11 Таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен).**<br>Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту; сақ болуға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктердіберу. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>«Бала бала балақан» видео<br>Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. Төрттүліктің суреттерін тамашалап,атауларынайтужәнетүсінудағдыларын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Балалар таңдаған ертегіні құыршақ театыры арқылы сахналату.Сөйлеуқаркынынөзгертуқабілетіндамыту:баяусөйлеуін,жетілдіру.<br>Көк,ақнегізгітүстерді қолданып<br>ұшып жатқан қар ұлпаларын салуды үйрету.<br>Таңдаған үй жануарына құрылыс материалдарынан өзбетінше үйшік құрастыру дағдысын жетілдіру<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(Сурет салу)**<br>**(Құрастыру)** | «Не дәмді?» ертегісін айтып берумен сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттардыжалпыжәнеерекшебелгілерібойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге,олардыжай сөйлемдерменсипаттап айтыпберуге баулу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Қазақ тілі** | «Қысқы киімдер» кітаптардан суреттер қарату әңгімелесу.<br>Тақтада ілініп тұрған әсем көйлектерге түрлі-түсті қағаздан оюлар жапсырып сәндейміз.Әжемізге түрлі –түсті пішіндерден көйлек құрастырамыз.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет (Жапсыру) Құрастыру** | «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Ертегіні тыңдағанан кейінбалалардыалған әсерлеріменбөлісуге үйрету.<br>Заттардысалыстыру:заттарғақосунемесезаттарданалутәсілдеріарқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыруды Үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**(математика негіздері)** | Ермексазкесектеріненбөліпалу,домалату,ширату,созу,жаютәсілдерінпайдаланаотырып азық-түліктағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>**мүсіндеу** |
| **Серуенгедайындық** | Серуенде ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>топта(терезеніңалдынашықпау,розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсізәрекететудағдыларынқалыптастыру<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау. Кім шкафтарын таза ұстау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.<br>- Жапалақ қар,<br>Армысың?<br>Дүниеде бармысың?<br>Қысқы дала тәуелді,<br>Жау, жау енді!<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап. | **Қарды бақылау (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту.<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл - қар.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тоң киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы.*<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма?<br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br>- Жел соғып, бізбен ойнайды,<br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br>Ары-бері шайқайды,<br>"Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.<br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br>- Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br>- Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік | Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; | балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. | түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды сапқа жинайды.<br>Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.<br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма? | Алтын күнге ұқсайық,<br>Қолдарды, кел, созайық.<br>Қолдарымыз - шуақтар,<br>Жайылады жан-жаққа.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар!<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің | - Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейік,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова<br>**"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа | - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br>- Ту-ту жүрдік,<br>Ту-ту-у ...<br>Біз алысқа -<br>Ту-ту-у ..<br>Жүр соңымнан -<br>Қалма!<br>Кім өжет жан?<br>Алға!<br>Д. Ахметова<br>**"Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады.<br>Тақпақты оқи жүреді.<br>*"Тик-так".*<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет өткізіледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | | **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану<br>Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою)<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Асішуқұралдарынорнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |

<table>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпенкиінугежәнешешінуге,тістітазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегіолқылықтардыбайқауға,олардыересектінкөмегіменнемесеөзбетіншереттеуге баулу.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</td></tr>
<tr><td>Бесінас</td><td colspan="5">Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқаәрекеттер)</td><td>«Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату.<br>(математика негіздері)<br><br>Нан түрлерінің мүсінін жасату.<br>(Мүсіндеу)<br><br>Сырғанақ үстіне шананы жапсыруды үйрету<br>(Жапсыру)</td><td>Балаларды қалауы бойынша (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру) әрекеттерін өз бетінше орындауға жұмылдыру</td><td>Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі жиһаздарды жасауды үйрету<br>(Құрастыру)<br><br>Ермексаздан себеттер жасату.<br>Көкөністердің суретін бояту.<br>(Сурет салу)<br>(Мүсіндеу)</td><td>Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу ермексаздан асхана ыдысын жасату<br>Анаға силайтын орамал тақырыбында оюларды фланелеграфта жапсырту<br>(Мүсіндеу)<br>(Жапсыру)</td><td>дидкатикалық ойынын<br>«Үй жануарларын »<br>Өнер орталығын сурет салу,суретті кітапшаларды бояу,кітаптарды қарау Үш торай ертегісін оқып беру<br>Сурет салу)<br>(көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Балалармен жекежұмыс</td><td>Үлгі бойынша сурет сала білу,түрлі тәсілдермен мүсіндеу және дөңгелек пішіндерді қия білу қабілеттерін дамыту.<br>Бақтыбай Алинұр</td><td>Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстай білуге жаттықтыру.<br>Малік Аяулым</td><td>Қарындаштарды үш саусақпен ұстап, салынған суретті бояй білуге, ермексазбен мүсіндеуге, қағаз бетіне желіммен жабыстыра білуге үйрету. Рахатұлы</td><td>Сурет арқылы әңгіме құрастыруға,ертегі мазмұнын айта білуге,сахналық қойылымдарға қатыса білуге қызығушылық таныту.<br>Сейполда Ислам</td><td>Геометриялық пішіндер,теңдік және теңсіздік ұғымдарын одан әрі жетілдіру.<br>Шоканова Малика</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Алихан | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңертеңгі серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. | Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйререту туралы айту. | Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 13-17.02.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 13.02.2023 | Сейсенбі 14.02.2023 | Сәрсенбі 15.02.2023 | Бейсенбі 16.02.2023 | Жұма 17.02.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралыәңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап»<br>Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту,<br>Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату,<br>Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балармен жеке жұмыс.** Ертегілер кейіпкерлерін сомдай білуге баулу. | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 12 Таңертеңгі жаттығуларын жасату (**құралсыз)**<br>Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту;ауырмауға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктерберу. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |

| Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. **(көркем әдебиет)**<br>«Қысқы ойындар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Балалар таңдаған ертегіні қуыршақ театыры арқылы сахналату.<br>Сөйлеуқарқынынөзгертуқабілетіндамыту:баяусөйлеуін,жетілдіру.<br>Көк,ақнегізгітүстерді қолданып ұшып жатқан қар ұлпаларын салуды үйрету.<br>Таңдаған үй жануарына құрылыс материалдарынан өзбетінше үйшік құрастыру дағдысын жетілдіру<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(Сурет салу)**<br>**(Құрастыру)** | Балалартұратынқаламенауыл,еліміздіңастанасы,ҚазақстанРеспубликасыныңмемлекеттікрәміздерітуралыбілімдерін пысықтау.<br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ойын құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>**Қазақ тілі** | Балалардың қалауы бойынша қысқы табиғат көріністерін кітаптардан қарап<br>Ересектердің басқаруымен қысқы көріністерді кітаптардан қарап таңдаған жұмыстарын орындату<br>Отбасымүшелерін, олардыңіс-әрекеттерін атауға үйрету және әрекеттерін сахналауға баулу<br>**суретін салу, жапсыру, мүсіндеу)(сөйлеуді дамыту)** | «Өзара айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны арқылы Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту Үй жануарларына (қой, ешкі, сиыр) күтім жасау тамақтандыру, су беру сипап аялау негізінде олар жейтін корек түрін атау.<br>**(сөйлеуді дамыту)суретін бояу (сәбіз, көкорам) және мүсіндеу** | «Ғажайып қоржын» ішінен алған заттың атын атау топ ішінен сыңарын табу. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

<table>
<tr><td>Серуенгедайындық</td><td colspan="5">Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын  құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды  ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына  байланысты), дұрыс киінуді бақылау.  Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру     (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір</td><td>Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның пішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, бұл не?</td><td>Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы.<br>Жарайсыңдар!<br>Еңбекке баулу</td><td>Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аударту, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру.<br>- Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар? Атаңдаршы?<br>Балалар ағай, апай, бала деп атауы</td><td>"Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.<br>Көркем сөз.<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік.<br>Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. | - Бұл - бағдаршам. Қайталайықшы.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Бағдаршам не үшін керек?<br>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".<br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br>Бір қарасаң – қып-қызыл,<br>Екі десе – сап-сары.<br>Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.<br>Көзі көп, біреу басы.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, | **тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.<br>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. | мүмкін.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ағайлар мен апайлар сияқты үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек.<br>- Мен өсемін,<br>Бойым өседі.<br>Ойым өседі.<br>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.<br>Жаттығу екі рет өткізіледі.<br>Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын тазалауға шақыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Сурет салып тастады.<br>**Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).<br>Жорамал.<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>Жұмбақ.<br>Қанат сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады.<br>**Қимылды ойын "Ақсерек - көксерек"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - | - Балалар, мен қандай құсты көрсетемін?<br>- Иә, бұл құс - қораз. Жарайсыңдар!<br>- Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>Д. Ахметова<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | **Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады.<br>- Пингвиндер ұқсап жүрейік,<br>Оңға-солға | **(дене шынықтыру)**<br>Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.<br>1-ші топ.<br>Ойынды бастайды<br>Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек.<br>2-ші топ.<br>Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек.<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады.<br>Ойын осылай жалғаса береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | | теңселейік:<br>Топ-топ-топ, топ-топ-топ,<br>Оңға-солға теңселейік.<br>Ал енді, пингвиндер, тоқта!<br>Қане, жиналыңдар сапқа!<br>Бір-бірімізден қалмаймыз,<br>Сапта жүріп, ай, жараймыз!<br>Д. Ахметова<br>**"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.<br>**"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жай баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтырушаралары** | Шынықтырушараларынжүргізудебалалардынденсаулықжағдайынескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу,жаттығулар мен массаж жасау.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Бесінас** | Кезекшілердіңжұмысынменгеру ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгекою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Табиғатбұрышында бөлмеөсімдіктерінің2-3 түрінтанужәнеатау, күтім жасаудағдыларынқалыптастыру.<br>**Балармен жеке жұмыс**.Табиғат бұрышына түрлі көкеністер отырғызу күтіп баптау.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | «Не дәмді?» ертегісін қайталап айтып беру, мазмұнын түсіну дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға ырғақты би қимылдарын жасауға жұмылдыру. **(көркем әдебиет, музыка)**<br>Қарама-қарсытәуліктбөліктерінбағдарлау үшін қуыршақты күндіз ойнату –түнде ұқтату және тамақтандыру әрекеттерін жасату.<br>**(Математика негіздері)**<br>Тесік күлшелерді жасау дағдыларын дамыту.<br>**(Мүсіндеу)** | Мысық пен күші дос бола алама ойыншықтармен әрекеттерді жасатып сұрақтарға жауап беруге,олардыжай сөйлемдерменсипаттап айтыпберуге баулу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау<br>**(Математика негіздері)** | «Әженің нымшасын сәндейміз» қағаздың бетіне дайын оюларды нымша етегіне жапсыруды үйрету. **(жапсыру)**<br>Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. **(көркем әдебиет, музыка)**<br>Құрастыру материалдарынан көліктерге көпір құрастыруды жетілдіру.<br>**(құрастыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер | Ата бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру.<br>Мүсіндеубарысындақауіпсіздіктісақтауға,ұқыптыболуғабаулу.<br>Фланелеграфта сүйікті ойын құралдарын жапсырту, ойыншықтарыдың суретін бояту**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сан есімдерді ретімен атауға,оларды зат есімдермен жекеше және көпше түрде | Үлгіге қарап көп-аз ұғымдарын ажыратуды үйрету. Тоқтарбай Арсен | Әңгімелерді тыңдау арқылы оның мазмұнын жеткізе білуге және өлеңді жатқа айтуға | Суретті таза бояуға,мүсіндеу жұмыстарын және қайшымен дұрыс | Тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсіндіру арқылы тіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланыстыра білуге,дауыс күшін өзгертіп,түрлі интонацияда дыбыстауға үйретуді жалғастыру.<br>Тұрсын Аңсар | | үйрету.<br>Шалқыбай Аяна | жұмыс жасауға жаттықтыру**. .**<br>Қазақпай Гаухар | байлығын дамыту.<br>Қуанышева Сара |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңертеңгі серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Баласыныңқысқы ойындар туралы не білетінін сұрау. | Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну. | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйререту туралы айту. | Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»**
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 20-24.02.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 20.02.2023 | Сейсенбі 21.02.2023 | Сәрсенбі 22.02.2023 | Бейсенбі 23.02.2023 | Жұма 24.02.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке бүгінгі күн жайлы пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Қысқы кезде ата аналарға қауіпсіздік шаралары мен ережелерді таныстыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру -үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй жануарларын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарату,<br>Құрастыру материалдарымен ойындарға жағдай жасау.<br>Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауын ұйымдастыру.<br>**Балармен жеке жұмыс.** Қыл қаламен жұмыс жасауды үйрету. | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 12 Таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Қандай мереке келе жатыр? Жаңа жылға дайындықты адамдар қалай жасайды сұрау. Пікірлерін тыңдау. | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттардыжалпыжәнеер екшебелгілерібойынша жалпылаушы сөздермен байыту үшін кол өнер бұйымдары (камшы, кілем, құрақ жастық, ) түрлерін сипаттау, ерекшелігін таныту, **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» | «Қыс» әнін айтқызу. Би қимылдарын жасату.Табиғи материалдарды және қағазды жырту әдісімен даладағы ағаштар үстіндегі қарларды жапсырады Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу **Қазақ тілі** **(сөйлеуді дамыту, музыка, құрастыру,** | Балалармен қуыршақ театырынан көрген ертегі кейіпкерлердің әрекеттері менолардыңәрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру. Қазақша оюларды бояп қоржын бетіне жапсырып сәндеу дағдысын жетілдіру Құрастыру материалдарынан үлгі сызбаларға карточкаларға қарап көлік түрін құрастыруға көмектесу **(сөйлеуді дамыту)** **(сурет салу)** | «Ғажайып қоржын » дидкатикалық ойыны арқылы ас ішу құралдарымен сипап тану арқылы атауын ұйымдастыру «Үш аю» ертегісінің суреттерін кітаптан тамашалатып таныстыру, геометриялық фигуралар үшбұрыш және шаршыға ұқсайтын орамалдарды ұстау және көру тәсілдері арқылы салыстырып жинату Карточкалардан үш бұрыш пен шаршының орнын табу ойынын ойнату. | «Жалқау мысық» ертегі желісін бұзбай айтуды мағанасын түсіндіруді үйрету. Ермексаздан түрлі көлемдегі жемістерді жасату, санап салыстыру Ыдыстар қоятын сөрелерді құрастырып оларға ыдыстарды орналастыру дағдысын дамыту **(математика негіздері және мүсіндеу)** **(математика негіздері және мүсіндеу)** **(көркем әдебиет)** **(құрастыру)** **Қимылды ойын** «Қуыр-қуыр қуырмаш» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **жапсыру)** | **(құрастыру)**<br><br>**Қимылды ойын** «Допты дәлдеп лақтыр» | **(көркем әдебиет) (математика негіздері)**<br>**Қимылды ойын** «Торғайлар мен автомобиль» | |
| **Серуенгедайындық** | Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, коректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**<br>(учаскедегі жолдарды | **Құстардың қардың бетіндегі іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**<br>(қардан төбешік | **Ұлпақарларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**<br>(жолдарды қардан тазарту).<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** | **Қыстап жатқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**<br>(ағаштардың айналасына қар күреу).<br>Мақсат-міндеттер: еңбек етуге, үлкендерге | **Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: айналадағы өзгерістерді байқауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары**<br>(барлығы бірге ұйымдасып жолды қардан тазартуға үйрету).<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қар мен қоқыстардан тазарту).<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. | жасау).<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)**<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. | **"Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды бұзып алмай, қар ғимараттары арасында бірінің артынан бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету. | көмектесуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту. | **ойындары: "Үйсіз қоян".**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.** |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</td></tr>
<tr><td>Түскіас</td><td colspan="5">Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу»<br>Тамақтану (өзорнынбілу, дұрысотыру, асханақұралдарындұрысұстайбілу, ұқыптытамақтану , сөйлеспеу, алғысайту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Күндізгіұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қыс мезгілі туралы ертегілер оқып беру (көркем әрекет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтыңқұндылығытуралытүсініктідамыту;ауырмауға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстанутуралыалғашқытүсініктерберу.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесінас</td><td colspan="5">Кезекшілердіңжұмысы ( асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптарқарау</td><td>Ұжымдық сурет .<br>Әр түрлі пішіндегі қар түйіршіктерін терезе бетіне салу<br>(сурет салу)</td><td>Тапсырманы орында ойының негізінде өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне</td><td>Желімдеудің техникасын меңгерту жіптегі түрлі түсті шарларды жапсыру дағдысын дамыту<br>(Жапсыру)</td><td>«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін қайталап айтып беру дағдыларын пысықтау.<br>(сөйлеуді дамыту)<br>Балалардың таңдауы</td><td>Кітаптардан суреттерді қарату. Суреттер арқылы зат атауы мен сипатын айтып беру дағдысын қалыптастыру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқаәрекеттер)** | Таңдауы бойынша орман ішінде фланелеграфқа жабайы аңдарды орналастыру және жапсырту. Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, әр түрлі құрылымдар құрастырту. **(мүсіндеу, жапсыру) (құрастыру)** | қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында жанында меңгерту **(Математика негіздері)** Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. | Жалаушаларды (үлкен, кіші) таяқшаларға сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту дағдысын дамыту **(Математика негіздері)** «Шырша» әнін тыңдату, балалардың таңдауы бойынша шырша ойыншығын мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** | бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша тағамдардың суретін салып, дайын тағам пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балаларменжекежұмыс** | Жаттығуларды дұрыс жасауға, қим.ойын-ға қатысуға, сап тізбектен шықпай жүруге, жағымды көңіл-күй мен шынықтыру шараларын жасауға үйрету. Қошқарбай Арнат | 5 көлемінде сандарды тура және кері санауға,кеңістікті бағдарлай білуге ынтасын арттыру. . Сағатбек Айсұлтан | Дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға (а-ә, о-ө), сөздік қорын молайту арқылы тілін шығаруға, сөйлетуге үйрету. Құрмаш Раяна | Суреттің мазмұны бойынша шағын әңгіме құрастыра білуді үйретуді жалғастыру. Жұмағали Ерасыл | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қолында еркін ұстай алады. Қайрат Аяна |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуен** | **Таңертеңгі серуенді қайталау** |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беру ата аналар  сұраныстарын тыңдау. |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 27.02-03.03.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 27.02.2023 | Сейсенбі 28.02.2023 | Сәрсенбі 01.03.2023 | Бейсенбі 02.03.2023 | Жұма 03.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау, және жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Арнайы жерге төселген секіру ойын кілемшесі арқылы ойнап, топқа өтуін сұрау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Ата аналарға осы айда болатын мерекелік ертеңгіліктермен іс шаралар туралы ақпарттар беріп, бірлесе атқаратын жұмыстарды талқылау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балаларды шеңберге отырғызып, бір-біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерінқалыптастырудыжалғастыру. | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). | Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. | Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу | Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезінде балалардыңбастамасынқолдау:бөлмеөсімдіктерінекүтімжасау, олардысуару.**(қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.** |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 13таңертеңгі жаттығуларды орындату **(құралсыз)** Денебелсенділігі(таңертеңгіжаттығу,шынықтыру,спорттықжәнеқимылды ойындар | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.Қолорамалды пайдалана білудібекіту. Тамақтану,жуынукезіндеқарапайыммінез-құлық дағдыларынқалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>Аспан ашық көгілдір<br>Күн шуағын төгіп тұр<br>Қол ұстасқан біздерге<br>Терезеден қарап тұр.<br>Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу.<br>Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка<br>Саз жетекшісінің жоспарымен<br>Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Кітап орталығында шеңбер бойлай отырғызып «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін оқып беру. Жыл мезгілдерінің атаулары мен ай атауларын қайталап айтқызу. Жануарлардың суреттерін тану, қимылдарын көрсету. Балалардың үйінде қандай жануарлар бар | Балаларға сыйлық келіпті деп ішін ашу үшін сиқырлы сөзді айтқызу. Ішінде әр түрлі құрастыру ойыншықтары бар екен. Балаларды екі топқа бөліп отырғызу. Бірінші топ әр түрлі құрылымдар құрастырса, екінші топ құрастыру ойыншықтарын жұппенқоюарқылыоларды ысанамай- | Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға аудару. Ойыншықтарды тең етіп екіге бөлу және оларды биіктігі бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Балаларға бір бірден ойыншық | Балалардың сөйлеуқарқынынөзгертуқабілетіндамыту:баяусөйлеу,жаңылтпаштарайтуды үйрету.<br>Пай-пай-пай,<br>Жайылып жүр тай.Ай-ай-ай,<br>Ұшыпкеттіторғай.<br>Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын суреттерден табу. | Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныскейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты)ынталандыру. Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін сұрау. Ол жануарлар не жейді, қайда тұрады әңгімелету. «Мысық пен тышқан» ойынын ойнату.<br>Қарапайым құрылыстарды өз ойынан құрастыруды үйрету.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>**(құрастыру)**<br>**(көркем әдебиет),**<br>**(дене шынықтыру)** | ақсалыстырунегізінде теңнемесетең еместігінанықтайды.<br>Екі топтың балалары да өздерінің жасаған жұмысы туралы қарама қарсы топтағы балаларға айтып береді.<br>Балалар жұмыстарын болған соң, қалаулары бойынша карандашпен сурет салуды ұсыну.<br>Құрастырған заттарын немесе ойдан сурет салу.<br>Балалар жұмыстарын аяқтаған соң тәрбиеші қорапты қозғап ішінде тағы бір зат бар сияқты деп дыбысын тыңдату. Қорапқа сиқырлды сөздер айтқызу ол ашылғанда кәмпиттерді балаларға жақсы жұмыстары үшін таратып беру.<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сынесім,затесім және етістік) үйрету<br>**(құрастыру)**<br>**(математика негіздері және сөйлеуді дамыту)** | таңдату. Сол ойыншыққа ұқсас ойыншық бейнесін тауып фетр тақтаға жапсырту.<br>**(математика негіздері)**<br>**(жапсыру)** | Балалардың қалауы бойынша бояулармен сурет салу.Тақтаға балаларға көктем белгілерін тауып жапсыруын ұйымдастыру<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>(**суретін салу)**<br>**(жапсыру**). | орталықта өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояу, суретті толықтырып салу.<br>Суретсалудақауіпсіздіктісақтауға,ұқыптылыққабаулу.<br>Екінші орталықта ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарынсалыстыру**.**<br>«Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?»сауалдарынажауапберуді дамыту.<br>**(көркем әдебиет)**<br>**(сурет салу)**<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(Сурет салу)**<br>**Қазақ тілі** | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанғанкездеересектерге жүгінуге баулу. **(Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру)**<br>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Киіміндегіолқылықтарды байқауға,олардыересектіңкөмегіменнемесеөзбетіншереттеуге баулу. Балалардыадамгершілікке,өзаракөмекберуге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Сүңгі мұздарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды судың қасиеттерімен, оның әртүрлі күйлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдардағы мұз бен қарды тазарту).<br>Мақсат-міндеттер: күректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; тәуелсіздікке, | **Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көктем туралы түсініктерін кеңейту, қардың қасиеттерін талдау, қарды бақылауды жалғастыру, қардың түсін (сұр, лас) қысқы түсімен салыстыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскеде қоқыс жинау). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. | **Жинағыш көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көліктердің еңбекті қажет ететін жұмыстарды орындаудағы рөлі, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; сипаттама бойынша көліктердің бейнесін табу қабілеттерін | **Жүргізушінің жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысымен,көлік бөлшектерінің атауларымен танысуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** | **Балабақша алаңында құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстарды түстері, көлемі, дауысы арқылы тануға және ажыратуға үйрету; бақылау, есте сақтау қабілетін дамыту; құстарға деген достық қатынасты тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмсалғыштағы құмды қазып алу.)<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қыстайтын құстар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге, секіру кезінде жаттығуға, бір қимылдан екінші қимылға ауыса білуге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жол бойымен". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: зейінді, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пойыз", "Маған қарай жүгіріңдер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)** **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** допты лақтыру және ұстау, ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру. | шоғырландыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы құрғақ жапырақтарды, бұтақтарды жинау, оларды зембілге салу). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге деген құштарлықты ояту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім ең дәл?","Ұстап ал". (дене шынықтыру)** | (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.) **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз жүргізушілерміз", "Торғайлар және көлік". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды дамыту; ойынды ұйымдастырудағы тәуелсіздікке тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарды, тепе-теңдік сезімін | еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу; жауапкершілікке үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға үйрету; педагогтің белгісі бойынша, кез-келген бағытта бір-біріне соқтығыспай жүгіру; түстерді ажырату. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**, орыннан жоғары секіру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, жылдамдықпен күш біріктіре отырып, дене бұлшық еттерінің күштерін шоғырландыру қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мақсат-міндеттер: ашық ойындарды ұйымдастырудағы дербестікті, ұқыптылықты, ептілікті, ережелерді сақтай білуді дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жағалыққа жорғалап, жорғалай білу қабілетін бекіту. | жақсарту. | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: сабындыдұрысқолдануды,қолды,бетті,құлақтытазалапжууды,жуынғаннанкейінқұрғатыпсүртуді,орамалдыорнынаілудіүйрету.<br>Тамақтану (Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпеншәйқасықты,шанышқыны,майлықтыдұрысқолдану;нандыүгітпеу,тамақтыауызды жауып,шайнау,ауыздытолтырып сөйлемеу.) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға көктем туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою **(көркем әдебиет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Денемүшелеріменағзажүйесіннығайтатынжаттығуларментаныстыру.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Тарақтыжәнеқолорамалдыпайдаланудыүйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Бірінші топта «Жыл басына таласқан жануарлар»ертегісін суреті бойынша сипаттауды үйрету.<br>Екінші топта балалар ермексазбен ағашқа орналастыру үшін жапырақтар жасауын ұйымдастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)** | Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айту, би билету.<br>Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу.<br>Көктемнің белгілері гүлдердің күлтешелерін ермексаздан жасап дайын домалаққа біріктіру, қиылған дайын гүлдерді жапсыру.<br>**(мүсіндеу және жапсыру)**<br>**(музыка)** | Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салу, мүсінін жасауына жағдай жасау.<br>Ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру<br>**(құрастыру)**<br>**(сурет салу, мүсіндеу)** | Топтағы гүлдерге күтім жасау, олардың суретін салуды үйрету.<br>Ермексаздан жеке жеке гүлдер жасату.<br>Оларды жинап гүлдер бағын жасату.<br>Жекежұмыстарынұ жымдыққкомпозиция ларғабіріктірудағды ларынқалыптастыру .Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту<br>**(музыка)**<br>**(қоршаған ортамен танысу және сурет салу)**<br>**(мүсіндеу)** | Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Ертегі кітаптарын қарау, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету.<br>Балалардың өздерінің ойын айтуын тілін дамыту<br>Оқылған ертегі желісі мен көлемді пішіндер қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту.<br>**(жапсыру)**<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сурет салу,мүсіндеу,қайшымен,желіммен,сүрткішті пайдаланып жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. Болысбай Аяла | Таныс шығармалардан үзінді сахналай білуге,,дауыс күшін өзгертіп,түрлі интонацияда дыбыстай білуге жаттықтыру. Абайқызы Ләйлім | Шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндай білуге талпындыру Асхатұлы Нұрали | Спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игеру. Асылхан Нұрали | Дыбыстарды дұрыс, анық айту арқылы тақпақ өлеңді жатқа, мәнерлеп айта алады**.** Аюпов Абдукарим |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асың, асың, асыңа,<br>Бақыт қонсын басыңа,<br>Дастарханың мол болсын,<br>Көңіл күйің жай болсын.<br>Астарың дәмді болсын! | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу.<br>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу.(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Таңертеңгі серуенді қайталау | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Көктем мезгілігің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді және балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. | Ата-аналарағა ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру. | Бірге істейік «Ойыншықтарды жинастыру Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайту |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Актиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 06-10.03.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 06.03.2023 | Сейсенбі 07.03.2023 | Сәрсенбі 08.03.2023 | Бейсенбі 09.03.2023 | Жұма 10.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға өзі ұнатып таңдаған ойын құралымен ойнауға мумкіндік жасау. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Апта бойғы орындалатын жұмыстар туралы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың іс әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» | ШамасыкелетінжұмыстыорындатуБалалардыңбастамасынқолдау: бөлмеөсімдіктерінекүтімжасату,олардысуару. **Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)** | | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды қарату, **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 13 **( құралмен)** таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындату**.** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балаларға жылы сөздерді бір біріне айтқызу.<br>Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | «Бесік жырын» тыңдату. Балалардан бұл әнді кім айтатынын сұрау. Адамның ең жақыны кім екенін сұрау. Аналарын қалай жақсы көретіндігі туралы балалардан сұрау, әңгімелету. Үйде аналары балаларды қалай атап шақыратынын сұрау.<br>8 наурыз халықаралық әйелдер күні екенін айтып түсіндіру. Мерекеде аналарға қандай құрмет көрсету керектігін суреттер арқылы көрсету.<br>**(көркем әдебиет)**<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | Мерекелік ертеңгілік Балардың ән айту, би билеп тақтақтар айтуы, ойындар Баланыңсөздікқорын дамытуда,санамақтар,тақпақтар,жаңылтпаштардыжаттауғабаулу.<br>Пай-пай-пай,<br>Жайылып жүр тай.Ай-ай-ай,<br>Ұшыпкеттіторғай.<br>**(көркем әдебиет музыка, сөйлеуді дамыту)**<br>**(қазақ тілі)** | | Ана туралы өлең тыңдату. Өн кім туралы екендігін сұрау? Балалардан анасына қалай көмектесетіндері туралы сұрау.Ойларын толық жеткізуін қалыптастыру Ғажайып сандықшадан көп алтын теңгелер шығару.Балаларды олар геометриялық фигура дөңгелек деп таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеугемүмкіндік беру. Топтан дөңгелек заттарды | Топтағы ойыншық сөресін реттеу керектігін айту. ойыншықтарды салыстыруды үйрету. Топтағы орындарын ауыстыруды менгерту Әр түрлі суреттерді көрсету аналардың мерекесіне түрлі –түсті қағаздан гүлдер құрастыру.<br>Сөздердіжіктелуіне,септелуінеқарайбайланыстыруды,етістіктердікелержәнеөткеншақтақолдануды дамыту.<br>**(математика негіздері)**<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(Құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тауып топтастыруды ұйымдастыру. **(көркем әдебиет) (математика негіздері)** | |
| **Серуенгедайындық** | Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсызқылықтарыүшінұяттысезінебілуге,ренжіткеніүшін құрдасынанкешірім сұрауғабаулу.<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Көктем келді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: көктем туралы ойларын бекіту, табиғаттағы өзгерістерге назар аудару.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға жем беру). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: табиғат объектілеріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс** | **Табиғат өзгерістерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қарды белгілі бір жерде жинау) **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу.<br>**Қимыл-қозғалыс** | | **Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: пошташының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту; еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек** | **Көгершіндерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойындары: "Ағын арқылы", "Таяқша". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің нұсқауы бойынша тез әрекет етуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, балаларды ойын жағдайына сәйкес қимылдауға; жылдамдық пен ептілікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жылан". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сияқты жүруді жалғастыру; зейін мен бақылауды дамыту. | **ойындары: "Ең епті!", "Ең жылдам!" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту; топтың орындау дағдыларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқаға бер". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: допты лақтыру және қағып алу - ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру. | | **тапсырмалары** (учаскедегі қоқыстарды жинау.) **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: қызығушылықтарын бағындырып, бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту, жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн қояндары", "Қаздар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** | **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, | | | | |

| | |
|---|---|
| | орамалдыілубарысында көркемсөзқолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жай, баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (**көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді ұйымдастыру<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.<br>Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдінетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | **Ең жақс ысөз**<br>Ең жақсы сөз – Ана,Ең жақсы сөз – Бала.Өсіпжатсабала,Ана оған пана.<br>Аман болсын Ана,АманболсынБала.<br>*Н.Жанаев*<br>Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу.<br>Аналарына арналған білезік жасату.<br>Аналарға арналған ашық хатты безендіру.<br>**(жапсыру)**<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(мүсіндеу)** | Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен айналысады.<br>**(жапсыру)**<br>**(сурет салу)**<br>**(мүсіндеу)** | | Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Шалқан» ертегісіндегі кейіпкерлердің іс әрекетін қайталап, сөздерін айтуға үйрету.<br>**(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Бірінші топта композицияныққұрастырудадайынпішіндерді жапсыруғамүмкіндікберу.<br>Екінші топта еркін тақырыпта бормен тақтада сурет салғызу.<br>**(жапсыру)**<br>**(сурет салу)** | Қағаздан құрастырылған гүлдердің түрлерімен таныстыру .<br>Орталықтарға бөлініп ұнаған гүлмен шығармашылық жұмыстарын жасату.<br>Таңдауы бойынша **сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, құрастыру орындату** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | <u>Екеуден,үшеуден қатарға қайта тұруды,түрлі тапсырмаларды орындап,сапта өз орнын</u> | Бағдаршамның белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. . Бақтыбай Алинұр | 5 көлемінде сандарды тура және кері санауға,кеңістікті бағдарлай білуге ынтасын арттыру | Қарындаштарды үш саусақпен ұстап, салынған суретті бояй білуге, ермексазбен | Өз бетінше сурет салуға,түрлі пішіндегі заттарды мүсіндеуге,қайшыны дұрыс ұстап,пайдалана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таба білуді қалыптастыру Ақболат Амина | | Малік Аяулым | мүсіндеуге, қағаз бетіне желіммен жабыстыра білуге үйрету. Рахатұлы Алихан | білуге ынталандыру. Сейполда Ислам |
| **Кешкі ас** | Ойын- жаттығу:<br>Нан қоқымын шашпаңдар<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар..<br>Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,коммуникативтік,танымдық еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Таңертеңгі серуенді қайталау | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ата-аналар мен күні бойы бала не үйренгені жайлы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың тәртібі жөнінде сөйлесу. | | Ата аналармен алдағы Наурыз мерекесі туралы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** : «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 13-17.03.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 13.03.2023 | Сейсенбі 14.03.2023 | Сәрсенбі 15.03.2023 | Бейсенбі 16.03.2023 | Жұма 17.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көңілді әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, қар,жаңбыр жауды,желсоқты),соғансәйкес киіну дағдысын қалыптастыру. | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. **(сөйлеуді дамыту)** | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарату, | Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) **Балалармен жеке жұмыс.** | Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» ойнату Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, |
| **Таңертеңгіжаттығу** | № 14 таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралсыз).** Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындау.Тыныс алужолдарын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шынықтыру. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын:<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>Қандай айлар атап беріңдерші?<br>Көктемде не жауады?<br>Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, бір біріне жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.<br>«Наурыз мерекесі туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Көктемнің алғашқы айы наурыз мерекесі. Наурыз тойы туралы ақпарат беру. Балалардықазақхалқыныңқонақжайлылықдәстүріментаныстыру,қонақтыкүтіпалу, төргеотырғызу,асқайыру,батаберу,қонақтышығарыпсалудәстүрлерінүйретуарқылы | Балаларды « тұсаукесу»дәстүріментаныстыруарқылыолардыңалғашқы адамыересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердіңжақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру. «Тәй тәй» өлеңің | Қазақ халқының ұлтық тұрмыстық заттарымен танысу және атайды. Қазақ халқыныңдәстүрлікиізүйіментаныстыру.Балалардыайналасындағыересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіреотырып,өзінің | «Жеті лақ» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Кейіпкерлердісипаттауүшіндауысырғағының мәнерлікарапайымтәсілдерін қолдануды үйрету Қазақхалқыныңұлттықыдыс-аяқтарымен,тұрмыстықзаттарыментаныстыру. Ұнаған дайын | Киіз үй туралы не білетіндерін сұрау. Халық мақалдарын айтқызу. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені. Әкені көріп ұл өсер,Ананыкөріпқызөсер. Киіз үйдегі тұрмыстық заттарды атату. Олардың қызметі туралы айтқызу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлкендердісыйлауға, дастарханбасында әдептіліктісақтауғаб аулу. Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналату. **(сөйлеуді дамыту)** | әуеніне балаларды билету. Қуыршақты жетелеп жүруді ұйымдастыру. Қазақхалқыныңұлттық киімдерімен,әшекейлерін тағып көруіне жағдай жасау. Дайын әшекей бейнелерін бояту Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуғабаулу. Ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарғажауапбереді.**(сөйлеуді дамыту) музыка) (қоршаған ортамен танысу) (сурет салу) Қазақ тілі** | туғанжеріне,Отанына дегенсүйіспеншіліксезімінояту. Киіз үйге ойыншықтарды отырғызу барысында. оңнан солға қарай бойына қарай дұрыс отырғызуға дағдыланады. Әнұранды айтқызу, қолдарын кеудесіне жүрек тұсына дұрыс қояды. **(қоршаған ортамен танысу) (математика негіздері) (музыка)** | заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайымэлементтерімен безендіруді жетілдіру **(сөйлеуді дамыту) (жапсыру)** | олардың суретін салғызу. **(сөйлеуді дамыту) (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін** | **Теректің бүршігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу,** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған** | **Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (қоршаған ортамен** | **Құрылыс жабдықтарын бақылау. (қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** | **сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: учаскедегі ағаштармен танысуды жалғастыру; бүршік жапырақтың үйі деген түсінік қалыптастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бұтақтар мен ескі жапырақтарды жинау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты насихаттау, бір-бірімен сөйлесу қуанышын сезіну. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп секір", "Кім жол бойымен жылдам жүгіреді?" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ұшу кезінде жақсы секіру техникасына қол жеткізу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бөренемен | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. (еңбекке баулу)** Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Айна", "Күн мен түн". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: | **танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Біз көңілді балалармыз".**(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту. **Өзіндік еркін ойын** | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегіне құрмет сезімін дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу** (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | жүру техникасын жетілдіру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бөренемен жүру кезінде тепе-теңдік дағдыларын бекіту. | қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | **әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | Мақсат-міндеттер: белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бөренемен жүру. Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілудағдыларын жетілдіру.<br>Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.<br>Әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату **(музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтырушаралары** | Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу<br>Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Бесін ас алдында қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесінас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқаәрекеттер)** | Балаларды екі орталыққа бөлу. Бірінші орталықта балалар құрылыс материалдарынан үй құрастырады. **(құрастыру)** Екінші орталықта шығармашылықпен айналысады. Қалаулары бойынша ұлттық тағамдардың (бауырсақ) суретін бояйды немесе мүсінін жасап үстел бетіне жайғастырады. Таңдауы бойынша дайын тағамдарды фетр тақтаға жапсырады. | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеугебаулу.Кесе жасату. **(мүсіндеу)** «Сақина салу» ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен таныстыру. Бірнеше рет ойнату. **(көркем әдебиет)** | Балаларды орталықтарға бөлу. Ермексаздан қамшы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. **(мүсіндеу)** Кілемшедегі оюларды бояту. **(сурет салу)** Наурыз тойында киіз үйді тігетіні туралы кітаптар қарату. киіз үй туралы не білгендерін сұрау. **(көркем әдебиет)** | Әшекей бұйымдарды безендіру. Қазақою-өрнектерініңқарапайы мэлементтерінқайтала псалуғадағдыландыру. **(сурет салу)** Қазақхалқыныңтабиғи материалдарданжасалғанбұйымдарымен(киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен(күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандайматериалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. **(құрастыру )** Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату **(көркем әдебиет)** | Құрылысматериалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң олардыжинаужәнеорнынақою,құрастырубарысындақауіпсіздікережелерінсақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. **(құрастыру)** Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен(білезік, жүзік, балдақ,сырға,тұмар)таныстыру.Мүсіндеутәсілдерінқолданаотырып, өзінеұнағанбұйымдардымүсіндету,олардытаяқшамен таңбалап безендіруді меңгерту **(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларменжекежұмыс** | Спорттық ойындар мен жаттығуларға деген қызығушылығын ояту.<br>Шоканова Малика | Үлгі бойынша сурет сала білу,түрлі тәсілдермен мүсіндеу және дөңгелек пішіндерді қия білу қабілеттерін дамыту Тұрсын Аңсар | Үлгіге қарап көп-аз ұғымдарын ажыратуды үйрету. Тоқтарбай Арсен | Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға,ауа-райының өзгерісін орыс тілінде айтып беруге дағдыландыру**.** Шалқыбай Аяна | 5 көлемінде сандарды тура және кері санауға,геометриялық пішіндерді ажыратуға үйретуді жалғастыру Қазақпай Гаухар |
| **Кешкі ас** | Ойын- жаттығу:<br>Нан қоқымын шашпаңдар<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар..<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,коммуникативтік,танымдық еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Таңертеңгі серуенді қайталау | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, | Аналарына мерекесіне алғысайту. | дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру. | Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну. | Ертегілерді үйде қайталау. |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: : «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»**
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 20-24.03.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 20.03.2023 | Сейсенбі 21.03.2023 | Сәрсенбі 22.03.2023 | Бейсенбі 23.03.2023 | Жұма 24.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | «Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасында өз ойын толық жеткізуі туралыәңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық».<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Құрылысматериалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрліқұрылымдықтәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылыстыталдауды үйрету. **(құрастыру)**<br>Кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.<br>Балармен жеке жұмыс.Бөлмеөсімдіктерінежәнетабиғатбұрышындағыжануарларғакүтімжасау,адамныңтабиғатқақамқорлықтанытуыныңмаңызытуралыбілімдерінқалыптастыру | | | | |
| **Таңертеңгіжаттығу** | № 14 таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен).** Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындау.Тыныс алужолдарын шынықтыру. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Шуақ шаша алтын таңда,<br>Мөлдір таза ауада.<br>Табиғаттың бәрі оянады.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Сәлем бердім саған елім!<br>Тал бесігім туған жерім.<br>Сәлем бердім бәріңізге!<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде қанша ай бар?<br>Атап беріңдер?<br>Жарайсыңдар!!! Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.<br>Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру.<br>«Жаңбыр» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Өзінің,құрдастарыныңшығармашылықжұмыстарыныңнәтижелеріне,суреттеріне,бұйымдарғақұрметпенқарауға,оларғаұқыптылықпенқарауғабаулу. | | | | |
| | **Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша** | | | | **Дене шынықтыру нусқаушысының жоспары бойынша** |
| | Серуен барысындажануарларәлеміндегімаусымғатәнкөріністерді: көктемдегі–құстардың ұшып келуі, оларды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа оралып, жабайыаңдардың суретін | | | | Терезеге қарап жаңбырды тамашалау. Жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Далаға шелектер қойып су жинату, жиналған суды топтағы өсімдіктерге құйюды ұйымдастыру<br>Күн тәртібі бейнеленген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көру олардыңсырткытүрі,қозғалуы,тіршілікетуортасы,азығы,қысқабейімделуітуралыұғымдарынбайыту.<br>Балалардың кітаптағы құстардың бейнесін өз бетінше қарап, әңгімелеуіне мүмкіндік беру.<br>Құстардың суретін аяқтау(шеңберге үшбқрыштар салу арқылы), бояту<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**(сурет салу).** | | | | суреттер мен күн тәртібі бейнеленген қарама-қарсытәулікбөліктерінбағдарлауды пысықтау:күндіз-түнде,таңертең-кешке түсінігін пысықтау<br>Ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын тауып жапсыруды ұйымдастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу)**<br>**(математика негіздері)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың | | | | **"Көшелер". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты: балалардың көше, жол туралы ойларын нақтылау және кеңейту; жүк және жеңіл көліктер туралы; көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы қарапайым білім беру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарына еліктеуге үйрету.<br>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.<br>- Иә, бұл құстар шиқылдайды.<br>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге | | | | байқағыштықты дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал", "Үшінші артық".**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту**, допты лақтыру және қағып алу.<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, лақтыру қимылын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер.<br>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.<br>- Қазым, қазым, қалқылда,<br>Көлде жүзіп салқында.<br>Жем шашайын - жейсің бе,<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>- Жоқ, жоқ,<br>Кәмпит, тәтті болмайды ас, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Арпа менен бидай шаш.<br>С. Бегалин<br>**"Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Көктемгі тіршілік туралы ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>Бесін ас алдында қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Кітаптар қарату.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларыментаныстыру.<br>**(сөйлеуді дамыту**<br>Оқылғаншығармаданеңқызықты,мәнерліүзінділердіқайталату,балаларға сөздермен қарапайымсөзтіркестерінқайталапайтуғамүмкіндікберу.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Құстардың мүсінін жасау, фетр тақтасына жапсыру жұмыстарын орындату<br>**(мүсіндеу, жапсыру)** | | | | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.<br>Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мумкіндік беру.<br>**(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бір-бірден, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табуды үйрету.<br>Қуанышева Сара | | | | Геометриялық піш-ді атап айтуға, көлемін ажыратуға, конст-ден түрлі бөл-ді құрастыруға, топтастыруға, жем-ң сыртқы түрі, дәмі бойынша атауға үйрету.<br>Қошқарбай Арнат |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Таңертеңгі серуенді қайталау | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. | | | | Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** : «Актиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 27-31.03.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 27.03.2023 | Сейсенбі 28.03.2023 | Сәрсенбі 29.03.2023 | Бейсенбі 30.03.2023 | Жұма 31.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, денсаулығы туралы сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Ата –аналармен пікірлесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы аныктау,атын атау), «Ғажайып сандық».<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.<br>Балалармен жеке жұмыс.Бөлмеөсімдіктерінежәнетабиғатбұрышындағыжануарларғакүтімжасау,адамныңтабиғатқақамқорлықтаны туыныңмаңызытуралыбілімдерінқалыптастыру | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | №14 таңертеңгі жаттығуларды орындату **(құралмен).** Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындату.Тыныс алужолдарын шынықтыру. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту.<br>Жарайсыңдар!!! Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру.<br>«Көктемгі ағаштар» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Көктем мезгілі туралы бейнефильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі уақытта болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет етіп салып, есімізге сақтап қалайық | Бәйтерек ағашы туралы мультфильм суреттер қарату. Астанадағы бәйтерекпен салыстыру. Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстыруын ұйымдастыру. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасау: **(сөйлеуді дамыту) (мүсіндеу) Қазақ тілі** | Балаларды орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгімеқұрастыруына мүмкіндік беру. Балалардың дербес шығармашылық әрекеті. Тұтасқағазпарағынабейненіорналастыру,қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақнегізгітүстерреңктерін (қызғылт,көгілдір,сұр)қолдануды үйрету. **(көркем әдебиет) (сурет салу).** | Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасау. Қоржыннан шыққан ойыншықтардан әр түрлі құрылым құрастыру. Құрастырғанқұрылыспенсюжеттіойыншықтардықолданыпойнату. | Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап» Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнатуын ұйымдастыру Дәндерді екеуден жинату. Карточкалармен жұмыс жасату. **(сөйлеуді дамыту) (математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деп сурет салуды ұсыну. **(қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** «Бақша ағаштар» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын баларға түсіндіру. **(көркем әдебиет)** | | | **(математика негіздері)** **(құрастыру)** | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!"** Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге | **Көктем мезгілінің белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көктем мезгілінің белгілерін бақылауды жалғастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өз жолыңды тап". **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды өздерінің | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бақылау дағдыларын дамыту; сыпырушының жұмысына құрметпен карауды тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өз жұмысыңды тап". **(еңбек дағдылары)** | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың шыршаның құрылымына тән белгілері, оны басқа ағаштардан ажырататын белгілері бойынша тану қабілетін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ықпал ету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Қуып жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | еңбек дағдыларын қолдана білуге үйрету, құрдастарына көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. | "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді соқ". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту.<br>Балалардың алып шыққан ойыншықтарымен өзіндік әрекеттері. | қоқыстардан тазарту). **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, жұмысты аяқтауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп өт". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: серуендеу кезінде балалардың дене белсенділігін арттыру; ұқыптылықты, ептілікті, төзімділікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:**<br>ұзын арқаннан секіруді жақсарту. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуненнен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Ереже айтқызу. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Әртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Кітаптар қарату. Таныс ертегілерді өз бетінше айтуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Дайын ағаштарға жапырақтар мен гүлдерді ермексаздан жасап, немесе қағаздан жапсыруды үйрету**(мүсіндеу, жапсыру)** | Астанадағы бәйтерек мұнарасы туралы айту. оның макетін көрсету. Құрылыс бөліктерін санату, салыстыруды пысықтау **(математика негіздері)**<br>Балаларды орталықтарға бөліп | Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Жиын жасату. **(математика негіздері)**<br>«Көктемдегі Маша мен аю» Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік | Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; **(жапсыру)**<br>Таныс ертегінің | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Көктем туралы жаттаған әнін айтқызу **(музыка)** | жақсы көретін әндерін тыңдатып, би билету. **(музыка)** Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта фетр тақтасында жапсыру әрекетін жасату. **(жапсыру)** | композицияларқұруға жағдай жасау**.** Балаларға аю ыдыстарын мүсіндеу тәсілдерін үйрету. **(мүсіндеу)** Бау бақша жасату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылысбөліктерінжекедайындауды,өздерініңқұрастырғанбұйымдарынбіріктіреотырып,дайынболғанқұрылыспенбіргеойнау дағдысын жетілдіру. **(құрастыру)** | кейіпкерлерінің қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ойыншық жасауына мүмкіндік беру. **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу,** Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптыболуғабаулу. **(жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Өз бетінше табиғи материалдардан түрлі заттар дайындау,конструктордан құрылыс құрастыру Абайқызы Ләйлім | Екеуден,үшеуден қатарға қайта тұра білуді,түрлі тапсырмаларды орындауды үйретуді жалғастыру. Асхатұлы Нұрали | Спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игеру. Асылхан Нұрали | Жеке бөліктерді жапсыра білуге,қайшыны дұрыс ұстауға,ыдыстардың, жануарлардың суретін сала білуге жаттықтыру. Аюпов Абдукарим | Қағаздан көлемді пішіндер жасауды,қарапайым тәжірибеге қызығушылық таныту қабілеттерін дамыту. Ақболат Амина |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Таңертеңгі серуенді қайталау | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ағаштар туралы әңгімелесуді ұсыну. | Шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй болуға үйрету | Ертегінің мазмұнын түсінуге және эмоцианы қабылдауға үйрету. | Қағаз бетіне суретті бағдарлай алуға үйрету. | «Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру. |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Балапан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 03-07.04.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі<br>03.04.2023 | Сейсенбі<br>04.04.2023 | Сәрсенбі<br>05.04.2023 | Бейсенбі<br>06.04.2023 | Жұма<br>07.04.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Баланың танымдық, зияткерлік дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу, оларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерінқалыптастырудыжалғастыру.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар).<br>Өнер орталығында сурет салғызу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру.<br>Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу<br>Шамасыкелетінжұмыстыорындатукезіндебалалардыңбастамасынқолдау:бөлмеөсімдіктерінекүтімжасату,олардысуару. **(қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертеңгіжаттығу** | № 15таңертеңгі жаттығуларды орындату | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(құралсыз)**<br>Денебелсенділігі(таңертеңгіжаттығу,шынықтыру,спорттықжәнеқимылды ойындар) | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжууға үйрету.Қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>«Сәлемберем үлкенге»<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты көреміз,<br>Бәріне де ізетпен,<br>Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісуіне жағдай жасау.<br>Көктемгі  көңіл күйлері қалай екенін сұрау.<br>«Құстар туралы не біледі?  Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларда«дұрыс»немесе«дұрысемес»,«жақсы»немесе«жаман»әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Балаларға «Қарылғаштың құйырығы неге айыр» ертегіні оқып беру.Қарылғаш<br>Күндіз ұша ма, әлде түнде ұша ма?<br>Аспанда біз не көреміз?<br>Құстар туралы не | Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу.<br>Бірінші орталықта баклашкадан немесе картон қазағдардан құс құрастырткызу.<br>Екінші орталықта | Ғажайып қорапшадан көздерін жұмып заттар алуды ұсыну.<br>Заттардысалыстыру: заттарғақосунемесез аттарданалутәсілдер іарқылытең және | Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару.<br>Ондағы заттарды атату.<br>Құс қанат оюын көрсетіп таныстыру.<br>Дауысты(а,ә,е,о,ұ)жәнек ейбірдауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с- | Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу.<br>Суреттегі қарылғаштың бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы өн тақпақ немесе ойдан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білесіңдер? Құстар күндіз ұша ма? Әлде түнде ұшады ма?сұрау<br>Балаларды ғылым орталығына шақырып, аспан әлемінің макетін көрсету. Алдымен танитындарын атату.<br>Құстар туралы айтып беру.<br>Құстардың қайсысы сендерге ұнады?<br>Самолеттарды құстарға қарап жасағанын айту.<br>Құстардың суретін салып, қағаздан жасап көреміз бе?сұрау.<br>Сөйтіп орталықтарға бөлінейік деп ұсыну.<br>Бірінші орталықта балалар құстың суретін саладырту, екінші орталықта қағаздан бүктеп самолет жасату оны ұшыруын ұйымдастыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>**(құрастыру, сурет салу)** | геометриялық фигураларды (дөңгелек, ушбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдарынан құстың ұясын ұжымдасып құратқызу. Жеке балаларға да қағаз бетінде геометриялық фигуралардан ұяшық құрастырғызу және жасағандарын әңгімелету.<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекісөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге,сұрақта | тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?»сауалдарына жауапберуін қалыптастыру**.**<br>Аспанды, бұлтты және ағаштары бар суретті көрсетіп не жетпейтінін сұрау.<br>Балалар қалауы бойынша дайын құстарды желімдеп жапсырады немесе карандарштармен құстарды салады.<br>**(математика негіздері)**<br>**(жапсыру және сурет салу)** | з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту<br>Құс қанат оюын бояту.<br>Бояуды пайдаланғанда ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(сурет салу)** | ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруін ұйымдастыру<br>**Сергіту сәті**<br>Балаларды екі орталыққа бөлу.<br>Бір орталықта өздері таңдаған заттың суретін салғызу<br>Екінші орталықта геометриялық пішіндерді танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу.<br>«Кім тапқыр» ойнынын ойнату. Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату.<br>**(сурет салу)**<br>**(көркем әдебиет**<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | рға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері менқалауынбілдіруге баулу. **(құрастыру)** **Қазақ тілі** **(математика негіздері және сөйлеуді дамыту)** Құстар әніне музыка қосып сергіту сәтін жасату. **(музыка)** | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанғанкездеересектерге жүгінуге баулу. **(Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру)**<br>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балалардыадамгершілікке,өзаракөмекберуге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ауа-райының өзгеруі туралы түсініктерді нығайтуды жалғастыру; жел, оның қасиеттері туралы | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құстарға қамқорлық жасауға деген ұмтылысты дамыту; | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жылдың осы уақытында | **Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. | **Талды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: талдың өзіне тән белгілерімен таныстыру; талды басқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерін қалыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы сыпыру). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ары қарай секір". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіріп барып ұзындыққа секіруді үйрету. | құстардың атауын және олардың дене мүшелерінің атауларын атауға үйрету; құстардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба білуге жаттығу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қоқыстарды жолдардан тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: күрекпен жұмыс жасауға үйрету; еңбекке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарлауды үйретуді жалғастыру, бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту; | құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту, білімді жаңа сөздермен, ұғымдармен байыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қоқыстарды жинау). **(еңбек дағдылары)** Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылдарды мәтінмен үйлестіре білуге жаттығу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)** | **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бақшадағы жолдарды тегістеу). Мақсат-міндеттер: ұлдарға қыздарды құрметтеуге, ауыр жұмыс істеуге үйрету (құм шелектерін көтеру). **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** баспалдақпен жүру, кедергілерден секіру қабілеттерін бекіту. | ағаштар мен бұталардан ажыратуға үйрету. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қоқыстардан тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрену,тапсырманы күш-жігермен орындау. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түзу жолмен жүреміз тура", "Маған қарай жүгіріңдер". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бүгуді үйрету, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, мұғалімнің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** допты жоғары лақтыру (қолды емін- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | педагогтің бұйрығын тыңдау; достық қарым-қатынасты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жалаушаға дейін жүгір". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту. | Мақсат-міндеттер: педагогтің әр түрлі бағыттағы белгісі бойынша жылдам жүгіру қабілетін бекіту. | | еркін қимылдату). **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілік пен төзімділікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айтқызу және т.б. жаттату. **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ай мен жұлдыз туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>Сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларды кітап орталығына жинап, құстардың суреттерін карату. Олардың не білгендері туралы сұрау. артикуляциялықаппаратты дамыту. Ермексаздан құстарға жем жасату. **(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)** Балаларға ғажайып қоржынмен ойынды ұсыну. Балалар ғажайып қоржынан әр түрлі пішіндерді қолымен сипап сезу арқылы зерттеуін ұйымдастыру **(математика негіздері)** | Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан және ермексаздан аққу жасауды ұсыну. «Аққуды атпа, досыңды сатпа.» Мақалды жаттату. **(мүсіндеу және жапсыру)** | «Ұсқынсыз үйрек» мультфилімін көру. Өз ойларын айтқызуды үйрету. «Құстар ұшады» ойынын ойнау. **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта ермексаздан үйрек жасату. **мүсіндеу)** Екінші орталықта «оригами»үлгісібойыншаүйрек пішінін құрастыруға ынталандыру. **(құрастыру)** | «Құстар біздің досымыз» тақырыбында суреттер карату. Оларға қалай қамқорлық таныту керектігін суреттер арқылы көрсету. Топтағы құстарға жем және су беру. **(қоршаған ортамен танысу)** Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. **(мүсіндеу)** «Құстар шеруі» тақырыбында ұжымдық жұмыс. Желімдеудің техникасын үйрету: Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу,жаймадағыдайынүлгігежағу,желімніңқалдықтарынсүртугемайлықтықолдануды үйрету.Жапсыру | Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру. **(мүсіндеу)** **(жапсыру)** **(құрастыру)** Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. **(музыка)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ойдан әңгіме құрастыруға,ертегілерді сахналауға ынталандыру. | Дыбыстарды дұрыс айтуға (а-ә, о-ө), суретке қарап | Үлгі бойынша сурет сала білу,түрлі тәсілдермен | Сурет арқылы әңгіме құрастыруға,ертегі мазмұнын айта | Геометриялық пішіндер,теңдік және теңсіздік ұғымдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Малік Аяулым | отырып даусын салуға, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға үйрету. . Рахатұлы Алихан | мүсіндеу және дөңгелек пішіндерді қия білу қабілеттерін дамыту. Бақтыбай Алинұр | білуге,сахналық қойылымдарға қатыса білуге қызығушылық таныту. Сейполда Ислам | одан әрі жетілдіру. Шоканова Малика |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу.(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Таңертеңгі серуенді қайталау | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Құстар әлемі туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру. | | | | |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»**
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 10-14.04.2023 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 10.04.2023** | **Сейсенбі 11.04.2023** | **Сәрсенбі 12.04.2023** | **Бейсенбі 13.04.2023** | **Жұма 14.04.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Сіздің балаңыздың балабақшаға қызығушылығы туралы сауалнам жазу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел - үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, **(сөйлеуді дамыту)**<br>Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету.<br>Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезіндебалалардыңбастамасынқолдау:бөлмеөсімдіктерінекүтімжасату,олардысуару.<br>**Балалармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | №15 таңертеңгі жаттығуларды орындату.<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындау<br>**(құралмен).** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады.<br>Қазақстанның ғарышкерлері туралы не білетінін сұрау? Олар туралы не білгісі келетінін анықтау.<br>Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Өзінің,құрдастарыныңшығармашылықжұмыстарыныңнәтижелеріне,суреттеріне,бұйымдарғақұрметпенқарауға,оларғаұқыптылықпенқарауғабаулу. | | | | |
| **Білімберуұйымының кестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Баяғы заманда адамдар жер бетін төрт бұрышты деп ойлаған. Көп адамдар жердің шетін тауып сол жерге барып жердің шетінде не бар екенін көргісі келген. Атпен немесе жаяу жолға шығып көп жер жүріп, суға тірелген. Кейбіреулер кемеге мініп ары қарай жүрген. Соңында қайта айналып өзінің шыққан жеріне келіп, адамдар жердің шар тәрізді екенін білген. Содан соң олар ғарыш әлемін зерттей бастаған деп ғарыш әлемінің макетін көрсетіп не білетіндерін сұрау, әңгімелету. Осы ғарышқа немен барамыз? Ғарыш кемесін кім басқарады? Ғарышкерлер қандай | Балаларды кітап орталығына шақырып, ғарышкерлердің суреттері бар кітапты қарап шығуын ұйымдастыру. Ғарышкерлердің есімдерін атау. Тоқтар Әубәкіровтың үлкендеу суретін көрсетіп, ғарышкер туралы айтып таныстыру. Сосын балаларды орталықтарға бөлу Зымыранның суретін бояту. Қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақнегізгітүстермен олардыңреңктерін дұрыс (қызғылт,көгілдір,сұр) қолдануды дамыту екінші орталықта | Сөйлеуқарқынынөзгертуқабілетіндамыту:баяусөйлеу,жаңылтпаштарайтуды меңгерту.<br>Ғарышкер ұшты ғарышқа.<br>Ғарышқа ұшты ғарышкер.<br>Айтшы,ғарышалыспа?<br>Алғашқы Қазақстандық ғарышкер кім еді? Ал әлем бойынша ғарышқа алғаш ұшқан кім екенін білесіңдер ме?<br>Ғарышқа бірінші болып ұшқан орыс ғарышкер иттері Белка мен Стрелка болды. Ғарышқа ұшқан және Жерге аман-есен оралған алғашқы жануарлар. Олардың ұшуы 25 сағаттан астам уақытқа созылды, осы уақыт ішінде Кеме жерді | Балалардан сұрау қалай ойлайсыңдар, қыздар ғарышкер бола ала ма?<br>Әлемдегі алғашқы әйел ғарышкер-Валентина Владимировна Терешкова.<br>Балалар ғарыш әлемінде адамдар тамақ ішеді ма? Қалай тамақтанады? Қандай тамақтарды ғарышқа алып баруға болады?суреттер қарап әңгіме құрастыру.<br>Әр түрлі азық түлік заттардан жиын жасату, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығы туралытүсінікберу,затт | Лэпбуктан ғарыш туралы көрсету.<br>Балалардыәңгімеайтуғаүйрету:бейтанысзаттар,құбылыстар туралы ақпараттыталқылауға баулу.<br>Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпентаныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеугемүмкіндікберу.<br>Карточкаларға сәйкес фигураларды қойып шығуды ұйымдастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады? Әңгімелету. Ғарышкерлер туралы фильм көрсету, оның көрікті жерлері, қалаөмірініңерекшеліктері туралы айту. Ғарышкерлер қаласы екенін түсіндіру. Балаларға ғарыш кемесін құрастыру құралдарынан құрастыруды және Байқоңыр қаласының суретін салуды ұсыну. Балаларды орталықтарға бөліп жұмыс жасату. **(көркем әдебиет) (құрастыру және (қоршаған ортамен танысу) сурет салу)** | балалар ғарыш кемесінің неше бөліктен тұратынын анықтап, табиғи қалдық заттардан ермексаздан құрастырғызу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталапайтуғабаулу. **(көркем әдебиет) (сурет салу) (Мүсіндеу) Қазақ тілі** | 17 рет айналып өтті. Аспандағы жұлдыздар үлкен және кішкентай болатынын көріп келіпті. Біздің ғажайып сандықтан көптеген жұлдыздар шығады оларды салыстырып ойнайық. Карточалармен жұмыс. Жұлдыздарды сәйкестендіру. **(сөйлеуді дамыту) (математика негіздері)** | ардыжұппенқоюарқылыолардысанамай-ақсалыстырунегізіндетеңнемесетеңеместігінанықтайбілуін дамыту. **(көркем әдебиет) (математика негіздері)** | |
| **Серуенгедайындық** | Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсызқылықтарыүшінұяттысезінебілуге,ренжіткеніүшін құрдасынанкешірім сұрауғабаулу.<br><br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Жол қиылысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: бағдаршам туралы | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды аспанмен | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы | **Ауа температурасын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға ауаның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін бекіту; жаяу жүргіншілердің мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту; көшеде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз тамшылармыз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қос қатар құруды, кең шеңбер құруды үйрету; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Үшінші артық". **(дене шынықтыру)** | балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі). **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазарту). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету. **Өзіндік еркін ойын** | байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құмды жолға себу). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Тар жолда". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарға ұя салу). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбыңды қуып жет". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Сарбаздар" | температурасын байқауға үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ересектермен бірге ауланы сыпыру). **(еңбек дағдылары)** **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | **әрекеттері,** қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру. **(дене шынықтыру)** | | жаттығуы. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру). | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркемсөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегілер оқып беру (**көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Бесінас</td><td colspan="5">Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітап тарқарау және тағы басқаәрекеттер)</td><td>Ғарышкер мен оның командасын не істейді суреттерге қарап әңгімелету. Зымыран, ғарышкер, аспан, ай жұлдызды танып атауын ұйымдастыру.<br>Дидактикалық ойын «Сәйкесін тап»<br>(сөйлеуді дамыту)<br>Ғарыш кемесін ұлттық нақышта сәндеп көруді және ермексаздан ғарышкердің бас киімін жасап көруді ұсыну.<br>Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу.<br>Бір орталықта ермексаздан бас киім жасату<br>(мүсіндеу)<br>Екінші орталықта элементтердіңретін,оларды ңарасындағыарақашықтық тысақтауды,пішінінескереo тырып,ұлттықою-өрнектіқолданып,ғарыш кемесін безендіру</td><td>Балаларға ғарышкер болуды ұсыну. Біз алыс планеталарға ұшу үшін ғарыш кемесіне барамыз. Ғарышкерлер ұшар алдында ұзақ уақыт бойы жерде жаттығады, әртүрлі сынақтардан өтеді. Қалай шынығу керектігін айтып, балалардың ұсынысы бойынша жаттығулар жасату. Тапсырманы орындап болған соң өз қалаулары бойынша ғарыш кемесін жасап, ұшу. Ғарышкер болып ойнау.<br>(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)</td><td>Балалар бүгін космонавттар күні. Бұл күні ғарышқа алғаш Юрий Алексеевич Гагарин атты адам ұшқан. Оған батыр атағы берілген. Арнайы үлкен қорабтардан жасалған зымран ішіне кіріп ойнауын ұйымдастыру, дербес шығармашылық әрекеттеріне жағдай жасау.<br>(мүсіндеу, жапсыру)</td><td>«Менғарышкерболамын»<br>Ж.Смақов<br>Жаттауын жаттау.<br>Аспан, аспан, арайлым, Сағанжиіқараймын. Сені көзбен шоламын... Менғарышкерболамын<br>.(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)<br>Баларады орталықтарға бөлу. Композицияныққұрастырудадайынпішіндерді ңкөмегімензаттардықиюғанемесеөзбетінше ойданқиыпжапсыруға мүмкіндікберу.<br>(жапсыру)</td><td>Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу.<br>сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді,<br>Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату<br>(музыка)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(жапсыру)**<br>Ортаға жиналып көңілді ән ортындап, би билету.<br>**(музыка)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Таныс ертегілерді мазмұндап айтып беру,сахналау,ойдан әңгіме құрастыру арқылы сөздік қорын молайту.<br>Шоканова Малика | Өз бетінше табиғи материалдардан түрлі заттар дайындау,конструктордан құрылыс құрастыру.<br>Тұрсын Аңсар | Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға,ауа-райының өзгерісін орыс тілінде айтып беруге дағдыландыру.<br>Тоқтарбай Арсен | Әңгімелерді тыңдау арқылы оның мазмұнын жеткізе білуге және өлеңді жатқа айтуға үйрету. .<br>Шалқыбай Аяна | Суретті таза бояуға,мүсіндеу жұмыстарын және қайшымен дұрыс жұмыс жасауға жаттықтыру. .<br>Қазақпай Гаухар |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Таңғы серуенді қайталау** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу. | | | | |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы**«Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы»
**Топ** «Балапан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 17-21.04.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 17.04.2023 | Сейсенбі 18.04.2023 | Сәрсенбі 19.04.2023 | Бейсенбі 20.04.2023 | Жұма 21.04.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, оны жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау,<br>Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар,жаңбыр жауды,желсоқты),соғансәйкес киіну дағдысын қалыптастыру. | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | №16 таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралсыз).**<br>Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындау.Тыныс алужолдарын шынықтыру. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайырту. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке** | Таңғы жиын:<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>Қандай айлар атап беріңдерші?<br>Көктемде не жауады?<br>Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.<br>«Жер ана туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру** Нұсқаушының жоспарымен |
| | Көктемнің екінші айы сәуір екенін. «Сәуір болмай тәуір болмайды» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ, бәйшешек, наркес гүлдері туралы ақпарат беру. Топтағы гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату.<br>Балаларды екі гүлге сәйкес топтарға бөлу. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Бірінші топ гүлдерді қағаздан жасату. | Ғажайып қорапшадан қазақхалқыныңұлттықк иімдерімен,әшекейлері шығарылады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді ретімен атауға,олардызатесімде рменсептіктерде қолданабілугеүйрету **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салдыру, бояту **(сурет салу)** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын | Топтағы күн тәртібі бейнеленген тақтаға назарларын аудару. **Ойын:**Күн түн ойын ойнау<br>Қарама-қарсытәуліkбөліктерін бағдарлауды қалыптастыру:күндіз-түнде,таңертең-кешке.Жеке қима суреттер арқылы анықтату. **(математика негіздері)** «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшым ен жасату. **(музыка)** | Балалар өзіне таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру,қызығушылығыноятy. **(сөйлеуді дамыту)** Құмда сурет салу. **(сурет салу)** | **Қайырлытаң,балалар!** Арайланып таң атты,Алтын шапақ таратты,Қайырлытаң,балалар!<br>Тақпағын жаттату Затесімдердіүстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды жәнезатесімдердіжекеше,көпшетүрде қолдануды үйрету.<br>Жеке балалармен үстелде ойыншықтарды ойнату **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** **(құрастыру, жапсыру)** | өздігінен дұрысайтуғабаулу. Баланыңсөздікқорындамытуда,санамақтар,тақпақтар,жаңылтпаштарды жаттауғабаулу. **Қазақ тілі** | | | |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)** Мақсаты: **Қимыл-қозғалыс ойындары:** | **Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (кішкентай бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбек етуді өз бетінше орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс** | **Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысына деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өзіңе жұмыс тап". **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалармен осы жұмыстың мақсатын | **"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек** | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аулададағы бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Жапалақтар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты қимылдарға машықтандыру.** "Мен секілді жаса". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтерілуге ықпал ету. | **ойындары: "Ұстап ал" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жүгірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті дамыту. | талқылау, еңбекке деген құрметті қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | **тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Нысанаға жет". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшараларлардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалынынұорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілудағдыларын жетілдіру<br>Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату **(музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесінас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Балаларға ерте көктемде шығатын қызғалдақ гүлін түсіндіре отырып. Дәстүрден тыс үрлеу әдісімен түймедақ гүлін жасату.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету<br>**(музыка)** | Балаларға әдебиет орталығында «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру.<br>Ересектерменбіргеертегілерді,қарапайымкөріністердіойнауға,бірлескен ойындарғақатысуғаықпалету,ондажекерепликаларды,кейіпкерлердіңэмоционалдыобразынберуге баулу<br>**(көркем әдебиет)** | Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға дәндерді жапсырып құмыраны сәндету<br>**(мүсіндеу)**<br>Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердіңорналасуретін,олардыңарасындағықашықтықтысақтау | Балалармен бірлесе отырып итке уй жасау құрлыс бөлшектердіорналастыружәне құрастырғыштан кірпіштердіқалау, тік бағытта және көлденеңнен орналастыру тәсілдерін қолдану, іріжәнеұсаққұрылыс материалдарынан,құр | Орманға саяхаттау «Гүлдер саябағы» Құрылысматериалдарынан құрастыру ойындары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен(білезік, жүзік, балдақ,сырға,тұмар)таныстыру.Мүсіндеутәсілдерінқолданаотырып,өзінеұнағанбұйымдардымүсіндету,олардытаяқшаменбезендіруді. Жекежұмыстарынұжымдыққомпозицияларғабіріктірудағдыларынқалыптастыру. **(мүсіндеу)** | ды қалыптастыру. **(сурет салу)** «Жалқау қыз» ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)** | астыру. **(құрастыру )** Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату **(көркем әдебиет)** | Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарату, ойнап болған соң олардыжинатужәнеорнынақойғызу,құрастырубарысындақауіпсіздікережелерінсақтауды менгерту. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. **(құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалерменжекежұмыс** | Тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсіндіру арқылы тіл байлығын дамыту. Қуанышева Сара | Отбасы,отбасындағы тұрмыс,өзінің тұратын мекені туралы әңгімеге тарту арқылы тіл байлығын жетілдіру,сөздік қорын молайту. Қошқарбай Арнат | Дене жаттығуларын орындауға,спорттық жаттығуларға деген қызығушылық таныту. Сағатбек Айсұлтан | Геометриялық пішіндердің түрін тануға ажырата білуге, конструктормен трлі пішіндерді (үй) құрастыра білуге үйрету. Құрмаш Раяна | Суреттің мазмұны бойынша шағын әңгіме құрастыра білуді үйретуді жалғастыру. . Жұмағали Ерасыл |
| **Кешкі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Таңғы серуенді қайталау | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Оқып берген ертегілерді үйде қайталау. | Көктем мезгілігің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді және балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. | Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру. |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 24-28.04.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 24.04.2023 | Сейсенбі 25.04.2023 | Сәрсенбі 26.04.2023 | Бейсенбі 27.04.2023 | Жұма 28.04.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Ата –аналармен пікірлесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық».<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.<br>Балалармен жеке жұмыс.Бөлмеөсімдіктерінежәнетабиғатбұрышындағыжануарларғакүтімжасату,адамныңтабиғатқақамқорлықтанытуыныңмаңызытуралыбілімдерінқалыптастыру<br>Ауа-райыныңжағдайынанықтау(суық,жылы,ыстық),табиғатқұбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райыныңжай-күйінбелгілеу. **(қоршаған ортамен танысу).** | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 16 таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен).** Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындату.Тыныс алужолдарын шынықтыру. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу.<br>Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру.<br>«Бір шаңырақ астында» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Біліміберуұйымының кестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Балабақшадағы гүлдердің топырағын қопсытып суарып, күтіп баптау,ойыншықтар кірлеп қалғанын бақылатып оларды суарып топты жинап ретке келтіруді ұйымдастыру. Өсімдіктерге күтім жасауға баулуды жетілдіру.Топтағы гүлдерді суару. **(қоршаған ортамен танысу)** «Әтеш пен бұлбұл» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізгі ойын баларға түсіндіру. | «Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегі затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинату. Сөздікқордызаттартобынбілдіретінжалпылаушысөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды салыстыруды дамыту **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** **Қазақ тілі** Ойыншықтардың жуанжәнежіңішке түрін ажыратып олардыңтүбірсөздердіажырату,олардыкөпшетүрдеқолдануды пысықтау | Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу. **(көркем әдебиет, музыка)** Орыс халқының ұлттық орамалына қарап, суретін бояту. Суретсалукезіндеқарындашты қаттықыспай,дұрысұстауды пысықтау. **(сурет салу).** | Ғажайып қоржындағы ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қоржындағы ойыншықтарды шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасау. **(математика негіздері)** Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және | Балаларға ең алғаш қадам басыу туралы айту және тұсаукесудәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту. Видео арқылы көрсету. Тәй тәй әнін айтқызу. **(сөйлеуді дамыту)** Кеңістікбағыттарынөзінеқатыстыанықтау, оң және сол. Үстел үстінде бағыттар белгіленген карточкалармен ойын Ойнату.Олардың түсін пішінін ажыратып себетке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(көркем әдебиет)** | **(мүсіндеу)** | | қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп,композиция құрастыруды үйрету **(құрастыру)** | жинау. **(математика негіздері)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтармен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтардысындырмау) (**қоршаған ортамен танысу** | | | | |
| **Серуен** | Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақтар.<br>Әуеден күбі түсті,<br>Күбінің түбі түсті.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жөңкейді бұлттар дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарт етті.<br>(Найзағай)<br>Бақылау. Найзағайдың | Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады.<br>(Бұлт)<br>Бақылау.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен | Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Аспанда әсем белбеуді,<br>Алып белге буынсам.<br>(Кемпірқосақ)<br>Бақылау.<br>Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау. Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына | Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын.<br>(Көл)<br>Мақал-мәтел.<br>Қалған көлге бақа басшы.<br>Болжам.<br>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады. | Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Көркем сөз.<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағымды қап, балық!<br>Жұмбақ.<br>Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Тірегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды. (Балық)<br>Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек. Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»( тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру) Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу. | басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету. Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру) Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру. Еңбек. Бақшадағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру. Өз бетімен ойындар. Велосипед тебу. (дене шынықтыру) Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға | сүйіспеншілікпен қарау. Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру) Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку. Өз бетімен ойындар. Асфальтқа бормен сурет салу. Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру. | Бақылау. Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді ); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және | туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру) Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту. Еңбек. Табиғат бұрышындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (еңбек дағдылары)<br>Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу.<br>Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру. | көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу. | | шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)<br>Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.<br>Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>Өз бетімен ойындар. Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру. | жұмыс. (еңбек дағдылары)<br>Балықтарды тамақтандыру.<br>Аквариумға су құю.<br>Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау.<br>Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санамақтар және т.б. жаттату **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындату: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілукөркемсөзқолдану. Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Әртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды екі топқа бөліп ермексаздан әр балаға бір адам пішінін жасату<br>Екінші топта қағаздан әр бала адам сұлбасын адамдардың қолдарын ұстатып қосып | Халықтар достығы дегеніміз не? басқа ұлт өкілдерін қалай танимыз? Суреттер арқылы әңгімелесу.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Балаларды орталықтарға бөліп<br>Әр түрлі ұлттың халық әндерін тыңдатып, би билету.<br>**(музыка)** | Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Жиын жасату.<br>**(математика негіздері)**<br><br>«Үш аю» орыс халық ертегісін оқып беру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына | Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау;<br>**(жапсыру)**<br>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттері.<br>Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.<br>Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапсырту.<br>**(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>«Достық» туралы жаттаған әнін айтқызу **(музыка)** | **Ойын:**Пішіндерін тап Геометриялықфигуралардың(дөңгелек,шаршы,үшбұрыш)ортасына,бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алашаорамалжасауды үйрету.<br>**(жапсыру)** | сюжеттік композицияларқұру(**мүсіндеу)**<br>Конструктордан үйшік құрастыру дағдыларын қалыптастыру<br>**(құрастыру)** | бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ойыншық жасауына мүмкіндік беру.<br>**(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Кешкі ас** | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**).<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қолында еркін ұстай алады.<br>Қайрат Аяна | Дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелей алады. Болысбай Аяла | Қағаздан көлемді пішіндер жасауды,геометриялық пішіндер мен геометриялық денелер туралы түсінік қалыптастыру. | Қазақ киіз үйі оның құрылысы ішіндегі заттарды,ұлттық киімдер мен әшекейлердің аттарын ажыратып атай білуін,әскердің міндеті туралы түсініктерін дамыту.<br>Абайқызы Ләйлім | Отбасы мүшелері туралы әңгімелеу арқылы оларға өзінің қарым-қатынасын білдіре білуге үйрету.<br>Асхатұлы Нұрали |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар<br>Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру.<br>**(Құрастыру)**<br>**Қимылды ойын** | **Қимылды ойын**<br>«Шеңберге түсір»<br><br>**(Дене шынықтыру)** | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Жалауға қарай жүгір»<br>**(Дене шынықтыру)** | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Поезд»<br>**(Дене шынықтыру)** | Еркін ойындар<br>**Қимылдыойындар.**<br>Қимылдыойындарда жетекшірөлдіорында уғаүйрету,ойынереже |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жоғары лақтыр» | | | | лерінсаналытүрдесақтауғабаулу.<br>**(Дене шынықтыру)** |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.<br>Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу. | | | | |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу-білімберупроцесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 02-05.05.2023 жыл

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі 01.05.2023 | Сейсенбі 02.05.2023 | Сәрсенбі 03.05.2023 | Бейсенбі 04.05.2023 | Жұма 05.05.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды ыстық мейірімен қарсы алу. Жылы амандасумен оң көңіл күй дағдыларын жетілдіру. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Топқа лабиринт жолымен жүріп, дұрыс жолды тауып, өтуін тапсыру. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Баланың шығармашылық дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). | Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу | Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезіндебалалардыңбастамасынқолдау:бөлмеөсімдіктерінекүтімжасату,олардысуару. **(қоршаған ортамен танысу)** Балалармен жеке жұмыс**.** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекетін ұйымдастыру |
| **Таңертенгі жаттығу** | № 17 таңертеңгі жаттығуларды орындату. (**құралсыз)**<br>**Ырғақтықжаттығулар.**<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындату<br>Денебелсенділігі(таңертеңгіжаттығу,шынықтыру,спорттықжәнеқимылды ойындар) пайдасы туралы түсініктікеңейту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанғанкездеқолдыөзбетіншесабынменжуу дағдысын пысықтау.Қолорамалды пайдалана білудібекіту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері (балалардыңсүйкімдімінездерітуралы айту)<br>Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу.<br>Көктемгі көңіл күйлері қалай екенін сұрау?<br>«Достық туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Қазақ тілі маманы жоспарымен<br>Музыка<br>Саз жетекшісінің жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | | Балалармен кеше қандай мерекені тойлағандығын жайлы әнгімелесу. Олардың барлығы бір бірімен доспа? Сұрау. Топтағы ойыншықтар бір бірімен дос па? деп сұрау. Ендеше ойыншықтар тұратын достар қалашығын құрылысматериалдар | Ғажайып қоржынна түрлі жануарлардың ойыншықтарын салып шығару. Оларды сызықтың бойына тең етіп қойып жайғастыру ұйымдастыру. Әр жануардың төлдерін тапқызу,және қанша жануарлар бар екенін санау.<br>**(математика негіздері)**<br>Достарымен бірлесе отырып қасыда дайын пішіндегі | Балалармен кітап орталығында «Жаман жолдас» әңгімесін оқып беру.<br>Өз бетінше қайталап айтуын, сахналауын ұйымдастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Аюдың суретін бояту.<br>**(сурет салу)** | Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін табқызу. Ол затты тапқан балаға топтан сыңарын табқызу<br>**(көркем әдебиет)**<br>**Сергіту сәті**<br>Балаларды екі орталыққа бөлу.<br>Бір орталықта «Біз достарымызбен келетін балабақша» тақырыбында сурет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ынан,«лего»конструк торларданқұрастырай ық деп құрату **(құрастыру)** Не құрастырып жатқандары жайлы бір біріне айтып, оның қандай болатыны, ол жерде не істейтінін айтып отыруына жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту)** Достар әнін қосып сергіту сәтін жасату. **(музыка)** | жануарларды жапсырту **(жапсыру)** | | салдырту. **(сурет салу)** Екінші орталықта «Кім тапқыр» ойынын ойнату. Топтағы осы геометриялық фигураларға ұқсас заттарды көп етіп табуға ынталандыру. **(математика негіздері)** |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанғанкездеересектерге жүгінуге баулу. **(Салауаттыөмірсалтынқалыптастыру)**<br><br>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балалардыадамгершілікке,өзаракөмекберуге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | **Шыршаны қарағаймен салыстыру.** | **Бақтағы еңбек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** | **Гүл бақшасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу,** | **Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: қылқан жапырақты ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында). **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; бір-біріне көмектесуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Торғайлар", "Пойыз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды | **дамыту)** Мақсаты-міндеттер: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша тұқымын себуді көрсету. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (бақшадағы жұмыс). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақ". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға | **сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: гүл бақшасы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны дайындау тілегін тәрбиелеу гүл көшеттерін отырғызу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары. **Өзіндік еркін ойын** | **дамыту)** Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымы туралы білімдерін бекіту; мамырдағы табиғаттың өзгеруі туралы түсінік қалыптастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ескі жапырақтарды, шөптерді сыпырғышпен жинау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысын, негізгі еңбек жұмыстарын орындау қабілетін қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Тауықтар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аланда екі аяқпен секіруді үйрету, белгі бойынша иіліп, өз орнын табу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындықта жүруге, шашыраңқы жүгіруге жаттығу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (кірпіштерде) жүрудегі тепе-теңдік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері. | үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі бір бағытта жүгіру қабілетін қалыптастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру. | **әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Құстардың ұшуы". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу. | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** бір қатарға қойылған түйреуіштер арасында "жылан" сияқты жүгіру; басыңа құм салынған дорбаны көтеріп, бөренемен жүгіру.<br>Мақсат-міндеттер: олардың арасында жүгіру кезінде түйреуіштерге қол тигізбеуге үйрету; шапшаңдықты, ептілікті, тепе-теңдікті дамыту. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындату: қолды дұрыс жууды, өз орамалының орнын білуін, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , аузына тамақ толтырып сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюын қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды қалыптастыру. Өз төсек орнын тауып жату дағдысын бекіту. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу барысында балаларға достық туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қойып тыңдап тынығуына жағдай жасау**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүргізу.<br>Тыныс алужолдарын жаттығулар жасатып, шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киінуді,түймелерін қадауды, сырмаларын сыруды, аяқ киімдерін дұрыс киюді пысықтау . Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жууды, құрғатып сүртуді, сүлгіні өз орнына іліп қоюды жетілдіріп бекіту**(Мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | | Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. ермексаздан топтағы ойыншықтардың мүсіндерін жасауды ұсыну. (доп, шар және т.б)<br>**(мүсіндеу)**<br>Қағаздан үйшік жасау. Дайындалған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетінеорналастыруды жәнежапсыруарқылы ұжымдыққкомпозиция құрастыруғабаулу. | Кітап орталығында «Үш торай» ертегісін оқып беру. Естеріне түсіру.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Ермексаздан достардың ойыншықтарын жасату.<br>**мүсіндеу)**<br>Екінші орталықта гүлдердің пішінін құрастыруға ынталандыру.<br>**(құрастыру)** | Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. Ермексазды алақанда есу дағдыларын жетілдіру.<br>**(мүсіндеу)**<br>Жапсырудатабиғиматериалдардыжәнеқағаздытүрлендіруәдістерін(жырту, умаждау,бүктеу,қатпарлау) қолдануды | Ұнатып айтатын әндерін, билейтін билерін қайталатып пысықтау.<br>**(музыка)**<br>Балабақша ғимаратын құрастырғызу. Ойнапболғаннанкейінбөлшектердіжинауға,қауіпсіздіктехникасыережелерінсақтауға,ұқыптылыққа баулу.<br>**(құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **жапсыру)**<br>Жасаған заттарын ортадағы үстел үстіне қою.<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратынды ғытуралытүсінікбер у,заттардыжұппенқо юарқылыолардысан амай-ақсалыстырунегізінд е теңнемесетең еместігінанықтайбіл уін дамыту.<br>**(математика негіздері)** | | дамыту.<br>**(жапсыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруға үйрету.<br>Асылхан Нұрали | Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі),тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсіндіру.<br>Аюпов Абдукарим | Өз бетінше сурет салуға,түрлі пішіндегі заттарды мүсіндеуге,қайшыны дұрыс ұстап,пайдалана білуге ынталандыру.<br>Ақболат Амина | Бағдаршамның белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Бақтыбай Алинұр |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу.<br>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтарды алып шығу.(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). |
| **Серуен** | Таңғы серуенді қайталау |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларға «Достық» туралы әңгімелесуді ұсыну. Қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** _«Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 10-12.05.2023 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 08.05.2023** | **Сейсенбі 09.05.2023** | **Сәрсенбі 10.05.2023** | **Бейсенбі 11.05.2023** | **Жұма 12.05.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**<br>Балабақшаға дүкеннен зат алып келмеу керектігін түсіндіру.<br>Адамныңденсаулығынапайдалы(көгөністер,жемістер,сүтөнімдері)және зияндытағамдар(тәттілер,бәліштер,тәттігаздалғансусындар)туралыбастапқы түсініктерді қалыптастыру. | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың мінезі құлқындағы өзгерістер туралы анықтамалық ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | | | Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту. | Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. | Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезіндебалалардыңбастамасынқолдау: бөлмеөсімдіктерінекүтімжасату,олардысуару. **Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 17 таңертеңгі жаттығуларды орындату.<br>Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкасүйемелдеуімен орындату **(құралмен)** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнау дағдысын дамыту.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балаларға бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтқызу.<br>Қазақ батырлары туралы не білетінін сұрау? Олар туралы не білгісі келетінін анықтау.<br>Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | | | Балалар демалыс күндері біз қандай мереке тойланғаны жайлы сұрау. Батырлар мен әскерлердің суретін көрсету. Балалардыәңгімеайтуға үйрету: Отанқорғаушылар,ҚазақстанРеспубликасыны ңәскерітуралыұғымдарын кеңейту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Топта ойыншық әскерлерді қатарға тізіп қою санату.. Сызық бойына тізіп достарымен тең ету. Карточкалармен | Қыздар сарбаз бола ала ма?, деп әнгәме бастау Мәншүк Мәметова, Алия Молдагулова, Хиуаз Доспанова және т.б фото суреттерін көрсетіп. Олар туралы айтып беру. **(көркем әдебиет)**<br><br>Топтағы қуыршақтарды сарбаз секілді қатарға тұрғызу, санату. Оңға солға бұрып, команда орындату **(математика негіздері)**<br><br>Сарбаздар туралы мультфильм көрсету,балалардың пікірін тыңдау. | Кітаптардан Қазақстан республикасының әскерді туралы суреттер көрсетіп ақпарат беру. «Сарбаз» тақпағын айту, «Сарбаз» әнін қайталап айтқызу. Дауысты(а,ә,е,о,ұ)жәнекейбірдауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту **(сөйлеуді дамыту, музыка)**<br>«Ғажайып сандық» дидактикалық ойын. Сандықтан әр түрлі заттар шығартып, сипаттаудасынесімдерді қолданып,салыстырунәтижелерінатауды(ұзындау-қысқалау,кеңдеу- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жұмыс. Сәйкестендіру ойынын ойнату **(математика негіздері)** | «Ән сал, сарбаз!» алдын жаттаған әнін дауыстап және төмен дауыспен айтуды ұйымдастыру **(музыка)** | тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқанемесеұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығыбойыншатең) дамыту. Карточкалармен жұмысжасату. **(математика негіздері)** |
| **Серуенгедайындық** | Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсызқылықтарыүшінұяттысезінебілуге,ренжіткеніүшін құрдасынанкешірім сұрауғабаулу.<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай? | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.<br>- Балалар, қазір күн шығып тұр ма? Неге? Иә, бұл жаңбырлы күн. "Түн қалдырмай қуып өтті".<br>Түн қалдырмай қуып | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қолға алса, домалатса<br>Болады құм<br>бауырсақтай.<br>Еңбекке баулу<br>тапсырмалары:<br>балаларды құмның<br>бетін ағаштан түсіп<br>қалған ұсақ<br>қоқыстардан тазалауға<br>шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің<br>үлгісіне еріп,<br>қарапайым еңбек<br>әрекеттерін жасауға<br>машықтандыру;<br>топтастырымен бірге<br>әрекет етуге баулу;<br>тазалық әдетін дамыту.<br>"Босқа біз тұрмайық"<br>қимылды жаттығуы.<br>(дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың бір сапқа<br>тізіліп, бірінің соңынан<br>бірі (бір-біріне<br>соғылмай) жүру<br>дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп, | өтті,<br>Нөсер көкті жуып өтті.<br>Жалғыз ғана көгенге<br>ұқсап<br>Қала берді кемпірқосақ.<br>Қ. Мырзалиев.<br>Еңбекке баулу<br>тапсырмалары:<br>балаларды ағаштан<br>түсіп қалған ұсақ,<br>құрғақ бұтақтарды<br>жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қарапайым<br>еңбек әрекеттерін<br>жасауға машықтандыру;<br>тазалықты сақтауға<br>деген қызығушылықты<br>арттыру;<br>еңбексүйгіштікке<br>тәрбиелеу.<br>"Күн мен жаңбыр"<br>қимылды ойыны. (дене<br>шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың "күн" және<br>"жаңбыр" сигналды<br>сөздері арқылы<br>қимылдай білу<br>қабілеттерін дамыту.<br>- Күн шықты – балалар<br>ойнады.<br>- Күн тығылды – | жүреді.<br>"Құмырсқалар".<br>Құмырсқалар,<br>Құмырсқалар,<br>Жұмыспенен күн<br>қысқарар.<br>Тыным жоқ-ау<br>Өздерінде,<br>Қызып алған<br>Кездерінде<br>Тасисыңдар көрінгенді,<br>Білмейсіңдер<br>Ерінгенді.<br>Қ. Мырзалиев<br>Еңбекке баулу<br>тапсырмалары:<br>балаларды учаскедегі<br>орындықтарды<br>қылшақтар арқылы<br>құмнан тазалауға<br>шақыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің<br>үлгісіне еріп, қарапайым<br>еңбек әрекеттерін<br>жасауға машықтандыру;<br>топтастырымен бірге<br>әрекет етуге, тазалыққа<br>баулу; жағымды<br>эмоцияларды дамыту.<br>"Құмырсқалар"<br>қимылды жаттығуы.<br>(дене шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова<br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу,ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | жаңбыр жауды.<br>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.<br>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік,ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілубарысында көркемсөзқолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**<br>Тамақтанутәртібінсақтаудыңжәнекөгөністерменжемістердің,дәрумендердіңадамағзасына пайдасытуралы айтып беру.<br>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар  таңдаған ертегіні  оқып беру (**көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруд ұйымдастыруі.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуін жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.<br>Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды  шаштарын тарауға және жинауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық  дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдենетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | | | **Сарбаз**<br>Қорғаған орман, тауын, көлін<br>Қатардағыолжауынгер.<br>Шайқасар жаумен бетпе-бет<br>Олдағы өшпесжалындыер.<br>Балалардытақпақтармен шағынөлеңдердіжатқаай туғаүйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>шығармашылық орталықта  дербес шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру. Балалар қалаулары бойынша сарбаздардың суретін | «Сарбаз» тақпағын жаттау.Сөйлеуде дауыс қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Балaрады орталықтарға бөлу.<br>Дайынпішіндердіңкөмегімензаттардықиюғанемесеөзбетінше ойданқиып алып композицияныққұрастырып жапсыруғамүмкіндікберу. Еркін тақырыпта жұмыс. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, | Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау.<br>Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу.<br>**сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді,**<br><br>Ұнататын  әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату **(музыка)** |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>бояп, олардың қаруларын ермексаздан жасап, жеңіс туралы композиция жапсырады (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</td><td>ұқыптыболуғабаулу.<br>(жапсыру)<br>(сурет салу)</td><td></td></tr>
<tr><td>Балалрменжекежұмыс</td><td></td><td></td><td>Кеңістікті,уақытты бағдарлай білуге,жануарлардың аттарын атай білуге ынталандыру.<br>Малік Аяулым</td><td>Геометриялық пішіндерді атауға, ажыратуға, конструктормен құрастыра білуге үйрету, жаттықтыру.<br>Рахатұлы Алихан</td><td>Түрлі тапсырмаларды орындауға,жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру.<br>Сейполда Ислам</td></tr>
<tr><td>Кешкі ас</td><td colspan="5">Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет).</td></tr>
<tr><td>Серуенгедайындық</td><td colspan="5">Реттілік сақтап киімдерін дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td colspan="5">Таңғы серуенді қайталау</td></tr>
<tr><td>Балалардыңүйгеқайтуы</td><td colspan="5">Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.<br>Ата- анарға отбасында сарбаздар, батырлар туралы әңгімелесуді ұсыну.</td></tr>
</table>

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Ақтиін» бөбекжай-балабақшасы
**Топ** «Боақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 15-19.05.2023 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 15.05.2023** | **Сейсенбі 16.05.2023** | **Сәрсенбі 17.05.2023** | **Бейсенбі 18.05.2023** | **Жұма 19.05.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандарының кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды,желсоқты),оғансәйкес киіну дағдысын қалыптастыру. | Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) **Балалармен жеке жұмыс.** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. әлеуметтік жәнеэмоционалдызиятты тәрбиелеу:балалардыңназарынадамныңжекеқасиеттеріне(мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс | Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың, құстардың суреттерін қарату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бағалау тәжірибесін қалыптастыруды пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | № 18таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралсыз).**<br>Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындату.Тыныс алужолдарын шынықтыру. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Жыл мезгілі жайлы сұрақтарға жауап алу<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>Қандай айлар атап беріңдерші?<br>Көктемде не жауады? Келесі жыл мезгілі қандай?<br>Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.<br>«Гүлдер туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Көктемнің үшінші айы мамырда табиғаттағы | Ғажайып қорапшадан су құйғыш, күрек, шелек шығадыБұл | Адасып келген Көктем ханшайымымен танысу Ол. балаларға себетке гүл | Топтағы гүлдерге күтім жасату, олардағы | Алтын сандықтың ішінен әр түрлі ертегі кейіпкерлерінің киімі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзгерістерді таныстыру. Қызғалдақ сирень және т.б гүлдері туралы ақпарат беру. Гүлдерді атату, сипаттату. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялықапп араттыдамыту **(сөйлеуді дамыту)** Екі түрлі гүлдерге сәйкес балаларды топтарға бөлу. Бірінші орталықта гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату Екінші орталықта балаларға гүлдер бағын құрастырту. **(құрастыру, қоршаған ортамен танысу)** | заттармен не істейміз деп сұрау? Сөйлеуқарқынынөзге ртуқабілетіндамыту:б аяусөйлеуді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** Заттарды геометриялық пішіндерден жасату. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды пысықтау, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. **(математика негіздері)** **Қазақ тілі** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасау: сәлемдесуде,өтінішін ,ырзашылығынбілдір удесыпайысөйлеуәде | теріп жүріп адасып қалғанын айтады. Балаларға өз үйіне қайтуға көмектесуін сұрайды. Балалар екі орталыққа бөлінеді. Бірінші орталықта ұлдар плакатқа гүлдердің суретін салса, екінші орталықта қыздар себеттегі гүлдерді қарап, танып атап, олар туралы не білетінін айтады. Көктем ханшаймына қағаздан гүл жасап ұсынады. Ал ол балаларға өз гүлдерін сыйлайды. **(математика негіздері, құрастыру, сурет салу)** Сосын барлығының көңіл көтеріп «Аппақ гүлдер» әнін айтып, би қимылдарын жасап көңіл көтеруін ұйымдастыру **(музыка)** | өзгерістерді байқату. Гүлдерге қарап сурет салуды немесе ермексаздан мүсінін жасауды ұсыну. **(мүсіндеу, сурет салу)** «Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларға өз бетінше ертегі мазмұнын айтуды дағдыландыру. **(көркем әдебиет)** | шығару. Балалардың қалаулары бойынша киім таңдап алып, қойылымдардысахна лату дағдысын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** «Қызыл раушан» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. көңіл көтерулеріне жағдай жасау **(музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бінсақтауға,құрдастарынесімiментолық,дұрысатауғабаулу. **(қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Серуенгедайындық** | серуенде(отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақзаттарменойындардақауіпсізәрекететудағдыларынқалыптастыру(олардыауызғаалмау,құмдышашпау,ұсақзаттардықұлаққа,мұрынғатықпау). **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.<br>*"Туған елдің көктемі".*<br>Маржан жаңбыр<br>Жауды да бір<br>Кемпірқосақ керілді.<br>Жарқ етті де, аунады қыр,<br>Ырзық дәні себілді.<br>Ш. Мәмбетов | **Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар?<br>*"Күлімдеген* | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай. | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.<br>- Балалар, қазір күн шығып тұр ма?<br>Неге? Иә, бұл | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша.<br>Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос | *дөңгелектер".*<br>- Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, | Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық,<br>Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова<br>"Шеңберге дәлде" ойын | жаңбырлы күн.<br>"Түн қалдырмай қуып өтті".<br>Түн қалдырмай қуып өтті,<br>Нөсер көкті жуып өтті.<br>Жалғыз ғана көгенге ұқсап<br>Қала берді кемпірқосақ.<br>Қ. Мырзалиев.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. | жүреді.<br>"Құмырсқалар".<br>Құмырсқалар,<br>Құмырсқалар,<br>Жұмыспенен күн қысқарар.<br>Тыным жоқ-ау<br>Өздеріңде,<br>Қызып алған<br>Кездеріңде<br>Тасисыңдар көрінгенді,<br>Білмейсіңдер<br>Ерінгенді.<br>Қ. Мырзалиев<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқпен секіруге жаттықтыру. | жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, | жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздері арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | дамыту.<br>"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.<br>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі.<br>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілудағдыларын жетілдіру.<br>Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату **(музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Шынықтырудың барлық түрлерін, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: Дербестіктіқалыптастыру:киіну,жуыну,тісінтазалау<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға,жинауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексаздан қызғалдақ жасату.<br>Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету<br>**(музыка)** | Балаларға «әдебиет» орталығында «Торғай мен көбелек» ертегісін оқып беру.<br>**(көркем әдебиет)**<br>«Гүлдер бағы» тақырыбында қарапайымкомпозицияларды жасап мүсіндеугеқызығушылығынарттыру. Бірнешебөліктердіқосу,қысу,біріктіруарқылыөсімдіктердімүсіндеудағдыларынқалыптастыру.<br>**(мүсіндеу)** | Көктем аруының себетін жасауды ұсыну.<br>Кесектердіалақандарын ыңғарасындадомалату,есу,жаютәсілдеріарқылым үсіндету.<br>**(мүсіндеу)**<br>Балалардың ұнататын ертегісін сахналату.<br>**(көркем әдебиет)** | Гүлдерді адамдар басып кетпес үшін, оларға қоршау жасату<br>**(құрастыру )**<br>Лэпбукке гүлдер жапсырту.<br>**(жапсыру)** | «Гүлдер саябағы» тақырыбында құрылысматериалдарынан құрастыру ойындарын ойнату. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң олардыжинаужәнеорнынақою,құрастырубарысындақауіпсіздікережелерінсақтауды пысықтау.<br>**(құрастыру)**<br>Ағаштағы гүлдерді мүсіндету. Бірнешебөліктерден заттардымүсіндету,оларды орналастыру,пропорциялардысақтау,бөліктерді біріктіру әдістерін қолдануды дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(мүсіндеу)** |
| **Балаларменжекежұмыс** | Геометриялық пішіндер,теңдік және теңсіздік ұғымдарын одан әрі жетілдіру.<br>Шоканова Малика | Сан есімдерді ретімен атауға,оларды зат есімдермен жекеше және көпше түрде байланыстыра білуге,дауыс күшін өзгертіп,түрлі интонацияда дыбыстауға үйретуді жалғастыру.<br>Тұрсын Аңсар | Үлгі бойынша пішінін,пропорциясын ескере отырып сурет салуға,суретті мұқият бояуға жаттықтыру. .<br>Тоқтарбай Арсен | Әңгімелерді тыңдау арқылы оның мазмұнын жеткізе білуге және өлеңді жатқа айтуға үйрету.<br>Шалқыбай Аяна | Заттарды түсі, өлшемі бойынша ажыратуға, орындауға, айтуға конструктормен бөлшектерді құрастыруға , ауа-райын ажыратуға үйрету.<br>Қазақпай Гаухар |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Қимылды ойын** «Поезд»<br>Құмда гүлдердің суретін салу.<br>**(сурет салу)** | Еркін ойындар<br>Лэпбута гүлдер бағына әр бетіне сәйкесінше жапсырту<br>**(жапсыру)** | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Шымшықтар мен мысық» | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Мекен мен балапандар» | Еркін ойындар<br>Лэпбукке көктем белгілерін танып жапсырту.<br>**(жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қимылды ойын** «Кішкентай маймылдар | | | **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан» |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Оқып берген ертегілерді үйде қайталау.<br>Гүлдер туралы әңгімелесуді ұсыну. | | | | |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Актиін» бөбекжай-балабақшасы
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 22-26.05.2023 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 22.05.2023** | **Сейсенбі 23.05.2023** | **Сәрсенбі 24.05.2023** | **Бейсенбі 25.05.2023** | **Жұма 26.05.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды,желсоқты),соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру. | Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді тамашалап, оларға күтім жасату (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) **Балармен жеке жұмыс.** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. Жұмбақшешкізу,жаңылтпаш,санамақайтқызу,сөздікқорларынжаңа сөздермен байыту. **(сөйлеуді дамыту)** | Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың, құстардың суреттерін қарату. |
| **Таңертенгіжаттығу** | №18 таңертеңгі жаттығуларды орындату (**құралмен)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынорындау.Тыныс алужолдарын шынықтыру. | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» беруге баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын:<br>«Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтқызу.<br>Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.<br>Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру Нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** |
| | Балалардан бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау. Сүйікті ойыншығы мен ойыны туралы сұрау. Ол ойыншықты не үшін жақсы көретіндерін айтқызу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топтағылар «ойын» орталықта ойыншықтарды жуып күтім жасату, ал | Ғажайып қорапшадан құмда ойнайтын ойын құралдарын шығару. Балаларға оларды атату, содан соң санату салыстырғызу. Қандай қызмет атқаратынын айтып беруді үйрету. Сөздердіжіктелуіне,септелуінеқарайбайланыстырып сөйлеуді жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Дидактикалық ойын «Бұл не зат?» суреттің төрттен бір бөлігін танып не зат екенін тауып атату. Оны топтан тауып келуін қйымдастыру<br>Онымен не істейтінін әңгімелету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>«Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату көңіл көтеріп | Топтағы гүлдерге күтім жасату. Олардағы өзгерістерді байқату. Гүлдерге қарап сурет салуды немесе ермексаздан мүсінін жасауды ұсыну.<br>**(мүсіндеу, сурет салу)**<br>«Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларды өз бетінше саханалауға талпындыру.<br>**(көркем әдебиет)** | Ойыншықтарды үстелдің үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Көңіл көтеріп. «Бақытты балалар» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату.<br>**(музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екінші «өнер»орталықта қағаздан кеме құрастырғызу. Сосын балалардың орталықтармен ауысуына жағдай жасау. **(құрастыру, қоршаған ортамен танысу)** | Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша қорапшадан шығарылған заттарды салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша айырмашылығын табуға машықтандыру **(математика негіздері)** **Қазақ тілі** Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатынтуыстыққатынасқабайланыстысөздерді(«бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас»),тұрмыстықзаттардың,жемістердің,жануарлардың,төрттүліктіңатауларынайтужәнетүсінудағдыларынпысықтау | сезімдерін танытуға жетелеу. **(музыка)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы | **Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.<br>*"Жауын"*<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.<br>- Дымқыл құм<br>сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың<br>қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>-<br>Болады құм<br>бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға | **Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар?<br>*"Күлімдеген дөңгелектер".*<br>- Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова | **Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>- Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.<br>"Құмырсқалар".<br>Құмырсқалар,<br>Құмырсқалар,<br>Жұмыспенен күн<br>қысқарар.<br>Тыным жоқ-ау<br>Өздерінде,<br>Қызып алған<br>Кездерінде<br>Тасисыңдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер қиықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, | тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; | шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту.<br>- Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік.<br>Құм қапшығын алайық,<br>Алысқа лақтырайық. | **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге | көрінгенді,<br>Білмейсіңдер<br>Ерінгенді.<br>Қ. Мырзалиев<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар,<br>Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | арақашықты сақтауға баулу. | **"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар.<br>Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі. | өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. | |
| **Серуенненоралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілудағдыларын жетілдіру.<br>Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.<br>Әрбіртамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату **(музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларынжүргізу: Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағалауға үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқа рау және тағы басқаәрекеттер)** | Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексаздан «кеме» жасату. Балаларға ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету **(музыка)** | Балаларға «Әдебиет» орталығында ұнатқан кітаптарынан ертегі суреттерін тамашалатып, таңдаған ертегіні оқып беру. Сөздермен қарапайымсөзтіркест ерінқайталапайтуғам үмкіндікберу. **(көркем әдебиет)** Ермек саздан құм салатын шелектер жасату. **(мүсіндеу)** | Күн бейнесін мүсіндеу Жекежұмыстарынұжы мдыққомпозицияларға біріктірудағдыларынқа лыптастыру. **(мүсіндеу)** Балалар ұнатып, таңдаған ертегісін сахналату. **(көркем әдебиет)** | Лего ойыншықтары арқылы «Достар қалашығын» ұжымдасып құрастыруға жұмылдырып орындату **(құрастыру )** Лэпбук арқылы балалардың дербес шығармашылық жұмысын орындауға жағдай жасау **(жапсыру)** | Табиғи қалдық материалдармен балалардың дербес шығармашылық әрекеттері. **(құрастыру)** Ағаштағы гүлдерді мүсіндеу. Дайын ағашқа гүл күлтешелерін ермексаздан жасап, біріктіруді бекіту. **(мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Түрлі пішінде көлемді заттардың суретін сала білуге және мүсіндеуге,қайшымен дұрыс жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. Қуанышева Сара | Геометриялық піш-ді атап айтуға, көлемін ажыратуға, конст-ден түрлі бөл-ді құрастыруға, топтастыруға, жем-ң сыртқы түрі, дәмі бойынша атауға үйрету. Қошқарбай Арнат | Көкөніс пен жемістердің суретін өз бетінше салып,таза бояуға жаттықтыру. Сағатбек Айсұлтан | Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын және қағаздан көлемді пішіндер жасай білуін үйретуді жалғастыру. Құрмаш Раяна | Геометриялық пішіндерді атай білуге, ажырата алуға (шаршы, үшбұрыш) үйрету. Жұмағали Ерасыл |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). |
| **Серуен** | Таңғы серуенді қайталау |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Оқып берген ертегілерді үйде қайталау. Бейбітшілік туралы әңгімелесуді ұсыну. |

**Тексерген әдіскер Г.Токтагулова**

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «Актиін» бөбекжай-балабақшасы
**Топ** «Ботақан» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 29.05.23-31.05.23 жыл

| **Күнтәртібініңкезеңдері** | **Дүйсенбі 29.05.2023** | **Сейсенбі 30.05.2023** | **Сәрсенбі 31.05.2023** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасыкелетінжұмыстыорындаукезіндебалалардыңбастамасын қолдау:бөлмеөсімдіктерінекүтімжасату,оларды суару. **Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)** | Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Пазлдармен үстел үсті ойындарын ойынату. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуғабаулу. **(қазақ тілі)** | Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды карату кезінде. сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйретуді жетілдіру **(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | № 18 таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеуарқылыорындату **(құралмен)** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады. «Жазбен көктем мезгілі» туралы не білетіндерін сұрау. Олар туралы не білгісі келетінін анықтау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | **Музыка Саз жетекшісінің жоспарымен Қазақ тілі маманы жоспарымен** | **Денешынықтыру нұсқаушының жоспарымен** | | |
| | Көктем мен жаздың айырмашылығын қалай білуге болатыны жайлы әңгімелету. Жайдары жаз әңгімесін оқып беру. Оқылғаншығармадан еңқызықты,мәнерліүзінділердіқайталату **(көркем әдебиет)** Көктем мен жаз туралы суреттерді қарату. ерекшеліктерін танып,атауын үйрету. **(қоршаған ортамен танысу)** Балаларды екі орталыққа бөліп, бірінші «Ашық алаң» орталығында жазғы ойын алаңын құрастыруды орындауды, екінші «өнер»орталығында | «Кітап» орталығында жаз мезігілінің суреттері бар кітапты қарап шығуна жағдай жасау. *Ә.Ахметов* Тақпағын жаттату **Жазеді** Өзен жай ағады, Жағасы балауса.Көбелекқағады, Қанатынжалауша. **(көркем әдебиет)** «Өнер» орталығында екі шағын топқа бөлу Бірінші топ балаларына көбелектің суретін бояту **(сурет салу)** Ал екінші топтағыларға көбелекті мүсіндету **(Мүсіндеу)** **Қазақ тілі** Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға | Су жағасында шомылып жатқан балалардың суреттерін көрсету. Балалардың сурет бойынша әңгіме жүргізуін дамыту. Затесімдердіжекеше,көпшетүрде,етістіктердікелержәнеөткеншақтақолдануды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Суға қай кезде түсуге болады. Күн тәртібінде көрсетілген кестемен жұмыс жасату. Қарама-қарсытәулікбөліктерін бағдарлауын дамыту:күндіз-түнде,таңертең-кешке **(математика негіздері)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жайдары жаздың суретін салғызу **(құрастыру және сурет салу)** | (зат есім және сынесім,затесім және етістік) үйрету<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдыменсұрақтарғажауапберуге,кейінненөздігінен қайталапайтуғабаулу. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсызқылықтарыүшінұяттысезінебілуге,ренжіткеніүшін құрдасынанкешірім сұрауғабаулу.<br>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>- Балалар-ау, | **Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; | **Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан- | жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.<br>Көбелектер, жәндіктер<br>Ұшып қонды гүлдерге,<br>Нәрін татып, нәзіктер<br>Бау-бақшаға келуде.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға | жасату.<br>- Дымқыл құм сазбалшықтай.<br>Қолға алмайсың қалай?<br>Қолға алса, домалатса<br>Болады құм бауырсақтай.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.<br>- Босқа біз тұрмайық, | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер қиықтарын шашып, жайып қою мүмкін.<br>- Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, Ұшасыңдар!<br>Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар!<br>**"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. | Құлыншақ болайық,<br>Аяқтармен соқ-соқ.<br>Секіреміз тоқ-тоқ.<br>Оң жаққа қолды сермеп,<br>Сол жаққа қолды сермеп.<br>Аяқты көтереміз,<br>Сап түзеп жүреміз.<br>Д. Ахметова<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыларып пысықтау. Асықпай бір-бірін итермей жүруді қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскіас** | Түскіасалдындагигеналықшаралардыорындау: қолдыдұрысжуу, өзорамалыныңорнынбілу, қолдыдұрыссүрту, орамалдыілубарысында көркемсөзқолдану.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Ас қайырып бата беруді дамыту. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегіні оқып беру (**көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшінтүрліжолдармен жалаңаяқжүруді.<br>Тыныс алужолдарын шынықтыруды дамыту **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.<br>Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, жинауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)** | «Әдебиет» орталығында «Гүлдер таласы» ертегісін сахналауды жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>«Өнер» орталығында балаларды екі шағын топқа бөлу.Бірінші топ балаларына гүлдерді ермексаздан жасату. | Кітаптан ертегілер оқып беру.<br>Кейіпкерлердісипаттауғ шіндауысырғағыныңмә нерліқарапайымтәсілдер ін қолдануды, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру,қызығушы лығынояту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Жазеді»** Ә.Ахметов Жаттауын жаттату.<br>Өзен жай ағады,<br>Жағасы балауса.Көбелекқағады,<br>Қанатынжалауша.<br>**(көркем әдебиет)**<br>«Өнер» орталығында балаларға шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мүсіндеу)**<br>Екінші топ балаларына ұлттықою-өрнек элементтерінің ретін,олардың арасындағы арақашықтықты сақтау мен пішінінескере қолданып,кілемшені безендіру дағдысын дамыту<br>**(жапсыру)**<br>Ортаға «Ашық алаңға»жиналып көңілді ән орындатып би билету.<br>**(музыка)** | | **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әскердің міндеті туралы түсінігін,өлі табиғат обьектілерін ажыратып атаай білуін дамыту.<br>Асхатұлы Нұрали | Бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салуды үйрету.<br>Асылхан Нұрали | Дөңгелек, ұзын пішінді сыртына шығармай бояй алады, ермексазбен өздік жұмыс жасай алады,шаршының суретін қағаз бетіне жабыстыра алады.<br>Аюпов Абдукарим | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына  көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). |
| **Серуен** | Таңғы серуенді қайталау |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат,  әңгімелесу. |

Тексерген әдіскер Г.Токтагулова